

Баянғали Әлімжанов



ШЫФАРМАЛАРЫ

I том

**Шексіз ғалам,
мен сенің бір бөлшегің...**

Өлең-жырлар мен поэмалар

FOLIANT
БАСПАСЫ

Астана-2015

ӘОЖ 821.512.122

КБЖ 84 (5 Қаз)-5

Ә 55

*Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі
«Әдебиеттің әлеуметтік маңызды түрлерін басып шыгару»
багдарламасы бойынша жарық көрді*

Ә 55 Әлімжанов Б.

Шығармалары. Өлең-жырлар мен поэмалар. – Астана:
Фолиант, 2015.

ISBN 978-601-302-125-6

Т.1. Шексіз галам, мен сенің бір болшегің... – 320 б.

ISBN 978-601-302-126-3

Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Қыргызстанның А. Малдыбаев атындағы Халықаралық сыйлығының лауреаты, айтулы ақын, шебер прозашы әрі дарынды драматург Баянғали Әлімжановтың бұл кітабына поэзиялық туындылары – әр жылдары жазылған таңдаулы лирикалық өлеңдері, толғаулары мен эпикалық жырлары және поэмалары топтастырылды.

Сөз зергерінің өміршеші өлеңдері мен поэмалары оқырманнның жан сарайын жадыратып, туған елдің бар ажар-көркі шапақ атқан жазира жайлалауға тап болғандай күй кештіреді. Жинақ қанатты қазақ әдебиетінің қазынасын толықтыра түсепті сөзсіз.

ӘОЖ 821.512.122

КБЖ 84 (5 Қаз)-5

ISBN 978-601-302-126-3 (Т.1)

ISBN 978-601-302-125-6 (жалпы)

© Әлімжанов Б., 2015

© «Фолиант» баспасы, 2015

ӨЛЕҢДЕР

БАЛА КҮНГІ ЖҰЛДЫЗДАР

Шексіздіктің біледі кім мөлшерін...
Киялдадым...
Жер, көкті,
Күнді өлшедім.
Жете алмадым тұбіне
Бар сезгенім –
Шексіз ғалам...
Мен сенің бір бөлшегің!

Ой азабын арқалап сенделіп тым
Кетпесем де,
Көп сырды желден үқтый.
Шырылдайды шыбын жан шырқау іздең
Шырмауынан шыға алмай пенделіктің.

Пендершілік...
Дүние-ай,
Пәни жалған,
Дәурен – ғұмыр...
Осы ма нағыз арман?!
Менің жаным мәңгілік мән іздейді
Галактика,
Фарыштан,
Жұлдыздардан.

Құштар болдым жүлдыша
Бала кезден,
Жылқы бағып кезекпен, дала кезген.
Жүлдышдар мен жанымның арасында
Бір жақындық барлығын қалай сезгем?!

Айсыз түн
Айдалада
Үйқы қашқан,
Пысқырады жылқылар жусап жатқан...
Естен тана үздігіп Құс жолына,
Ұшып кеткім келетін жүлдыш жаққа.

Мөлт-мөлт еткен жүлдышдар
Көп, көп еді,
Жерге тамып кетердей көркем еді.
Суырып алардай боп өзегімді
Шақыратын жан қоймай көкке мені...

Таң атарда қоштасып, қимайтынмын,
Өлденеге ішімнен жылайтынмын,
Сыйса деуші ем
Бар ғалам жүргегіме
Сыя қоймай ол мені қинайтуғын!

Жарты ғасыр өтіпті,
Өмір легі...
Бір тынбайды қаланың дүңгірлегі,
Тынысынды тарылтып түнгі лебі,
Жүлдышдар да қазіргі өзгешелеу
Өлде өзгерген мен бе екем,
Кім біледі?!

Бүгінгінің балдары біздей ме екен,
Көктің сырын сезе ме,
Сезбей ме екен...
Мениң таза, мөп-мөлдір жүлдышдарым
Бала досын даладан іздей ме екен?!

ЖЕР-АНА, ЖОЛДАН АЙНЫМА!

Тұңғызық көкке
Қараймын неге телміріп,
Мұңайып жаным,
Мұжіліп іштей егіліп,
Мұхитты кешкен
Қайықтай жалғыз қалтылдаپ
Қиялдаپ барып,
Не сезіп қайттың, не біліп?

Құпия, ғайып,
Зілмауыр ой мен сыр бүгіп,
Үн-түнсіз езген,
Көңілге құптең жұз күдік,
Фарышқа шексіз,
Мәңгілік жалғыз саудадың
Жауабын іздең,
Үңілем неге үздігіп!?

Ғасырдан ғасыр...
Қас қағым сәттей зырлауық,
Жылауық уақыт,
Уайымың қандай шырмауық,
Шуылдаң кетті
Шалығы барлар неліктен,
Жер-Ана саған,
Төнді ме шындаң бір қауіп?!

Жер-Ана,
Бізді
Көтеріп ұшып, айналып
Кезесің көкті
Кіндігің Күнгө байланып...
Ақырзаманның
Зауалы келіп қалды ма?!

Адамзат отыр
Амалы құрып ойланып.

Не болар екен
Құрдымға кетсе құлап жер,
Тыйылар ма екен
Жарылыс, жанжал құлақ жер?
Ұрыса бермей
Ұғатын кезің болды ғой
Біздерде бары –
Бір ғана Құдай,
Бір ғана Адам,
Бір-ақ Жер!

Жер-Ана, жүдеп,
Жұқарып жүйкең тозды ма,
Тұрлаусыз уақыт
Айналымыңдан озды ма?
Опырып, өртеп,
Киратып,
Жойып,
Жалмаған,
Жындылар енді
Сенің де көрің қазды ма?

Тұбіңе сенің
Қалайша жетпек мұндай құл,
Төбеден бағып
Рахымы шексіз құдай тұр.
Қайырын тілеп
Қандай да болсын қайранның
Алладан бүйрық
Келгенше, жерім,
Шыдай тұр!

Мейірбан едің...
Бауырыңа тарттың Айды да,
Батыра көрме
Баланы сәби қайғыға.
Рахманни нұрдан
Жаралып едің, Жер-Ана,

Кеше гөр бізді,
Кешір де жолдан айныма!

ШҮКІРЛІК

Бір Алланың
Бұйырғанын құп алып,
Атқан таңға
Төуба қылып, қуанып,
Тіршіліктің талқысынан туңділмей
Төуекел ет,
Талаптанып ту алып.

Таңғы шықтың
Тамшысына тамсанып,
Құн сәулесін
Құліп тұрып қарсы алып,
Жер жұпарын
Толтыра жұт кеуденді,
Кім біледі
Дем қалғанын қаншалық?

Әрбір жұтқан
Демге де қыл шүкірлік,
Әрбір татқан
Дәмге де қыл шүкірлік,
Құнғе шүкір,
Шүкір және түнге де,
Тіршіліктің әр сөтіне шүкірлік!

ЗАҢДЫЛЫҚ

Тумак, өлмек –
Бұлжымайтын заңдылық,
Мән бар ма екен
Дүниеде мәңгілік?

Бұл сауалға
Жауап берер бір құдай,
Фәни, бақи
Жаратты ғой жанды ғып!

Хаос-ойды
Кезіп босқа, қаңғырып,
Өзіңді өзің
Жегідей жеп мәңгіріп,
Ажалыңнан бұрын өлмей,
Өмір сүр,
Шектен шықпай,
Шүкірлікпен дәмді ғып!

ЕКІ ЖОЛ

Ойланатын сауал осы балғынға:
Бұл өмірде екі жол түр алдында,
Иә сенесің, иә сенбейсің құдайға
Таңдау сениң өз қолында, жанында!

Сенбеймін деп, күпір болып кетесің,
Әркімге еріп, алданумен өтесің.
Алла десең адаспайсың, арманға
Адал еңбек, күш-жігермен жетесің!

ҚАЙРАН ЕЛІМ

Адамзатқа
Ақиқат пен
Ізгілікті іздестің,
Қиянатқа
Қарсы түрдүң,
Отқа күйіп, мұз кештің.

Қиялышыңда
Жұлдыз кезіп,
Бұлт құшақтап, күн сүйіп,
Аңызакта
Аңыз қуып,
Желмен ұшып, түзде өстің.

Қайырымың
Қанша жүртты
Алып қалды ажалдан,
Қиналғанға
Қамқор болып
Жақын тартып Сіз дестің.

Әділдік пен
Адалдыққа
Ғашық болып жаралдың,
Қайғы-мұңның
Орманына
Мың оралып, жүз көштің.

Сенен асқан
Мейірбанды
Ел бар ма екен жалғанда,
Сан тарихты
Таразылап
Салыстырып із кестім!

Халқым үшін қызмет қылам қалтқысыз
Мақтамаса мақтамасын бізді ешкім!

ҚАЗАҚТЫҢ БАЛАСЫМЫН

Аңсаған адамдардың жарасымын,
Арнаған туған елге бар асылын,
Қиялыш көп болғанмен, зияны жоқ
Қазақтың мен де ақкөңіл баласымын!

Кейде тоқ, кейде болдым жүдеу-жадау,
Керек пе сөз көбейтіп бәрін санау?
Апырмай, мен де осындай болсам дейтін
Тұлға көп адамзатта қадау-қадау.
Ешкімнің биігіне таласпаймын,
Өзімнің жолым жатыр тарау-тарау!

Жалғанда жаманшылық қуыспаған
Адамдар ақ пейілді туыс маған,
Алла деп ақ сөйлегем домбыра алсам
Жалтақтап және ешкімнен ығыспағам,
Түсіме кіріп ұлы бабаларым,
Жолбарыс жон арқамнан уыстаған!

Су кетпесін мәп-мөлдір бұлақтардан,
От кетпесін тұтанған шырақтардан,
Белдерің бүгілмесін еңсең түсіп,
Арқаңа тірлік артқан сұрақтардан,
Ұзақ та мәнді болсын ғұмырларың
Қазақтың өлеңіндей шумақталған!

Мәңгілік жырлай берсін дала тынбай,
Жырларын есе берсін бала тыңдай.
Көргенде жарқын жүзді адамдарды
Аппақ нұр жүрегіме толатындей,
Сол нұрды көбейсін деп дүниеге
Себемін қарлығаштың қанатындей!

ЖЫЛЫМ – ЖЫЛҚЫ...

Жылым – жылқы, ал жүлдышым – таразы,
Жоқ ешкіммен бақталастық, аразым,
Адалдық пен өсемдікті сүйемін,
Айып емес қалта жүқа, мал азы.

Ақындар көп аты кеткен жыраққа,
Мінген де бар машина мен пыраққа.
Сөз қалды ма айтылмаған солардан,
Сыр қалды ма құйылмаған құлаққа?
Ай-әлемнің бар ақыны керемет,
Мен айтатын жырлар да бар бірақ та!

АҚЫН

Ақын деген
Болу керек андай деп,
Әлде, бәлкім, мындай деп...
Қиын өзі
Әрі қызық сұрақтың
Дәл жауабын
Қақ маңдайдан қойып қап
Тақ-тақ еткен таңдай көп.
Шынында да туады еken
Нағыз ақын қандай бол?!

Қия кезіп көз талған,
Қиял қуып сөз сауған,
Ақылдың тартқан азабын
Алтын іздеп жez таудан...
Ақын деген жарықтық
Бір жағынан қарағанда
Біртүрлі,
Және қызық
Бір жағынан қарасаң!

Үлгі қылып
Данте,
Пушкин,
Абайды,
Мұқағали,
Есенин мен Высоцкий ағайды,

Киялында қора жасап
Қоғамдар
Сорттап, сottap
Ақындарды қамайды!

Жүргінен нұр шашады
Нағыз ақын халыққа.
Сыймайды олар қағидаға,
Қалыпқа.
Ақын деген
Мөлдір,
Ғажап
Ағын той...
Тенемендер
Патшаға да
Алыпқа.
Жер мен көктің
Ортасында ол бір құс
Қас қағымда
Барып қайтар ғарышқа.
Ғарыш сырын
Жаныменен сезініп,
Адамзатты шақыратын
Шырқау биік,
Алысқа!

ІІІ ПЕН СЫРТ

Кеңістікте
Төрт нұкте мен үш сызық,
Үш сызықпен
Қос төртеуін тік сызып...
Құмарланып,
Арлы-берлі сызғылап
Әуре болып
Таба алмайсың түк қызық!

Ақыл, білім
Болғандықтан дұп-дұрыс,
Іштен іздең
Жұмсайсың кеп күш-қурыш...
Қосылады
Тік бұрышты төрт нұкте
Тәбелерін
Қоршай тартсан үшбұрыш!

Қалай ойлау
Болғанымен ырқында,
Тік төртбұрыш
Ішінде өлі тұрсың ба?
Не табасың
Қабырғадан шектеулі,
Шешу – шындық
Кеңістіктің сыртында!

ЖҰМБАҚҚА ТОЛЫ ДҮНИЕ

Тұңіле берме өмірден,
Тұңілгенде не етерсің?
Күңірене берсең күн-түні
Күпір де болып кетерсің.

Ашам деп көніл сарайын
Көп күлгенде не етерсің?
Кеңкілдей берсең күн-түні
Кеңкелес болып кетерсің.

Иіле берме әрнеге
Иілгенде не етерсің?
Бүгіле берсең біржола
Бүкір де болып кетерсің.

Көтере берме кеуденді
Көпіріп қайда жетерсің?
Көбіктің түбі – өтірік,
Үп етсе ұшып кетерсің.

Бойыңа сыймай қуатың
Бұзып-жарғанда не етерсің?
Қиянат, обал арқалап,
Вір күні мұрдем кетерсің.

Сұлумың деп сүйініп
Секендеңенде не етерсің?
Сүйкене берсең әрнеге
Сүйкімсіз болып кетерсің.

Үрейге бойды алдырып
Үрпігенде не етерсің?
Үңгі берсең өзінді
Кеуек боп босқа кетерсің.

Өр нәрсе тәтті дәмімен,
Бәрін де татып өтерсің.
Жұмбаққа толы дүние-ай,
Мәніне қайтіп жетерсің!!!

БАСЫНДЫ КӨТЕР...

Сүрініп кетсең
Түңілме,
Қайта түрегел,
Сілкініп тастап
Серпіліп алға жүре бер.
Сенен де бұрын
Бұдан да ауыр салмақты
Көтеріп кеткен
Ерлердің барын біледі ел.

Жығылып қалсаң
Тұрдым де жерге бір аунап,
Тырнадан үлгі ал,
Төбенен үшқан тыраулап.
Сарыала жапырағы
Саудырап түсіп жатқанда
Көктемін күтіп
Күлмей ме кейде қырау бақ?

Жаныңды жесе
Күйзеліс, уайым жегідей,
Өзінді-өзің
Езгілей берме тірідей.
Қарысып неге
Қасқайып қатып қалмайсың,
Аяғын шайнап
Қақпаннан шыққан бөрідей.

Жылаңқы, жасық,
Кінәмшіл болсаң боркемік,
Күйініп іштей
Кетерсің босқа өртеніп.
Темірді үзіп,
Қопарап тасты шағыңда,
Не болды сонша,
Шағылып тауың ерте өліп?!

Басыңды көтер,
Жігерді қайрап мін атқа.
Үргісі келген иттердің бөрін шулат та,
Төуекел етіп,
Көтеріп тағдыр жазғанын
Тарта бер тура
Өшпейтін үміт-шыраққа!

ШАРШАДЫМ ДЕМЕ...

Шаршадым деме,
Шаршауға сенің хақың жоқ!
Шырылдап жүрсөң шынымен егер халқым деп,
Азамат аз той аландай көп Алашта
Болғанмен мұнай, көмір мен темір, алтын көп.

Лашындай жырлар шығады-ау ұшып лашықтан,
Жасындай мінез көрінбес бірақ жасықтан.
Жан бағар кез бе жағаңнан жаһан алғанда
Жанкешті керек, інер алшы асықты!

ӨМІР СЫНАФЫ

Жанталасқан дүние
Жаралайды жанынды.
Сол жараның уыты
Аралайды қанынды.

Қозады-ай келіп жындарың,
Үзідан ыза туады.
Абжыландай көрінер
Тірліктің түйткіл сұрағы.

Арамдық, алдау, ақымақтық,
Келеді бәрін сындырғың.
Болмауға тиіс бұлай деп
Ай, өлемге шыңғырғың.

Ашуға бойды алдырсан,
Ажалдан бұрын өлерсің.
Өмірдің сансыз сынагын
Сабырмен ғана жеңерсің.

Сабырғып тазарт жаныңды,
Қаныңды, қуат, тәніңді.
Біткенше демің шырқай бер
Өзіңнің өмір өнінді!

БІР-АҚ СӨЗ

Керегі не
Аттанның да,
Айғайдың?
Айнытады ақылыңнан
Ойбай мұң.
Сабыр керек
Дүниеге жынданған,
Жанға шипа
Болар сөзді ойлаймын.

«Жетем десен
Жер жүзілік мақтанға,
Дауылдай соқ,
Өрттей лаула,
Аттанда!»
Деп қайрайды...
Кімге дәрі тентек сөз
Жарты ғалам
Күйіп,
Жанып жатқанда?!

Жалман,
Жұлып
Жанталасқан жаһан да,
Көкірегі
Көк тіреген қаһан да,
Қандай сөзге
Тоқтар екен,
Тойымсыз

Нақақ қанды
Кешіп жүрген наhan да?!

Ұмытылып
Иман, ұят, мейірім,
Сұлулық та
Селт еткізбей зейінін,
Неге адамның
Тамырларын
Жын буып,
Жалмауыздық
Жаулап алған пейілін?!

Сабыр,
Тәуба,
Шүкір десек ұгар ма,
Әлде адамзат
Қан төгуге құмар ма,
Бірін-бірі қырып-жойып,
Билесе,
Віз үқпайтын
Бір ұшпаққа шыға ма?

Жер жүзінің
Тіршілігін тәмамдар
Ақырзаман
Келсе қандай амал бар?..
Тоқтайықшы
Түсінікті бір сөзге:
Бір-біріңе
Оқ атпаңдар, адамдар!

ҚҮЙІП-ПІСПЕ

Қүйкілікке қүйіп-піспе,
Қүйіп-піссең – біткенің.
Құліп қара, күле білсең,
Бір женіске жеткенің.

Ит үрді деп сен де үрме,
Үрсең – ит боп кеткенің.
Керуеніңді кері бұрмай
Жұрсең – аттап өткенің.

Жымысқыға жаның ауырып,
Жын буса да, алдырма.
Ақымақпен алысам деп
Аяғыңдан шалдырма.

Залымдыққа ыза болып
Ізгіліктен айныма.
Зұлымдыққа зұлымдық қып
Қалма мәңгі қайғыға.

Өмір – сынақ,
Сауалы көп,
Сабырмен тап жауабын.
Өзі білер бір жаратқан
Зауалы мен сауабын!

САБЫР

Жан-жағыңдан идея, сұрақ қаптап,
Тап-тап беріп сенімнен жырақтатпақ.
Анда-мында алақтап әлсіз пендे
Қалбалақтап құрдымға бір-ақ тартпақ.

Табанының бүрі бар сабырлылар
Елеске ермей иманнан тұрақ таппак!

Отірік қайсы, шын қайсы,
Аруақ қайсы, жын қайсы,
Мәні бар ма өмірдің
Тірліктегі құн қайсы?

«Неге? Неге? Неге?» деп,
Өз миын өзі шегелеп,
Адамзат әлек болғанмен
Жер-Ана жылжып барады
Жайымен ғана дөңгелеп!

ШЫҢ

Шың болуға құмар елдің бәрі де,
Болам дейді, қарамайды өліне.
«Шың болмасаң, шырқау биік болмасаң,
Айтшы дейді, бұл өмірдің мәні не?»

Қол жетпейтін шырқаудағы мұзарттан
Тіршілікте түйе артық қой тұз артқан.
Ал, бірақ та арман шындар емес пе
Адамзаттың екі көзін қызартқан?!

Өңгіменің белгілі ғой аужайы,
Кімге дәрі құйкілердің бай-байы?
Міндег емес бәрі бірақ шың болу,
Таудың бар ғой құт дарыған баурайы.

Шың арқылы танылады даралық,
Ол асқақтап тұрар көкке қадалып.
Вірак оны сол биікке көтеріп
Баурайы ұстап тұратыны тағы анық!

Кысы-жазы кетпейтүғын ызғары
Шыңда не бар жалтыраған мұздагы?
Сол мұздактан мөлдір бұлақ басталып,
Баурайыңды суармай ма сулары?!

Оңайлықпен құпиясын танытпас
Өмір осы, өңкей жұмбак жаңылтпаши,
Шыны жоқ тау-тау саналмас жалғанда,
Баурайызы шың – шың болып та жарытпас!

Құнгे ұмтылып, айға азу білеген,
Өркеш-өркеш шыңдар көші үдерген,
Шырқауынан асамын деп басқаның
Мәңгі бақи бәсекені тілеген
Төмендегі өсіп-жетіп өзімнен
Озады-ау деп арпалысып жүдеген,
Қанша биік болса да шың аспанға
Жете алмасын біліп кейде түнерген!

Жел өтінде тұрады шың күн-түні,
Ол туралы бітпейді елдің күңкілі.
Осы ма деп аскандықтан тапқаның
Кейде аяйсың шыңдарды да біртүрлі.
Нағыз өмір қайнаң жатыр баурайда
Дүрілдетіп қызықты да күлкіні!

Талап қылып әркім орнын таңдай ма,
Кімнің жолы бастар екен қай-қайда?
Аттанарда бір ойланшы тек қана
Қайсы жақсы – шың ба өлде баурай ма?!

ШӨЛЕЙТТЕГІ ДАРАҚ

Шөлейтке кей-кейде
Бітеді бір дарақ
Тартынбай,

Аптаңта
Ақ шаңға
Көміліп
Алқынбай,
Ақпанның
Ақ таңы
Атқанда алтындаій,
Тамырын ұзбекен
Туған жер
Топырағынан нәр алып,
Сабырмен
Сілкінер салқындаі!

НӨМІР МЕН ӨМІР

Құдай білер
Шектен шығып тасқанды,
Халық сүймес
Қалыбынан асқанды.
Бірінші орын,
Екінші орын,
Үшінші...
Деп нөмірлеп
Тарих жазу басталды!

Неге сонша
Құмар болдық нөмірге,
Өкім айтып
Отіп кеткен өмірге?
Нөмірге өмір сыймайды ғой,
Ойлап көр,
Көнбейді ғой
Ілімге де,
Көңілге!

Миллиондал
Адамды айдал қасапқа,

Ортеп,
Отап,
Дөн қалдырмай масақта,
Жаулап алып
Жалмап жүтқан жан-жағын
Тарихты тек
Біріншілер жасап па?

Небір ғажап
Ерлер өткен еңіреп,
Айта алмайсың
Бірін ауыр,
Женіл деп,
Ақиқатқа жетесің бе
Ойлап көр,
Аталарды
Аналарды
Немірлеп!

Желп-желп еткен
Жер жаһандық желікпен,
Естен танып
Есеп құған,
Еріккен,
Жарнамаға
Жанын сатқан жайсандарап
Немір құмар,
Орын құмар
Неліктен?

Немірлеумен
Түсінбессің заманды,
Немірлейді
Поездарды
Вагонды,
Немірлеген
Концлагерь
ГУЛагта...

Нөмірлеуге
Болмайды ғой адамды!

Ақыл-ойға,
Әділетке жүгінші,
Дүниенің
Шексіздігін ұғыншы...
Әрбір адам
Қайталанбас құбылыс,
Әрбір адам
Өз орнында Бірінші!

ТАРИХТЫ ҚОПАРУ

Тарихты
Келмейді
Қозғағым,
Қозғап ем
Жындана жаздадым,
Көрмей-ақ,
Білмей-ақ қояйын
Арыстың
Ақ жолдан азғанын.

Аруаққа
Ат қалған артында,
Тас ату
Жоқ ата салтымда.
Қопара берме деп
Өткенді
Айтатын
Әкеміз марқұм да!

Кезеңдер
Өткен ғой
Жұртқа сын,

Құйтырқы
Саясат құртқасын,
Қисайған,
Қираған тағдырлар
Жағасын
Жендеттер жыртқасын,
Қанқұйлы
Заманың
Құрбаны,
Тимендер,
Тып-тыныш
Ұйықтасын!

* * *

Оқытты:
«Өтірік жоқ,
Жамандау жоқ,
Әкең – жау,
Атаң да жау,
Ағаң жау» деп,
Жалғаның жетегінде жүре бердік
Бұғыңқы
Бодан елде бағамдау жоқ!

* * *

Ойлыға оңай боп па ол заманда,
Кеңестік кескілесті болжаган ба,
Көрдегіге төрешіл төрдегіні
Апарып қояр ма еді сол заманға?

* * *

Ары аударып
Аруақтарды,
Бері аударып,

Еіз осы
Кімнен,
Не үшін,
Не дауладық?
Салыстырып,
Тартысып,
Талас қылыш,
Құр босқа
Қанша уақыт
Танаурадық!

* * *

Сүйек тауып сан ғасырлық қалыңнан,
Таңба басып
Масаттанып салдың ба өн?
Өткенінді қопарумен жүргенде
Ор қазылып қойған жоқ па алдыңнан?

Бақталастық
Бәсекеге безектеп,
Өзінді өзің
Теуіп жүріп өзекке,
Алас ұрып қала көрме бір күні
Аждананың аузындағы көжектей!

Ерлігіне естен танып бабаның
Ертегіге шексіз нанған баламын.
Алдаспанын тірей ұстап көлденен
Тіліп өткен айдаңардың аранын!

ЗАҢҒАРЛАР

Кең қолтық, олпы-солпы, аңғал-санғал,
Алыстап бара жатыр заңғар шалдар.

Қазақтың ауылдағы қарттарында
Құпия қасиет бар аңгарсандар!

Ертеде, біздің ескі үйде
Бас қосса шалдар қауқылдал,
Әңгіме-дүкен құрылып,
Киізге аунап балалар,
Құн қаққан түрсे құлағын,
Аңызак қақтап, мұжіген
Әжімнен аңыз тіріліп,
Сақалдан саулап сара сөз,
Саптама етік сықырлап,
Шошаңдал шошай тымағы,
Көк берік көкте жүгіріп,
Саба толы сары қымыз
Саптаяқтан сіміріп,
Шежіре-сырды шертетін
Киелі көне сарындар
Алыстан талып жететін!

Аяңдай басып сан қырды,
Арқалап бір-бір тағдырды,
Алыстап кетті аталар
Армандай артта қалдырып
Дүркіреп өткен жаңбырды,
Сүрлеуге сере шөп шығып,
Қырлар да қайта жаңғырды!

Бұрынғылар жүрген жолдарды
Бүгінгі балдар білсе екен,
Атадан қалған есті сөз
Естерінде жүрсе екен!

МЕНИҢ АТАМ...

Менің атам
Бар қазақтың шалдары,

Мениң атам
Бар қазақтың аруағы,
Ата қазақ атын ұрпақ ұран ғып
Болашаққа бара жатыр алдағы!

Ата қазақ салып кеткен ізбенен,
Алты Алашым, ізгі жолды іздеген,
Аталарым алып, ұлы болмаса
Халық болып қалар ма едік біз деген!

Аталардай кең даланы сүйіп пе ең,
Аталардай ел мұңына күйіп пе ең?
Бұрын келіп
Бұрын кеткен аталар
Візден бұрын
Ұшып жүр ғой биікте!

Үміт күткен ізін басқан ботадан,
Айнымайық ата берген батадан.
Ақыл-есі ауытқыған болмаса,
Кім айтады артықсын деп атадан?!

Басынбасын десен егер бөтен ұлт,
Бар тарихың болмасын де бекерлік,
Атын сақтап, ісін жалға атаңың
Апар алға, көбейте тұс көтеріп!

АТА МЕН АРҚА

Жайылып өркен өрісте болса,
Жайқалып бағың жеміске толса,
Аталарымның арқасы шығар
Көркейіп көшпің кенішке қонса.

Мен үшін олар бәрінен артық
Кей ісі, тіпті теріс те болса,

Жер беті жұмак бол кетпес пе еді
Егер де олар періште болса!

Еңіреп өткен
Бала үшін, ел деп,
Қанын да төккен
Дала үшін, жер деп,
Аталарым десем
От болып арқам,
Кеудемді бір күш кетеді кернеп!

АЙНАЛАЙЫН АНАЛАР

Ана дейміз қуанып, өрлегенде,
Пана іздейміз қиналып, шөлдегенде,
Кетер ме едік біз мұлде адамдықтан
Мейірімін ананың көрмегенде?

Ай-әлемнің жыр-әні –
Аналардың пейілі.
Көңілінің шуағы,
Көзіндегі мейірі.

Қаталдықтан дүние мұздағанда,
Ызалаңып, жарыла жаздағанда,
Көз жасынан тоқталып аналардың
Ақ сүтімен жылынып, тазарғандай.

Ақ тілеуі ананың болмағанда,
Жұлдыздарға адамзат самғаған ба?
Айналайын, аналар, аман жүрші,
Бесік тербеп, өлдилеп, бар ғаламда.

Ай-әлемнің жыр-әні
Аналардың пейілі,

Көңілінің шуагы,
Көзіндегі мейірі.

БАЛДЫРҒАН

Бала, бала, балдырған,
Өмір отын жандырған
Құн нұрындай құлімдеп,
Көз мейірін қандырған.

Бала, бала, балдырған,
Өмір отын жандырған
Кел, ертегі тыңдайық
Ата-бабаң қалдырған.

Бала, бала, балапан,
Балдай тәтті балақан,
Әжең қандай әдемі
Аялаған алақан.

Ат түяғы дүрсілден,
Атын өлем білсін деп,
Атаң бата береді
Балдар аман жүрсін деп!

ЕСКІ ҮЙДІҢ ОРНЫ

Ескі үйдің орны естелік,
Жүректен өшпес нала-жыр,
Қалада зәулім ғимарат,
Балконға сыймай бала жүр,
Тұрсаң да Айда, елдегі
Ескі үйді еске ала жүр.

Шұпірлеп қарадомалак
Ескі үйде өстік домалап.
Кішкентай ғана әйнектен
Кең дуниеге сығалап.
Мұз қырау іліп мұртына
Даладан келген атекем
Қаракөлеңке бұрыштан
Кенжесі қайсы екенін
Айыrap еді-ау жобалап.

Үй тарлау, бірақ сыйыстық,
Болмайтын бізде іштарлық.
Үйлесіп пештің отымен
Тұтанып еді-ау ескі үйде
Өмірге деген құштарлық!

Алысқа тартты ағалар
Тіршілік теңіз жағалап.
Қажыған кезде кететін
Ескі үйді біраз панарап.

Жатырмыз көшіп ауылдан
Керек-ақ шығар қыстықпау,
Көңіліме бірақ біртүрлі
Жатаған келген ескі үйлер
Кең сарайлардан ыстықтау!

Ескі үйдің бәрін қиратып
Жаңаға көшсек қызығып,
Абайла, достым, кетпесін
Ескі бір тамыр үзіліп!

АУЫЛДЫҢ АҚ САМАЛЫ

Аңсаттың-ау аңқылдаған
Ауылдардың ақ самалы,

Қырды ойласа қаладағы
Қара көзден жас тамады.
Шәрде туып шырқап кеткен
Үлгі қылма басқаларды,
Биіктегі қазағымның
Ауылдардан басталады!

Жанармайдың түтінімен
Ұшып кеткен бастан бағы,
Дауыл жүлқып, шаң-тозаң бол
Азып-тозған бақшалары,
Ауылдар-ай, баяғыдан
Асыраған астананы!

Тірек болар түлектерің
Үмітінді ақтамады,
Аламанда алқынбаған
Арғымақтың ақсағаны,
Арындыны жарға жыққан
Аран ашқан ақша-дағы!

Алқаптарды жусан басып
Қирап қоңыр қос та қалды,
Боз көдесі белуардан
Малдың тимей төс табаны,
Есіктегі аңғал-санғал
Босап қалған топсалары,
Иттей ұлып жел кезеді
Қаңыраған бос қораны,
Кәртөшкеге кіріптар бол
Женгейлердің ас табагы,
Азаматтар жерге қарап
Қарс жабылды қас-қабағы!

Алтыбақан адыра қап
Жан тырнайды мастар өні,
Үл-қыздарың қызықтаса
Жын-пері мен масқараны,

Аталар мен апаларың
Жас балдардан жасқанады,
Үлкен үйлер үйінді боп
Ысырылып тасталады,
Бауыр безді ата жұрттан
Тәуір көріп тас қаланы!

Қазақылық, кісліктің
Шоғы сөнбей жатса-дағы,
Тарылтып түр тынысты өбден
Замананың тас қамалы,
Тамшыдайын тасты тесер
Көпшіліктің қақсағаны,
Дәтке қуат көтергені
Астанамыз бастаманы,
Түріп айдал түнек бұлтын
Соқшы ауылдың ақ самалы!

ҚАРА ҚАЗАҚҚА МАДАҚ

Өмірлерін еңбекке ариғандар,
Москвандың маңына бармағандар,
Нарық қысқан заманда тарықса да,
Несібесін адалдан аулағандар,
«МТЗ» Беларусты гүрлдетіп,
Егін салып, шалғында аунағандар,
Қара жолдың ақ шаңын аспанға атып
Москвичпен салдырлап заулағандар,
Желдіртіп Жигулиді күні-түні
Такси болып қатардан қалмағандар,
Оларды осал ғой деп ойламаңдар,
Одай олжа табатын онды адамдар,
Ауылда қара қазақ аман болса,
Тілек те, тіл де тура жолда болар!

ДӘРІГЕР

Болат Жанәділовке

Ертең қандай болар екен күнім деп
Емханаға кірген кезде дірілдеп,
Қарсы алады салауатты сабырмен
Ай маңдайлыш аппақ адам күлімдеп.

Бір өзіңе қойғанда бар зейінін,
Сезінесің періштедей пейілін,
Дәтке қуат, жанға шипа болғандай
Дәрігердің көзіндегі мейірім!

МҰҒАЛІМ

Анам Сұлуشاши зейнетке шыққанда

Ең бірінші ашқан білім бұлағын,
Жүргегіне шашқан жылы шуағын,
Уақыт қызып, қай қызырда жүрсөң де
Естен кетпес аяулы жан – мұғалім!

Ой көзімен үңілдіріп тереңге,
Мектеп бізді бейімдеген өнерге,
Қандай адам болар еді балалар
Мұғалімнен оқымаса егер де?!

Көкжиегін келешектің аңдатты,
Құс көңілді қияларға самғатты,
Президентті, министрді мәпелеп,
Өсірді олар генералды, солдатты.

Тентектерді түзетуден танбаған
Төзімі мен сезіміне таңғалам.

Қаршадайдан ізгілікке баулыған
Мұғалімге қарыздар ғой
Барлық адам,
Бар ғалам!

ӨЗІН ЖЕҢГЕН

Көп айтамыз өмір, уақыт озғанын,
Жанталастан жүйкенің де тозғанын,
Ал неліктен өрімталдай қызыжігіт
Күңіреніп, жейді күн-түн өз жанын!

Не көрінді толмай жатып ортайып,
Жастарыңа жетпей жатып қартайып,
Мұңға батып, бүк түсердей не болды
Алшан басып жүрер шақта шалқайып?

Тауыса бермей түңілумен төзімді,
Шыңда жігер, қайрат, намыс сезімді.
Қисық жолға кіжінүмен күйзелмей
Түзетіп ал ең алдымен өзінді.

Өзін женғен женер бәрін түбінде,
Одан асқан жеңіс бар ма ілімде?
Аталарым қан майданды қақ жарып
Өсіп-өнген бұдан жаман күнінде!

ЖАСТАРҒА СҰРАҚ

Жас үрпак,
Мұратың не?
Үғым қандай?
Шарқ үрып
Білім ізден,
Фылым таңдай,

Таптың ба
Тұғырыңды ғұмырдағы
Ел үққан ұлықтығын мығым хандай?

Адамзат,
Ата тегің
Ұлт деген не,
Жер мен көк,
Туып өскен жұрт деген не?
Уранмен жалпыладамдық бүркемелеп,
Жұрттарды жаһанданып жұт деген не,
Алданып, шыныменен сенесің бе
Ұлттарды біржолата құрт дегенге?!

Жартасқа жұрт кемесі ұрылғандай
Көріп пе мұндай соққы бұрын маңдай?
Сананы сансыз сұрақ сансыратып,
Өкпесі ақыл-ойдың сығылғандай,
Жынойнақ жан-жағынан жағаласып,
Жан шіркін жолдан теріс бұрылғандай.

Фаламдық жұғінсең де қай ғалымға,
Алаштың бетке шыққан қаймағына,
Жаһанға жақсы атты бол жағам десен,
Жақ дейді өуел туған аймағыңа.
Қайткенде қаламын деп халық болып,
Бүгінде бүкіл әлем ойлануда.
Сен де ойлан...
Және өртенбе шықпадым деп
Тезірек адамзаттық айналымға,
Тер төгіп туған елге еңбек етсең,
Сол шығар қекке қанат жайғаның да!

Барады өмір өтіп жайыменен,
Бола ма өтеді-ау деп уайым жеген.
Бәрібір тоқтамайды жүйрік уақыт,
Жалына жабыс жастық жалынменен!

ФАЖАЙЫП КҮЙ

Өзіңмен қалсам кезігіп
Фажайып бір күй туатын,
Екеуміз ғана сезініп,
Екеуміз ғана ұфатын.

Айтуым керек болса да,
Сөз табу қыын мұндайда.
Айым-ау, мені қинамай
Айтқызбай білсең болмай ма?!

Алаулап нұрын жүзінде,
Ботадай көзің мөлдіреп,
Жарқ ете қалған кезінде
Кетеді жаным елжіреп.

Наздана күлсөң сыңғырлай,
Жадырар жаным жаңарып,
Жаңбырдан соңғы қырлардай
Дүние кетер тазарып!

СЕН ЕШҚАШАН ӨЗГЕРМЕ

Бейнеңді ізден мен сенің
Өмірді оймен өлшедім.
Өзіңмен өткен күндерге
Жанымның бердім бөлшегін.

Арайлы күндей көріктім,
Ағарған таңда көріппін.
Есімнен қалай тандырып
Елес бол қайдан жолықтың?!

Сүйегін қандай текті еді,
Көздерің қандай отты еді.
Жаныма шуақ құйылып
Жұтқандай болдым оттегі.

Сөуірде келген сәулелім,
Сөulenенді таппай өуренін.
Файып боп кеткен бір сэтте
Дөуірге татыр дәуренім!

Жыр ойнаған сөздерде,
Нұр ойнаған көздерде,
Аймен бірге айналған
Аяулы бір кездерде,
Өмір зулап өтерін
Албырт көңіл сезген бе?
Мен өзгеріп кетсем де,
Сен ешқашан өзгерме!

АЙДАЙ БАЛҚЫП...

Есімде, есімде сол бір кез,
Тұңғиық толқынды мөлдір кез,
Жұлдыздай жалт етіп жанымды
Жандырған керемет көрдім кез.

Жаунарым секілді қолдағы
Жақындал келді де алдады.
Өзгертіп әкетті қай жаққа
Өмірдің сан тарау жолдары?

Уақыттың тезіне бағынбай
Болар ма бәрі сол шағындей?
Алыстай бермек пе армандар
Самалмен ойнаған сағымдай!

Айдай балқып айдынға кеп қонатын
Аққудай боп келші жайған қанатын,
Пәктігіне бұл пәнидің қызығып
Кірпік қақпай қарасыншы қара тұн!

КЕҢІСТІК

Қыз:

Жанымдасың, жап-жақынсың, бірақ та
Жүргендейсің қол жетпейтін жырақта.

Жігіт:

Қас қағымға ұзап шықсам қасыңдан
Нәзік үнің келетіндей құлаққа.

Қыз:

Таудан асып, бұлтты жарып келер деп,
Көз талдырып күттім сені елеңдеп...

Жігіт:

Сар даладан самал болып есіліп,
Теңізден де бөгелмес ем терең деп.

Қыз:

Арамызда көз көрмейтін кеңістік,
Үмтылсақ та жеткізбейтін шексіздік.

Жігіт:

Өкінсек те өзгермейтін кеңістік,
Отінсек те өткізбейтін шексіздік...

Қыз:

Өмір – ағын, жүздіреді айдында,
Ақ желкенді арманды ойға алдың ба?

Жігіт:

Кім біледі, сен ертелеу келдің бе?
Әлде, бәлкім, мен кешігіп қалдым ба?!

ЖАН ЖЫЛУЫН СЕЗЕМІН

Қуанамын көрген сайын өзінді,
Жасыра алмай жүректегі сезімді.
Неге екенін кім біледі, бірақ та,
Айта алмаймын нағыз керек сөзімді.

Жаным, сенің жанарыңдан
Жан жылудын сеземін.
Кірбің көрсем қабағыңдан
Өз-өзімнен беземін.

Қол ұстасып, сөз байласып
Віз екеуміз, гөзелім,
Бір арнада қосып едік
Бұл өмірдің өзенін!

Бірге тілеп бағымыздың жануын,
Бірге іздейік жанымыздың дәруін,
Қыын емес қуанту да адамды,
Одан да оңай өкпелетіп алуың.

Өкпелемей, өткен іске өкінбей,
Келші бермен, көрместей боп бекінбей.
Неге сонша нәзік екен адамдар
Бір-бірінен пана іздеген жетімдей!

АРУ МЕН АРБА

Көздің жасы үнсіз тамып кесеге,
Қүрең суды кермек татыр десе де,
Бағын сынап бағасымен базардың
Арулар жүр арба сүйреп көшеде.

Таң нұрына шомылдырып жан нұрын
Жөнеледі көздең тірлік жабдығын,
Арбага сап сүйреп бара жатқандай
Өздерінің өзгешелеу тағдырын.

Қайда олардың мөлдір биік арманы,
Қандай болар алыс күндер алдағы?!
Бәрін-бәрін көміп кетіп барады
Ала сөмке артқан арба шаңдағы.

Үйренгесін бүгінгінің саудасын
Үзбей ме екен нәзік өннің жалғасын?
...Сұлу сүйреп келе жатыр базардан
Салдырлатып босап қалған арбасын.

АЙТЫЛМАЙ ҚАЛҒАН СӨЗ

Айта алмай қалдым сол сөзді мен де,
Айтар деп сен де күттің бе, жаным?

Айта алмас едім бәрібір мен де,
Айтпай-ақ қойса... дедің бе, жаным?!

Айта алмай қалған аяулы сөзді
Айтар деп өлі жүрсің бе, жаным?!

Айқайлап жатқан өлемде мынау
Айтылмай қалған сөз қымбат, жаным!

ҚЫМЫЗ ҚҰЙҒАН ҚЫЗ

Жаз жайлауда, алыс өлі қоңыр күз,
Тау ішінде қоңыр үйде... қоңыр қыз,

Қымыз құйған сол қоңыр қызы болмаса,
Қою түннің өзі қандай көңілсіз!

Сапырып қымыз
Сабадан құйып,
Ұсынды маған.
Саусағы тиіп
Кеткенде сездім,
Қолының ұшы
Тұр екен шіркін,
От болып қүйіп.
Соншалық неге
Ыстықсың бізге
Қойшының үйі
Тұғыры биік!

Таудағы қымыз
Таңдайға балдай.
Таңдағы қыздың
Талғамы қандай?
Кеттім-ау самғап
Қанатым талмай,
Келгенше қайтып
Тағатым қалмай!

Тұп-тұнық өлем
Жаныңды емдеп,
Тыныштық қүйі
Сабырмен тербеп,
Тұрғанда ғажап
Дүние мынау
Тойымсыз пенде
Тағы не керек?!

МАНАС ЖЫРЫ. ҚЫРҒЫЗДАН КЕЛГЕН ХАТ

«Жұлдызға» қонып,
Жүргенде шырқап,
Қырғыздан маған
Кеп түсті бір хат,
Бір емес, бес қызы
Қол қойған екен,
Масайрап кеттік,
Қонғандай «сырқат».

«Біз сізді көрдік,
Теледен» депті,
«Аруағы Манас
Жебеген» депті,
Алғысын айтқан
Атасы үшін
Қырғыздың қызы
Не деген текті!

«Жырласаң жүйрік
Аттайсың» депті.
«Алмамбет ерге
Үқсайсың» депті.
«Манастың керек
Кітабы болса,
Біздерді іздеп
Тапқайсың» депті!

Қыздардың ынтық
Сәлемі балдай,
Әдемі әзіл,
Әдебі қандай,
Маржандай тізген
Өріпте тұнған

Ыстықкөл жақтың
Өуені бардай!

Жігіттер қандай,
«Жұысып» алды,
Қалжындал біраз
Күлісіп алды.
«Біреуін таңда,
Қалғаны бізге»
Десті де бірден
Бөлісіп алды.

Сараңға, сірә,
Ермеймін дедім,
Қыздарды бірақ
Бермеймін дедім,
Бес қыздың бәрі –
Бір ғана жүрек,
Жүргегін достың
Бөлмеймін дедім!..

Түскенде бір күн
Алшыдан асық
Бішкекке тарттық
Қордайдан асып.
Жанымда Мұса,
Жазушы досым,
Орғыған таудан
Қарғындаі тасып.

Тапқандай едік
Қағып-ақ есік,
Ол үйден бәрі
Кетіпті көшіп...
Амалың қанша,
Жиырма жыл өтті
Ақырын жылжып,
Желдей боп есіп,

«Қырғыздың маган
Бес қызы бірден
Болған деп ғашық»
Қоямын бөсіп.

Ақ тілеу құстың
Ақ қанатындай,
Жаныңа сөнбес
От болатындай,
Пошта жәшікке
Қараймын кейде
Бішкектен бір хат
Кеп қалатындай!!!

НЕВАДА – СЕМЕЙ. КОМЫЗШЫ ҚЫЗДЫҢ КҮЙІ

Полигон жауып, бомбыны жеңдік,
Ақындар жырлап, Ертіске келдік.
Невада – Семей, акция өтті,
Қалғандай орнап ғаламдық теңдік.

АҚШ пен батыс, шығыс та мұнда,
Тенденциялық достық шыққандай шыңға.
Қомызшы сұлу қырғыздан келді,
«Өнімді әлем, – дегендей, – тында».

Уланған жерге басты да идік,
Сүмдүқтың сырын көкейге түйдік.
Тажалға қарсы лағынет айтып,
Қауым боп қолдан тасоба үйдік.

Қара тас болсын тажалдың үйі,
Сұлулық, өнер – адамдық сыйы.
Ертістің бойы, еліктей қыздың
Елітіп мені өкетті күйі.

Қырғыздың қызы қомызын тартып,
Қырмызы қырлар кеткендей балқып,
Қызарған күн де үяга қонып,
Қызғалдақ толқып, қымыздық аңқып...

Елестер тұнде үркердей болып,
Әуені жанды өртердей болып,
Кей-кейде жүрем өзімнен өзім
Қомыздың қылын шерткендей болып.

АҚ ХАЛАТТЫ АРУ

«Отым әлі
Жанып түр ғой көзімде,
Ойым анық,
Ағып түр ғой сөзім де»
Деп жүрсек те,
Керек екен емхана
Алпысқа кеп,
Ата болған кезінде.

Дәрігер қызы
Әп-әдемі
Әдепті,
Сұрақтарын
Қойып жатыр қажетті,
Сезіледі
Жанашырлық жылуы,
Күлкісімен
Көңілімді жаз етті.

Көзді тартып
Дара гүлдей шындағы,
Бала күнгі
Бәйшешектей қырдағы,

Ақ халатты,
Ай келбетті
Ақ ерке
Мейірлене
Менің сөзім тыңдады.

Секілді бір
Сағым буған таңғы үміт,
Сезіліп тұр
Ізгі жанға тән қылық.
Жанарынан
Жанға сөule құйылып,
Әрбір сөзін
Айтады екен дәмді ғып.
Толқыдым кеп,
Бір гажайып күй кешіп
Тыңдай бердім,
Қарай бердім таң қылып...
Емханаға
Емделуге келіп ем,
Ойда жоқта
Дертке қалдым шалдығып!

Ойында оның
Ештеңе жоқ,
Қалайда
Ем жасауға
Тырысады ағайға.
Талай мәрте
Оқталдым да тоқталдым,
«Өкпелетіп ала көрме,
Абайла!»
Ағасындей
Ардақтаған аруға
Аузың барып
Сөз айту да онай ма!?

Өте берді
Күн артынан күн жылжып,

Толқымын кеп,
Кетпесем де тым жұнжіп,
Қоштасарда
Ақ бетінен бір иіскеп,
Алғыс айттым
Сөл бөгеліп, күмілжіп.

Арна бұзып,
Жарға жығар арзан сөз,
Жанга жылу
Бере алар ма жалған сөз,
Кейде жақсы-ау
Жауабы жоқ махаббат,
Айтылмай-ақ
Жүргегінде қалған сөз!

Адамбыз ғой
Үміт күткен таңдардан,
Арғы жағын
Айтпай ұғар аңғарған...
«Қоймапсың ғой, –
Деп кемпірім күлер-ау, –
Ұят болар
Біліп қойса балдардан!»

Ақсақалға
Артық айтқан сөз айып,
Жылы сөзді
Жүрекке біз жазайық...
Махаббатпен
Ауырғанға не жетсін,
Махаббаттан
Айығу да ғажайып!

АРУ МЕН АҚ ҚАЙЫН

Көлеңкесін
Кешкүрымға ие ғып,
Күн еңкейіп
Көшкен кезде түйе бұлт,
Тау жайланаң
Ну орманның шетінде
Бір сұлу тұр ақ қайыңға сүйеніп!

Жұмбақ ару...
Күн үяды...
Ай алыс.
Қалың орман
Тұнып тұрған аяныш.
Бетін тақап, құшақтайды аялап,
Ақ қайыңнан іздей ме әлде таяныш?!

Кім біледі,
Жанын тербеп уайым, мұн,
Келер күннің
Ойлай ма еken жайын мың.
Әлде жәбір көрді ме еken,
Әйтеуір,
Қыздың жүзі
Қабығындай қайыңның.

Жанарында
Маржандай боп тұр жасы,
Дүниеге
Сыймайтындаі бір басы.
Не болды еken,
Віз білмейміз...
Айтпайды.
Ақ қайындар
Арулардың сырласы...

Алтын балық,
Шоршығандай айдында,
Қолаң шашы
Жалт етті де мойнында,
Аққұба қызы
Ақ қайыңмен тұтасып,
Файып болды
Қою түннің қойнында!

АНСАУ

Өлденені аңсаймын кеп,
Сағынамын үздігіп.
Ол не нәрсе,
Вілесің бе,
Айтшы маған, күзгі бұлт?!

Менің жаным
Нені іздейді дүниеден тынымсыз
Ауыр ой мен қауырсын мұн
Хаос-көкте жүздіріп...
Ақ теңіздің арыстаны шығып қалса жағаға,
Асығады айдынына қүйрығымен мұзды ұрып...

Тұп-тұзу боп
Тұпсіз кекке
Түссіз жіппен асылып,
Тізіліп ап
Құстар қайдада барады екен асығып?
Біз білмейтін бірдемені
Вілетіндей осылар
Қалың сырды
Қанатының қалқасында жасырып...
Сиыр базда сыңар аяқ соқыр бастық боқтайды
Жесір қалған сауыс-сауыс сауыншыны басынып...

Өмір бізге жүгін артып
Алыс жолға жібермек.
Уақыт желін ешкім бөгеп
Үстай алмас шідерлеп.
Пенде шіркін
Шарлап бара жатса-дағы ғарышты
Құмар неге
Бірін-бірі дізгіндеуге, дігерлеп?!.
Бомба түскен Бейруттағы бейбіт үйді есіне ал,
Египетте өлгендерді есептеп көр түгендер...

Киялыңмен
Гарыш кезіп,
Ай-жұлдызды айналып,
Фәни, бақи,
Ғалам жайлы
Адам жайлы ойланып,
Бір құдайға шүкірлік қып
Жерге қайта түсесің,
Тағдырымыз
Тұған жерге
Қалған мәңгі байланып...
Дөң басында дүниені дүрілдеткен кезінде
Небір жайсаң жатқан жоқ па тыныш тауып жайланаң...

ҚАНАТ

Қанатсыз адам болмайды,
Бәріне қанат берілген.
Қияда қыран самғайды,
Ұшуга қораз ерінген.

Біреулер пайда табатын
Қыздырып мамық саудасын,
Сыпырғыш қылыш қанатын
Тазалар біреу ауласын.

Жаза алмай еркін құлашын
Бір-бірін бөгеп, қаққылап,
Қанаттар қанша лашын
Үша алмай кеткен шапқылап.

Дарынды туған дүрлерге
Артады заман ауыр сын.
Үшам деп енді жүргенде
Жұлынып біткен қауырсын.

Тірліктің тапқан жайлышын
Талғамы қызық санаттың.
Кім ұғар екен қайғысын
Самғаусыз өткен қанаттың!

ЕРЛІК ПЕН ЕССІЗДІК

Кісілер кейде бетімен сөйлеп еседі-аяу,
Албаты сөзбен түйінін тағдыр шешеді-аяу,
Ессіздіктерден ескексіз қайық секілді
Өршиді келіп нешеме жаулық, неше дау.
Ел болып бүгін әспеттеп жатқан ерлерің,
Ақ сөңке болып көмусіз қалған деседі-аяу!

Арыстар өткен алысып жаумен қаншама,
Қан жүтқан қырат, сүйекке толып сай-сала,
Қиылып қыршын, садаға болған боздақтар
Отанын қорғап, үрпағын ойлад жан сала.
Әлі де қорғап даланы шыр-пыр айналып,
Олардың рухы аспанда жүр той ән сала!

Құмпілдек кеуде, құмпиген қарын не білген?
Мансап пен мандат, байлық пен майға көмілген,
Жандайшап жаршы еліре мақтап жатса да,
Сарқытын ішіп, сүйек-саяғын кемірген,
Олардан артық, биікте тұр той мәңгілік
Ерлердің рухы ел үшін қаны төгілген!

БАТЫРЛАР ЖЫРЫ

Қаһарман жырым
Атамнан қалған қазынам,
Қамыққан кезде
Оралып саған жазылам,
Оңаша қалып
Өзіңмен бірге
Ой-теңіз кешкен сөттерім
Мың есе артық
Жаһаннның даңғазаларынан!

Батырлар жыры
Тарихтың қайнар бастауы,
Тағдырын елдің
Толғаған терең астары,
Аруагы биік,
Айдыны шалқар,
Ақылы кеткен алысқа,
Құнары тілдің
Шырағы ділдің
Шынайы жырдың асқары...
Иманды жаны
Атаның қаны бар адам
Мүмкін бе сени
Басқаға айырбастауы?!

ЖОҒАЛМАЙДЫ АНА ТІЛІМ

Жерім үшін төгілмеген қан бар ма,
Тілім үшін егілмеген жан бар ма?
Дін мен тілін бермей кеткен бабалар
Көк қанжары жалақтаған жоңғарға,
Өз билігің өз қолыңа тигенде
Өз тіліңнен айырылар жөн бар ма?

Жоғалмайды ана тілім мен барда,
Жоғалмайды ана тілім сен барда!

Екі айырып бауырларды бірге өскен,
Отаршылдар ең алдымен тіл кескен,
Тілін тістеп, үні шықпай қалған жұрт
Жер бетінен ұлт ретінде мұлде өшкен.
Ағылшынша ән салғанын қайтейін,
Ана тілін, ата тегін білместен!

Тілім барда күнім де бар, айым бар,
Тілім барда иманым бар, ойым бар,
Төрт құбылам түгел менің тіл барда,
Түн үйқымды төрт бөлмейді уайымдар.
Тіл білмейтін, тіл алмайтын тентектер,
Тілімізге тиіскенді қойыңдар!

САРЫН

Үрпаққа мұра қылған сырын ақыз,
Ұлы жыр – Қорқыт баба, ұлық абыз,
Қобыздың күңіренген сарынынан
Өмір мен өлім жайлы сыр үғамыз.
Данышпан Қорқытты да құтқармаған
Ажалдан қайда барып тығыламыз?
Мән жоғын біліп тұрып біз несіне
Жалғанда жанжалдасып қырыламыз!?

Киелі қобызында аталардың
Мұң-зары тұна қалған сахараның.
Бебеулеп шанағынан суырганда
Бір сұып, бір ысыды асау қаның!

Сабырмен көрген заман ұскірік, қарын,
Сарынмен женғен айқай, ыскырықтарын

Қазақтың қасиетті қыл қобызы
Әкесі виоленчель мен скрипканың!

Мияуы милау қылса мауыққанның,
Зияны зілмауыр ғой жауыққанның.
Ұлыған, абалаган даңғазадан
Аман-сая жанымызды алып қалдың!

Әкетсе еліктіріп бұлғақ қылыш,
Кім түзер желіккенді сындал тұрып?
Ақылы ауытқыған адамдарды
Алса ғой қыл қобызбен бір қақтырып!

ДОМБЫРА

Домбырам менің,
Бабамнан қалған байлығым,
Өзіңмен бірге
Қуаныш, қызық, қайғы, мұң.
Құмбірің құллі
Дүниені кернеп, тербеген,
Оркестрлерге
Симфонияларға сай бүгін.

Бұйығы жондай
Бұлығып жатқан шанағың,
Бұраулы шегің
Жолындай ұзақ даланың,
Тұрлауы жырдың,
Тірегі күйдің
Тиегің,
Арманын қуып
Бойымен аққан сағаның.

Боздатып келген
Байырғы күннің гөй-төйін

Мәңгілік менің
Мәртебем,
Биік мереім,
Қорғасын құйып
Күйдіріп,
Бітеп қойса да,
Бұзылмай күйің
Бұлкілдей берген көмейің!

ДАНҒЫЛДАР

Аһ үрған жұбандырып қашпа жанды,
Атырған ағыл-тегіл өрбір таңды,
Атылған көкіректен жанартаудай
Асырған ел мереін жыры дәмді
Ақылман жырауларға сүттей ұйып
Ақыннан артық көрмей патша, ханды,
Аталар тоқтаған ғой балаға да
Айтылған нұсқа болса сөзі мәнді,
Аруағына айналған алты Алаштың
Ата-жыр жасай бермек елмен мәңгі!

Жыраудың қандай екенін
Көрген білген жан бар ма?
Шырқыраған шындықты
Келістіріп, кестелеп,
Керімсалдай еспелеп
Керіспей айтқан хандарға,
Бозторғайдай шырылдал
Шырқаған талмай таңдарға,
Ұлыстың ұстап ұлгісін
Ұшырған ойды заңғарға,
Ұзақтан үқсар үрдісі
Нұр сөулелі шамдарға,
Жапанда жортып, жалған мен
Жаһанның шерін толғаған

Жан жете ме галамда
Аңғал-саңғал, ақжарма
Баяғы даңғыл шалдарға!

ҚАЗАҚ ӨЛЕҢІ

Қазақта не көп,
Өлең көп!
Өлеңде не бар,
Нелер жоқ?
Қызық-ау ойлап қарасаң
Әр қазаққа шаққанда
Шумақтан қанша келер деп?
Жолдары доллар боп кетсе,
Әлемге бөліп берер ме ек?
Доллардан жырым жоғары
Арзандап қалай көнермек?
Өлеңдім еркін болмаса
Бүгінге ел боп келер ме ек,
Тілімді ұқса дүние,
Жарысып жырмен көрер ме ек,
Басқасы басқа, өлеңде
Қазаққа қай ел теңелмек?!

ҚАЗАҚ ПЕН КОМПЬЮТЕР

Компьютер көрсеткенде ғажапты,
Жетпей оған ақыл тартар азапты,
Шахматтан Каспаровты жеңгенмен,
Өлең сөзде жеңе алмайды қазақты.

Файлында сар даланың әні жоқ,
Қара өлеңнің қаймағының дәмі жоқ,

Миллиондал жасағанмен вариант,
Дөл қазақтай оның дархан жаны жоқ!

Өлең сөзге өмір өрнек қүйдірған,
Тіл жетпеген тылсым сырды күй қылған,
Жүргіне сыймай кеткен мұн-зарын
Домбыраның шанағына сыйдірған!

КАРАТЭ МЕН ҚАРА ӨЛЕҢ

Құн шығыстың құпия жақсы өнері
Каратәнің қазағым қас шебері.
Жапан түздің жалпақ бет балалары
Жапон барып ақ семсер ап келеді.
Галамға ортақ рахымды патша құдай
Әр халыққа әр түрлі бақ береді.
Каратәні үйренген қара бала
Қара өлеңді қалайша жат көреді?!

Қазағымның кішісі, ұлысы да
Қара өлеңмен ашылған тынысы да.
Қара өлеңмен жігері суарылып
Қара өлеңмен қайралған қылышы да.
Бар өлемнің өнерін менгерсең де
Қара өлеңсіз болайын тұрысыңа!

ӨНЕРПАЗ

Жол іздең,
Басын үрып тау мен тасқа,
Кейде сау,
Кейде айналып шала масқа,

Ортіне
Дүниенің су себелеп
Үқсайтын
Шыр-шыр еткен қарлығашқа
Шын өнерпаз
Бермейді өз өнерін
Әлемнің тәж-тағына баспа-басқа!

МОЙЫНДАУДЫ МОЙЫНДАМАУ

Жан-жағын жайпап,
Теніздей шайқап
Жайындай, сірө,
Досым кеп, деді:
«Поэзияны
Пайымдайсың ба?»
Тентек су тепкен
Келтек сұрағын
Төтеден қойды:
«Сен осы менің
Ақындығымды
Мойындайсың ба?!»

Ақкөңіл ақын
Мақтанбақ ептеп,
Ойында өлең,
Қалышқа түсіп
Қағида болған
Пайымдауменен,
Мойындарасам
Мойнымды үзер
Түрі бар... Бірақ,
Ақылға қонбас
Біреуді біреу
Мойындау деген!

«Осы ма, – дедім,
Қосылып жатқан
Уайымға қайғың?
Қажасып бірақ,
Қыршаңқы сөзбен
Қайымдамаймын,
Үйлесімі жоқ
Ұғымға қалай
Үйір боп алдық?
Шынына келсек,
Ешкімді ешқашан
Мойындамаймын!»

Ақынның қайнап
Артады келіп
Мойынға міндет,
Жуан мойынын
Қисайтып алып
Мойынға мінбек.
«Мойныңа қойып
Мойындатамын!
Дейді жер теуіп,
Апырмай, қашан
Тоңмойындық деген
Жойылмақ індет?

Алалық сенің,
Бар екен, білдім
Ойында, – деді,
Сақтапсың маған
Тасыңды тығып
Қойынға, – деді,
Дәл мендей ақын
Казақ түгілі
Өлемде жоқ қой,
Талғамың болса
Мойында мені,
Мойында!» – деді.

«Үстасы жырдың
Ақынсың нағыз
Ойынды абайла,
Түсініп барып
Түйінің сөздің
Толымды байла,
Мойындау деген
Дойырлау ұғым
Музага журмес,
Адам кінәсін
Яки қылмысын
Мойындармай ма?!

Бастаған өзің
Мойныңмен көтер,
Ойымды айтамын,
Ақылға салып
Сараңтап көрші
Жайын қатаның.
Признание деген
Көп мәнді сөзден
Адасып келген
Аудармағана...
Әйтпесе қайдан
Мойында таным?!

Жақсыға жала
Дүлейлік әркез
Жауып жататын,
Қайыңнан соыйл,
Шойыннан шоқпар
Дайындаратын,
Қайдағы жоқты
Айып қып тағып
Мойның ал деп,
Мойының бұрап
Майырып тұрып
Мойындаратын!»

Сабаға түсіп
Шайқалып, деді,
Шайырым маған:
«Дарынды бар ма
Дүниеде мынау
Дойырланбаған,
Соңыра мен де
Соңынан барып
Солардай болам,
Мықтының бәрі
Тірі кезінде
Мойындалмаған!»

«Арыңдан сұра
Аласың ақын
Ойыңа нені?
Уақыттың жолдан
Адастырмасын
Айныма желі.
Жер жаһандағы
Басқа жұрт сонда
Жаралып па екен,
Бас иіп келіп
Мінгізу үшін
Мойнына сені!?»

Арқадан қақтым:
«Желбірер талай
Тойында байрақ,
Көсіліп жырла
Классик болуды
Уайымдамай-ақ.
Талантты танып
Таза көңілмен
Сыйлай білейік,
Бір-бірімізді
Қиналып, зорлап
Мойындармай-ақ!»

Асылығы бар
Мойындау жайлышы
Өзімнің ойым,
Эстетикадан
Естіңіз нәзік
Сезім гәй-гәйін,
Жан шуағымен
Өнер жаратып
Өлең жазатын,
Басты көтеріп
Тұзу тұрсыншы
Төзімді мойын!

ҚАҒИДА МЕН ҚАРА ӨЛЕҢ

«Мазмұн құрбан
Мода болған пішінге,
Тәртіп солай,
Түсін мейлің, түсінбе, –
Дейді сыншы, –
Өнердің де,
Өлеңнің,
Құйтырқысы
Болу керек ішінде!»

Езуінің
Бір ұшында мысқылы,
Белинский
Сияқтанған ұсқыны,
Сансыз ойды
Онды-солды сапырып,
Ұлы өнердің
Өзі құсап ұстыны,
Оқу откен
Сыншы құрбым «өнердің
Құйтырқылы болсын, – дейді, –

Кышқылы».
Жасыр дейді,
Жұмбақтап айт,
Күрделі,
Көмескіле,
Көміп таста іргені,
Түсінбесе тіпті жақсы
Қалың ел,
Танып алар
Біз сияқты білгені,

Театрдың құпиясы
Құйтырқы,
Киноның да қызығы сол
Құйтырқы,
Көрерменді алдап, ойнап
Режиссер
Астан-кестен
Қылмақ жанын,
Ит ырқы!

Олең-бояу,
Құйтырқылы бүйым-ды,
Өнердің де
Құйтырқысы қын-ды,
Құйтырқысыз
Саясат та болмайды
Құйтырқысыз
Таба алмайсың тынды,
Мінберлерден
Өңмендеген менмендер
Құйтырқымен
Үййтады жиынды!»
Бұл сөзіңің мәні бар да,
Жаны жок,
Құйтырқымен
Ашытпаңдар миымды!

Нагыз өлең туар көктен құйылып,
Ағын ойлар көрген емес тыйылып,
Оған тоқтау бола алмайды жалғанда
Құйтырқылы барлық сыншы жиылып!

Өтіріксіз, құйтырқысыз өлеңім
Көктей берер көзіндегі боп көненің,
Ашық, жарқын сырласқанды сүйетін
Мен елімді алдай алмай келемін!

БҮҚАР ЖЫРАУ МЕН БРОДСКИЙ

Бірде маған лауазымы зор кісі
Бар өлемді кеп тұратын шолғысы,
Бұл заманға жүрмес дейді өлеңнің
Қарапайым, қазақылау пормысы.
Бұтінгінің ақындары келеді
Бұқар емес, Бродский болғысы.

Арынды өлең сия қоймас қалыпқа,
Жасық өтпес қайрасаң да шарыққа.
Өлең ортақ адамзатқа десек те,
Алдымен ол керек туған халыққа.

Біз емеспіз бұғып өскен бетеген,
Бой таласар жөн жоқ деме Гетемен.
Артық емес алыштары өлемнің
Кеменгөр шал Тұрмағамбет Кетеден.

Көп болғанмен өмірде олпы-солпысы,
Өлеңі-зер секілді қыз шолпысы.
Ата жырда аруағы бар қазақтың
Үғар ма екен, үқпас па екен сол кісі?!

ӨТІРІКТІҢ АТЫ – ӨТІРІК

Аппақ болып топ төрінде отырып,
Өп-әдемі сөз сөйлейді көпіріп,
Аузын жауып
Шыр-шыр еткен шыншылдың
Тырп еткенге
Тап-тап беріп, опырып,
Қисық ойды келтіреді қисынға
Ақиқаттан
Бір-ақ аттап секіріп,
Бірақ түбі
Шикілігін сезбейтін
Емеспіз гой
Соншалықты соқыр ұлт,
Әшекейлеп
Аспанға іліп қойсан да,
Өтіріктің аты
Бәрібір де өтірік!

ҮЙІРЛІ ӨТІРІК

Ақырын басталып
Өршіген өтірік
Әлемді аңқитып
Келеді аралап.
Шындықты шыңғыртып
Құдалап, қамалап,
Жағымпаз алдауды
Асыра бағалап,
Асыл мен жасығы
Аралас ғасырым.
Айырар кез бар ма
Салмақтап, сарапалап?!

Үйымды қылмыстай
Үйірлі өтірік
Иіріп, иектеп
Әкетпек құрдымға,
Жөн сілтеп, жер жүзін
Байламақ бомбыға.
Орғытып обырды,
Өрлетіп озбырды,
Толқытып тобырды
Елдікті тоздырды.
Адамның талайы,
Мақтаудың малайы,
Алтынсып жалтырар
Қаңылтыр қалайы.
Мақтауды білгендер
Мақтата біледі.
Мақтанға малайлық
Масайрап тұрғанда
Міндетті еместей
Үлкен іс атқару.
Бітпейтін егестей
Мақтау мен мақтану.

Фаламды аузымен
Аударып тәңкеген
Дақпыртшыл данышпан,
Алдампаз алхимик.
Кез бояу көп сөзді
Көбікпен көмкерген.
Көріне көлгірсіп
Көпірте беретін.
Кеудеде жылты жоқ
Көрсоқыр ел ме едің?
Кім болса, о болсын,
Күпірге ермегін.
Көрсөңші сараптап
Бітірген еңбегін...
Басын көп қатырмай
Қолын бір сілтеген

Елдікі дұрыс-ау
Білетін өз жолын!

ШЫНДЫҚ

Шындығыңды кетті екен кім өлтіріп,
Шыр айнала шырмайды мың көпірік.
Бір шындықты аршысаң шыға келер
Бір өтірік орнына бір өтірік.

Өтірікпен өрілсе өткен істер,
Шым-шытырық болмай ма он, терістер.
Орып, орып тастайды шындығыңды
Өтірікпен уланып өскен тістер.
Өзегі боп кетпесін замананың,
Өтірік кітап, өтірік ескерткіштер!

Шыншыл деген азамат не бір мықты
Өтірікке қол қояр кейде тіпті.
Тарихы да қазақтың өзіндей кең
Кешіре салатуғын пенделікті.

Өр халық өтірікке емес зәру,
Өтірік бола алмайды елге дәру.
Өтірікпен дәріпте деген жоқ қой
Бабаң жауға шапқанда алыш қару!

Ел үшін пайдалы деп бұның бәрі
Талайлар өтірікті бу қылады.
Шынымен шыңға шыққан шынарларды
Өтірік өрге сүйреп ду қылады.
Бірінен бірін биік қоямыз деп
Тып-тыныш елдің ішін шу қылады.
Онымен не мұратқа жетпек екен,
Өтірік өтірікті тудырады!

Атаң жалған айтпаған күпті күнде,
Өтірік артам дейсің жұкті кімге?
Таудай болып көпірген өтіріктен
Түйір шындық озады түп-түбінде!

СӨЗ БЕН ИС

Қысыр сөзге неге сонша болады екен жұрт үйір?
Қызыл тілде буын жоқ қой,
Сұп-сүйір!
Сынау оңай,
Мінеу оңай,
Даттай салу тіptен оңай барлығын,
Іс бітіру қының бірақ бір түйір!

Ойланbastan жаға салып жаманды,
Оңдырмаймыз адамды,
Кінәлаймыз түгін қоймай қоғамды.
Бір түкіре саламыз-ау тәрк етіп
Қағынды деп заманды.
Аударамыз, төңкереміз, ол аздай
Жиып-теріп бір уысқа
Бүкіл шексіз ғаламды.
Мән үйрету адамзатқа оп-оңай-ау
Пеш түбінде отырып.
Жөндеу қыны
Аңғал-саңғал
Сықырлаған қоранды!

КӨШЕ ТАЗАЛАҒАН КІСІ

Өмір жолы мың бұралаң,
Кешкен көп,

Көшө де көп,
Көшелерді кескен көп...
Көнетоздау
Кір киімді қарт кісі
Есік алдын
Тазалайды бүкшеңдеп.

Көпшілікті
Кінөламан жаман деп,
Кір-қоқысты шашады тек,
Амал жоқ...
Сыпырғышын
Сүйеніш қып
Аулада
Жүрген жанды
Елемейді адам деп!

Албырт көңіл алға ұмтылып,
Аптығар,
Кеуде соғып,
Дейді көрін,
Ат шығар,
Жанталасып
Бұрқыратқан жан-жағын
Атақ пен тақ,
Кім біледі,
Бақ шығар?
Көкірегі
Көк тіреген көп дәкей
Түйір қоқыс
Тазалаған жоқ шығар?!

Үлкен-кіші
Ластай берсе күнбе-күн,
Қоқыс басып
Кетер ме еді жер бетін?
Сыпырғышын
Сырпылдатқан сол бір жан

Өз орнында
Атқармаса міндетін?

Кім біледі,
Тағдырына назалы ер,
Кемтар болса,
Қор санама, маза бер,
Бұл өмірді
Тазалаған кісіге
О дүниеде
Бұйырар ма таза жер?

Кім бөленер
Саяп пенен алғысқа?
Кім қалады
Обал, наза, қарғысқа?
Дүниені
Былықтырған байлар ма,
Бір бұрышты
Тазалаған байғұс па?!

БІЗДІҢ ЗАМАННЫҢ ГЕРОЙЫ

Он сақа қадап атса тимеген ди,
Қоңыздай қажымайтын сүйрекен қи,
Аузынан аждаһаның аман шығып,
Аюмен құшақтасып билеген би!

Торғайға шүрегейді ілдіретін,
Тұлкіні дүрегейге тілдіретін,
Жыланның сүйіп тұрып, тілін жұтып,
Кірпіні кері сипап құлдіретін!

Тарыны таудай қылыш төндіретін,
Ыстық деп сүмбіледе сендіретін,

Жерлеске жекеменшік жұлдыз сатып,
Тал түсте ай жарық деп көндіретін!

Жер шары жұмырына толмайтұғын,
Өмір мәні маңтан деп ойлайтұғын,
Үрпағының ұлесін үзіп-жұлып,
Болашақтың тамырын жалмайтұғын.

БІР ҮШ КҮН...

Жалған дедік,
Дүниені сүм дедік.
Арзан дедік,
Адамдарды құм дедік.
Жалмай бердік сүйдедік те жан-жақты
Біз не деген қанағатсыз жынды едік!

Қу құлқынның құрдымына түстің бе,
Бітер кезі болды-ау қандай істің де?
Қайтер еді бар адамзат келісіп
Жанталасты догарса бір үш күнге?!

От алдырмай қойса барлық көлігін,
Тыиса түгел жын ойнағын, желігін,
Шукірлік қып, ойлар кешіп дем алса,
Құпірлікten аулақ салып көңілін.

Тазарар ма жердің күңгірт келбеті,
Азаяр ма ауаның да мың дерті,
Тәуба десе жазылатын сияқты
Өзі тапқан ынсапсыздық індеті!

ТҰМАН

Күн тұман,
Тұн де тұман, ай да тұман,
Өзегі
Сылдырлаған сай да тұман.
Тұманнан
Тұмшалаған жол таба алмай
Арыстан
Амалсыздан айға атылған.

Шарабың,
Шербатың да, сыраң тұман,
Құмары
Қанбай ішкен ұлан тұман.
Қызыңқайдан
Кіндігі ашық мөлдір болсын
Тұманды
Заманаға будан туған?
Адаспай
Ой тұманнан шығар ма жүрт,
Даңғаза
Дақпырт пenen думан құған?!

ӨЗ ИСІМ

Жан-жағымнан тұмшалап,
Тұншықтырып,
Қыңыратқып,
Қыржиып,
Қырсық қылып,
Өнерімді тартқылап балағынан
Өріс бермей,
Тістейді қыршып тұрып.

Қисыны жоқ қисық ой,
Қияс сөздер
Жүргімді жатса да
Тұршіктіріп,
Сабыр қылам,
Қайтем деп айқай-шумен
Алаң көңіл
Ел ішін ушықтырып.
Құш-қуатым жетсе де,
Қай үшпаққа
Шығармын,
Жас құнгідей тұмсыққа ұрып,
Ұшып түссем
Жата қап жыламаймын,
Қайрат қылам
Қайтадан ыршып тұрып.
Ешкіммен де бәсеке,
Таласым жоқ,
Өз ісімді ірлем үршық қылышп,
Иә, құдай деп халқыма қызмет қылсам
Көніліме көрген жоқ кіршік тұрып!

ӨКПЕ

Неге сонша болдық екен өкпешіл,
Өкпелеуден басталмай ма көп кесір?
Бір өкпеге бір бауырдан қиғасын
Тоз-тоз болдық,
Шашылғандай шөпке шіл.

Өкпелей сап
Ойда жоқта тектен-тек,
Откенді айтып
Жалғастырып кекке кек,
Жегідей жеп
Қүйдірдердей жақынды,

Бұл өмірге
Келіп пе едік өкпелеп?!

Қайтсем табам
Деп біреудің көңілін,
Қайран қазақ,
Өксітеді өмірін.
Сүйретумен
Келеді өлі өкпесін,
Өкпесімен
Шырман алып бір-бірін.

Мұны біліп
Сырттан баққан жымысқы,
Айдаш салып
Араз қылған ұлысты.
Қылт ете қап,
Сөл нәрсеге сылт етіп,
Айырбастап жібереміз ұлы істі.

Өкпелеумен
Өртенсе егер өзегің,
Өксуменен
Өтеді өмір, сеземін...
Өз өкпенді
Өзің кешір алдымен,
Өссін десең
Өз Отаның,
Өз елің!

ТҮРКІСТАН

Елжіреп жер мен аспан сүйіскен жер,
Мәңгілік пен қас қағым түйіскен жер,
Тәуба ғып тәқаппар да тоқтамға кеп,
Сәждага тәждерін де ііскен жер!

Ойласаң өмір барда, өлім барда,
Тәубадан басқа табар жолың бар ма?
Иә, Алла, асқақтарға таупих беріп,
Рақымшылық қыла ғер момындарға!

ЕСКЕРТКІШТЕР

Құн еңкейіп,
Қөлеңкелер кешкілік
Ұзарғанда,
Бой теңесіп, шеп құрып,
Ескерткіштер ел кезетін сияқты
Елес құып...
Егескендей
Ессіздік пен Естілік.

Тірі жанды талқыға сап
Қысты өмір,
Көкке ұмтылды
Шырылдаған құс көңіл...
Кеуде керіп күрсіне де алмайды
Тасқа қонып
Қатып қалған мыс темір...
Неге оларды байлан қойған тұғырға,
Байланғаны аз болғандай ғұмырда?!

НЕГЕ СОНША?..

Бәріміз де мұңаямыйз, мұжіліп,
Зор болсақ та кейде бордай үгіліп,
Шетімізден күйрей берсек не болмақ
Кете берсек бұл өмірден түңіліп?!

Кінәлаймыз бірімізді біріміз,
Жұлмалаймыз қанатындағы қыбымыз,
Бытырлатып үземіз кеп аямай
Жанымыздың нәзік жалғас жібін біз.
Неге сонша жауласамыз жат болып
Бір емес пе бәріміздің түбіміз?!

Өкпелейміз өзімізден өзгеге,
Міндесиміз бірер ауыз сөзге де.
Алтын үшін алышқанда табарың –
Ақыреттік алты құлаш кездеме.
Соның бәрін біле тұра, дүние-ай,
Таласамыз біреу таққан жезге де!

Неге біздер мұңдаямыз мұжіліп,
Адамнан да, заманнан да түңіліп,
Ми қата боп неғыламыз мәңгілік
Ой жетпейтін тұңғиыққа үңіліп.
Тәбемізден күле қарап тұрғанда
Кәрі күшті, рахымы мол ұлылық!

ЖЕҢІС ПЕН ЖЕҢІЛІС

Женілу, жену
Ежелден егіз.
Құм көшіп келсе,
Шегінді теңіз.
Ақылгөй жоқта
Әңгүдік сейлеп,
Жолбарыс жоқта
Семірді доңыз.

Біреуді женіп
Сындырып сағын,
Баянды болмас
Қондырған бағың.

Дүніе – кезек,
Бүгінде женсөң,
Бір күні келер
Женілер шағың.

Керемет болып
Кетем деп асып,
Жұлқынсаң жұрттың
Кеудесін басып,
Жапанда жалғыз
Жабырқап жүрме
Басыңа тиіп,
Берекең қашып.
Шапқының сенің
Біреудің құны,
Шаттығың сенің
Біреудің мұны.
Вірінді-бірің
Жылатып жеңу
Осы ма, досым,
Өмірдің сыры!

Күрессіз өмір
Болмайды десіп,
Бір-бірін қырып,
Қызыл қан кешіп,
Адамзат қане,
Мұратқа жеткен?
Біреуді таптап
Кетпейсің өсіп.

Біреуді жеңсөң
Шығад дейт атың.
Адамға адам
Емес пе жақын?
Біреуді жеңіп
Үстемдік құрап

Бір құдай берген
Бар ма еді хақың?!

Адамды адам
Өзіндей көрсін,
Кеудесін кермей
Көңілін бөлсін.
Жетелі болсаң
Жетерсің ойласп,
Женғен де сенсің,
Женілген сенсің!

САТТЫ МА ДОСЫҢ...

Шынымен сенген сатты ма досың,
Жаныңа қатты батты ма тосын?
Сүрінген кезде сыртыңнан күліп,
Табалап таспен атты ма сосын?!

Еріңен ауып, атыңнан құлап,
Құшақтап жерді жаттың ба жылап?
Мұң шағып барсаң мұқият тыңдал
Сырыңды ұғар таптың ба құлақ?!

Не болды саған, соншама күйреп,
Кім сені қолдар, жан сала сүйреп?
Жолынан азып қайтпаған атаң
Жатса да дұшпан қаншама түйреп.

Өмір де кейде етеді мезі,
Көп жәйтке жанның жетеді көзі.
Алғыс айт оған, көрсетіп берген
Өзінің қандай екенін өзі!

Сабағын тағдыр түсінген жоқсың,
Алданым-ау деп күрсінбе көп тым.

Қайтер ең сатса сол досың сені
Қып-қызыл майдан, ішінде өрттің!

Сен оған сеніп барлауға барсан,
Шайқасып жаумен шырмауда қалсаң,
Жапанда жалғыз жаралы күйде
Ол тастап кетіп, арманда қалсаң...

Қайтер ең тіпті, желкеңнен атса,
Жап-жарық күнің өртелеу батса...
Ендеше қазір елең де қылма,
Дұшпан боп досың желдетіп жатса.

Достықты нағыз маржанға бала,
Жылтырақтарға алданбай қара.
Аман-сауында құтылғаныңа қуан,
Азба да тозба арзанға бола!

ДОСЫҢ ЖОҚ ПА...

Досым жоқ деп күйінеді көп пенде...
Дос боларлық кісі құрып кеткен бе?
Дос емес пе саған мына ұлы өмір
Көшкен бұлттар, келген құстар көктемде?!

Нағыз достық – ақ тілеуі елдің де,
Қуат берер аңқылдауы желдің де,
Андайың мен мұндайыңа қарамай
Достық шығар көтеруі жердің де.
Жұрттың бәрін жазғырғанша, ойлашы,
Шын жүректен өзің дос бол көрдің бе?!

Досым жоқ деп елге өкпелеп жылама,
Доссыз болсаң, тек өзінді кінела.
Өзің егер бере алмасаң елге нұр,
Жүргіне жүрттан шуақ сұрама!

ЕШКІМДІ ЕШКІМ ТҮСІНБЕЙДІ

Ешкімді ешкім түсінбейді жалғанда,
Оған бола жынданба да,
Зарланба.

Жылмаң қағып
Желпілдетсе жәдігөй,
Түсінді-ау деп
Жақын тұтып алданба.
Жан сырныңды
Жарнамалап жаһанға
Даңғазамен
Жеткіздім деп малданба.

Әркімнің де
Өз жүгі бар жолдағы,
Тура болмас сен туралы толғамы,
Кеуде қағып
Кімге міндет қыласың
Алтынмын деп
Бағаланбас қолдағы.
Жөн таппайсың
Жалпы көпке өкпелеп,
Жаббар құдай жаныңды ұқса
Болғаны!

ЖАЛҒЫЗДАР

Ару қыздай ғашығымен табысқан
Ай құяды аппақ нұрын ғарыштан.
Шетсіз, шексіз тұңғибықтан сескеніп
Жалғыз жерді серік қылған алыстан,

Ай нұрынан ақыл-ойы қозғалып,
Қиялданды қанша нәзік данышпан.

Ай да жалғыз, жер де жалғыз, күн жалғыз,
Мың-миллион болса да адам – шын жалғыз.
Құдай – жалғыз, құдай деген жан – жалғыз!
Қастық қылмас бір жалғызға бір жалғыз!

ТІРШІЛІК АЙНАЛЫМЫ

Аңызаққа азуларын жанып ап
Ақшагылдан аунап түссе аруана,
Табанымен тоңды ерітіп, мұз шайнап,
Қарды талмап шөл басады ақ аю!
Түсініп көр жетсе тағат-сабырың,
Текетірес өмір-өлім өзілін.
Мұз ойыққа телміреді балықшы
Тарс ұмытып тірліктегі жәбірін.
Таза леп пен талшығына талпынып
Балық табар сөуле шашқан қабірін.

Тіс-тырнаққа төуелді ғой тағылық,
Жыртқыш жортар аңдып жанның жазымын.
Көк майсада көлбеп жатқан жануар
Тұяғына тапсырады тағдырын!

Бидайыққа пар келмейтін көктегі
Майға бөгіп жүр ғой бірақ бектергі.
Бидай басы иілгенде сарғайып
Жалғыз дәнді кім ойлайды көктегі?
Диқан жүрсө сабан иісін аңқытып
Бір айналым тіршіліктің өткені.

ТАМШЫ

Бұйырмаған бұлак бол ағуға да,
Өзен болып мұхитқа баруға да,
Тамшылардың қолынан келетіні
Тырс-тырс етіп төбеден таму ғана.

Тама берсе түбінде тас теседі,
Төбенен тоқылдатса бас теседі.
Тама-тама бір жерді тесіп шығу
Тамшылардың тамаша басты есебі.
Дымы шықпай бұтаға бүкіндарды
Тамшы құрлы қайраны жоқ деседі!

МОНША

Реніш, өкпе,
Ыза мен наза
Қалдырып бәрін далада,
Моншага кірсөң,
Тыныштық тілел
Жан мен тән, сезім, санаға,
Бусанып шығып
Өн бойын балқып,
Босаңсып жатып елестет
Жатқандай рахат
Ғажайып күйде
Көк теңіз керген жағада.

Ақшағыл құмға
Бір аунап түсіп
Аспанға қиял қалқытсан,
Қанаттас болар
Ақшулан бұлт пен
Шаңқылдай үшқан шағала,

Мазаңды алған
Ластардан қонған
Тозаңнан түгел арылыш,
Настардың бәрін,
Қастардың бәрін
Тазалығыңмен жазала.

Жаласы жұқпас,
Күйесі сені
Күйдіре алмас жаманның,
Сауығып тәнің,
Жаңғырып жаның
Тазара түссең,
Тазара!

КЕУДЕ КЕРІП...

Кеуде керіп
Кеменгерсіп кей-кейде,
Қай үшпаққа
Шығам дейсің ей, пенде,
Бар өлемді
Қаратам деп өзіңе
Жаныңды жеп
Болма босқа шерменде,
Сен емессің
Дүниенің тұтқасы
Жай табады
Жан құдайға сенгенде!

ДҮНИЕ КЕҢ

Дүние кең,
Шексіз ғой ғалам,
Халық көп.
Жиып ап бәрін
Сыйғыза қояр
Қалып жоқ.
Қайталанбайтын
Сан алуан қызық
Құбылыш,
Жұлдыздай кекте
Жымындал тұрған
Жарық боп.
Саралап санаң,
Сүйініп жаның,
Фаламға
Нұрынды шашып
Жұлдыз боп сен де
Жанып кет!

ҚОРЫҚПА ӨЛІМНЕН...

Елім тыныш болса дейміз,
Жер тыныш,
Тұмшалаумен ашылмайды кең тыныс,
Еңсенді езіп,
Өміріңді өксітер
Он бойынды буып алса
Қорқыныш!

Қоянға да жем болады
Қашқан ер,

Сасқан кезде
Жоқ қой деме басқа жол,
Қорқаулардың
Қиратып шық қоршауын,
Ең ақыры
Жастығынды жастап өл!

Қорықпа өлімнен,
Тербетеді қара жер.
Сен кеткенмен
Қара ормандай қалады ел.
Бұл пәннеге алғыс айт та,
Бақиға
Бата тілеп,
Батыл басып бара бер!

АДАСТЫРМАС ТЕМІРҚАЗЫҚ

Дүниеден пақыр да өтер, патша да өтер,
Біреу шауып, ал біреу ақсап өтер,
Әр істің мәні болар мәңгілікте,
Фәниді сүм жалған деп жатпа бекер.

Құр қалмай кір өмірдің базарына
Нәпсінің ерік бермей тажалына,
Көппе сөз, бетперденің бәрі қалып,
Тартылар еңбек, амал таразыға.

Десек те думан керек, дурмек керек,
Саял бар, қалай өмір сүрмек керек?
Қай ілім қайда, қалай бастайтынын
Сараптап ой-санамен білмек керек.

Ой көп қой, ат көтермес, атанға ауыр,
Зерделер оның бәрін шопан бауыр,

Аят пен хадистерге жете қоймас,
Келсе де неше Ницше, Шопенгауэр.

Әркім де даналықты сүйер, сөгер,
Қекейге керегінше түйер, төгер,
Ақсақал аталардан артық болмас,
Көп сақал, Кант, Конфуций, Къеркегор.

Жақын боп жүрекке жол таппас әр түр,
Қағынды-соғындысын қақтап сарқыр,
Абсурдтық алжасудан хаостағы
Ем болмас Қамю, Де Сад, Кафка, Сартр.

Ілімнің түр-түрі көп сене берсең,
Өмірге өзінше ғып береді өлшем.
Басында құйын соғып, сандаларсың,
Соңынан әр елестің ере берсең.

Дүние жарқ-жүрқ еткен түгі жылтыр,
«Ер маған есің шығып, – дейді, – жыртыл!»
Даңғаза жарнамалар жарға согар,
Көбіктің көзді алдаған көбі қыртыл.

Бола алмас жарқыл-жырқыл өмірге азық,
Тозарсың ойың азып, көніл қажып.
Қаптаған жын-ойнақтан сақтап қалар
Иманың – адастырмас Темірқазық!

СӘРЕСІ

Таң алдында... Дүние тыныш. Сәресі.
Сәресігे жуымайды жын-ойнақтың
дуасы мен бәлесі.
Оразада ой теңізін кешкен сайын оңаша
Мұсылманның тазарады иман тұнған жан есі.

Рамазанда тәубаменен қарайды адам бәріне,
Мән береді тіршіліктің жалғыз түйір дәніне,
(Тойынғанның таңдайына татымайды
табақ тола табака
Қайдан жетсін қара нанның қадірі мен дәміне).
Ауыз ашар сөт келгенде сиынады Аллаға,
Жан-төнімен шүкірлік қып нұр иманнның нәріне!

КҮЗГІ БАҚ

Алдағыға мың ұмтылған, жүз құлап
Еұрынғылар жүріп өткен ізді бақ.
Қиыры жоқ қеңістікті кеземіз,
Уақыт шіркін қуалайды ызып-ақ.
Жасыл дәурен жарқ етті-ау деп жасындей
Сыбырлаған жапыраққа түр құлак.
Жарты қапшық бос бөтелке арқалап
Бүкір кемпір бір бұрышта түр жылап.
Шал тістейді тұтін шалған сар мұртын
Трубкасын түбіртекке ұрғыладап.
Алаңқайды шуылдайды доп қуып
Балдырғандар – асыр салған қозы-лақ.
Асығады айдынына мұхиттың
Таудың төсін тесіп аққан мұз бұлак.
Тіршілікке тәтті мұнмен тәубе ғып,
Сабырлы ойға батырады күзгі бақ!

КӨКШЕ. ҚЫСҚЫ ОРМАН

Сақылдаған сары аязбен тіресіп,
Сарт-сұрт сынар сұлу бұтақ сіресіп.
Қарағайлар қалқып бара жатқандай,
Ұшар басы ұшпа бұлтқа ілесіп!

Жортады аңдар аштық қуып інінен,
Тағдырларын қарға жазып тұнімен,
Қырау шалған аңшы кезер құмартып
Шимай-шиыр жазуды оқып құнімен.
Тұнық жырды тыңдайтындай ақ тиін
Қарағайдың дыңылдаған діңінен.

Сере қардың сүйкей басып күртегін,
Арлан бөрі сездірмейді бұлкегін.
Ақ көрпесін қымтанады жан-дәрмен
Үркек қоян үлпілдетіп үлпегін.

Тұсінбессің қанша тұрсаң құлақты
Құйтақандай құсқа біткен қуатты,
Аяз құшқан ақ орманның тірлігі
Тоқылдақтың тұмсығында сияқты!

СЫРЛЫ КӨКШЕ

Қарағай жас жігіттей ұрандаған,
Ақ қайың биші қыздай бұрандаған,
Басына мәңгі жап-жас Қекшетауым
Ешкімді, бұлттан басқа, шығармаған.

Тастары тұнып тұрған жүмбақ сырға
Бурабай аңыз ба екен, өлде шын ба?!

Оқжетпес ойды көкке шарықтатса
Бөлейді жапырақтар тәтті мұңға.

Әнімен бар әлемді тербейтіндей
Басқа жер оған теңдес келмейтіндей,
Тоздырған темір ғасыр жан сарайын
Қекшетау сұлулықпен емдейтіндей!

ҚАРАҒАЙ

Қорғанбекке

Зеренді көлді жағалай
Көмкере біткен қарагай,
Көркіне көңілі мас болып
Көрілген кербез агадай.

Дыңылдаپ ыргақ санамай,
Самалды сүйген саралай,
Серуендең еркін сеңгірге
Секіріп шыққан баладай.

Тас жарып өскен толағай,
Бойлаған көкке дарағай,
Шайырлы иісі бұрқырап
Қайқайған төре-қарадай.

Құмары құндіз тарамай,
Тұнжырап тұнде қалардай,
Сөулеге бөлеп сезімді,
Құмістен сырға тағады ай.

Зеренді көлді жағалай
Мұлгіген қалың қарагай,
Түбіне көлдің үңіліп
Көп ойға батқан данадай.

Тоқтаусыз уақыт, ағады ай
Куә боп оған қалады ай,
Көк мұнар мұңға малынған
Мәңгілік жап-жас қарагай.

САМЫРСЫНДАР

Шанышылып, көкке өрлеген самырсындар,
Алтайдың тау-тасымен бауырсындар,
Киелі топырақты тұтастырып
Үстап түрған үзілмес тамырсындар,
Самырсындар, сау қалдың сағың сынбай
Соқса дағы сұрапыл дауыл, сындар,
Қауырсындай қаламым қалқып барып
Қауышқан көңліммен сағымсындар,
Жанға саулық жұпарың, жаңғағың да,
Сағым емес, байлығым, барымсындар,
Самырсынның сағызы сары алтындей,
Аңызғып тамсанады ағылшындар,
Сары күзде салт мініп, сапарға шық,
Самырсынның иісін сағынсаңдар!

АЙ КӨКШЕ

Көкшеде, көлдің бетінде
Көк толқын ойнап құбылып,
Кемерлі жардың шетінде
Өмірден тұрсаң түңіліп,
Тұп-тұнық Көкше көркінен
Мұздаган жүрек жылдынып,
Қуат ап елге қайтарсың
Дүние сырын үғынып!

Ай, ай Көкше, ай Көкше,
Көгілдірім күн Көкше,
Ай, күнім деп әлемді
Аялайық тіл жетсе,
Ай, ай Көкше, ай Көкше!

Көгінде қалқып қыраны
Шыңында шуақ күлімдеп,
Жұпармен желліп самалы
Айдында қыздар дірілдеп,
Тыныштық тербеп орманды
Мәп-мөлдір күйге бөленбек,
Жаңғырып сен де жырлайсың
Сөбидей жаның уілдеп!

ЖҰМБАҚ ЖЕР

Бұлт басса Бурабайды шудаланып
Шуылы төңіректің тына қалып,
Көк бояу қоюланып қорғасындаі
Мұлгиді тау мен орман мұнарланып.
Құлімдер көлдің беті, жердің жүзі,
Жарқ етсе құннің көзі, шуақ алып.
Қарғыса қарағайдан көк қаршыға
Теңбіл тас еліктеі бол бұғары анық.
Тұмсығы тұнжыр ойға батқан піл тас
Қалайша қона қалған шыңға барып,
Сақалы желліп-желлі еткен Жеке батыр
Көсілген көк найзасын суга малып.
Бауырына тарта түсіп ақ қайынды
Қарағай бойын созған құмарланып.
Тамсанып талай ақын толғасақ та
Жұмбағын жаратқанның үға алмадық!!!

КӨШКЕН БҰЛТ. КӨҢІЛ

Бұлтпен бірге көңіл көшіп барады,
Өмір өтіп, естелігі қалады,

Аппақ қудай шалды көріп кім ойлар
Көкке қарай қолын созған баланы?

Еліктейтін Тарлан атты Тарғынға,
Бала кезде жатып алып шалғында,
Ақша бұлттан қайдан келе жатсың деп
Сүраушы едік, не күтед деп алдыңда?

Қара бұлттай нөсерлетіп төгуші ек,
Бүйра бұлттай ұшып кете беруші ек,
Вір құпия сыр бар ма екен осында
Біз де кейде бұлт секілді көрінсек?!

Шексіз аспан аялаған еркем деп,
Керуен бұлттар бүгін бар да, ертең жоқ.
Бұлтсыз аспан жүртсыз жердей көңілсіз,
Бұлт көшеді көктің жүзін көркемдеп.
Бізден сәлем жеткізердей алысқа
Асығардай жауап өкеп берсем деп!

АСПАН

Бура бұлттар
Жерге төніп
Көк құрсаң,
Еске түсті
Бұрынғы бір өткір шак,
Тұнжыр ойға
Батыратын осылай
Өзіміз де
Бұлыңғырлау боп тұрсақ.

Ақ қағазға түспегенмен
Дастан боп,
Таңғажайып сөттер өтті
Бастан көп,

Әбубекір...
Ақын інім екеуміз,
Тұнгі бақты
Кезуші едік мастау боп,
Аппақ қарға
Аунап жата кетуші ек
Өлең оқып,
«Аспан! Аспан! Аспан!» деп.

ҚИЯЛЫМ КЕЗЕДІ ФАЛАМДЫ

Ақшулан бұлттарға оранып
Қиялым кезеді ғаламды.
Көкшулан толқынның жалында
Аралап иесіз аралды,
Шұғыламен бірге шашылып,
Ну орман-тогайды,
Шатқал мен шыңдарды орайды.
Жолбарыс жанарымен
Жаһанды жым-жырт қып,
Көжектің көзімен
Дірілдей қалады...
Не керек пәлсапа,
Қажет пе жанталас?
Көк аспан, көк теңіз,
Асқар тау, кең дала,
Дүние барында...

АППАҚ ҚАР

Қар жауып тұр
Жапалақтап
Аппақ таза сезімдей.

Қалықтап кеп
Қонып жатыр,
Қонғаны да сезілмей.

Бір рахат күй
Кешіп келем
Көше бойлап оңаша.
Жан дұнием
Жермен,
Кекпен,
Бір тұтасып егіздей.

Аппақ қарлар
Кіршігі жоқ,
Қай сөүледен жаралдың?
Тозып кеткен
Тіршілікке
Мөлдірлік боп таралдың.

Кейде, достым,
Ұшып кеткің
Келмей ме осы ғарышқа,
Содан кейін
Аппақ қар боп
Жерге қайта оралғың?!

ӘР АДАМНЫҢ ӘЛЕМІ

Әр адамның
Өз әлемі өзінде,
Жүргегінде
Санасында
Кезінде.
Ортақтасып
Кіре алмайды басқалар

Біреу кешкен
Өмірлік ой-сезімге.

Біреу көрген азаптан да,
Рахаттан,
Бөлек етіп
Өз сағатын санатқан,
Еір-біріне кіріктірмей
Кісіні
Құдай қалай
Керемет қып жаратқан!

Бөлек сенен
Ата-анаң да,
Ел,
Бала,
Дос та белек,
Сырлассаң да мұндана,
Сезілетін анық нәрсе
Сен үшін
Шекіз ғалам ортасында
Сен фана!

Көк пен жер де,
Көкжиекпен бөлінген,
Көк теңіз де
Көз ұшында көрінген,
Көңіліне
Сыйғыза алсаң болғаны,
Құллі ғалам
Саған сыйға берілген!

Бұйрық сырын
Сезінбесек
Өспейміз,
Құн шуақпен
Жерден өніп, көктеяміз...

Сүю үшін жаратылған ғаламды
Өктемдік қып
Неге билеп, төстейміз?!

ӨМІРДІҢ ӨЗІ...

Өмірдің өзі адамға
Жаратқанның сыйлығы.
Жаралмай кетсең қайтер ең
Өзгеше болып бүйрығы?

Өмірдің өзі махаббат,
Сүюден бәрі жаралған.
Бастауы мөлдір бұлақтай
Жайылып жерге таралған.

Өмірдің өзі мейірім,
Қайырсыз адам адам ба?
Қол үшын беріп бір-бірін
Құтқарған қатал заманда.

Өмірдің өзі қатыгез,
Емес-ау оңай сынағы.
Тағдырдың жүргі аздай-ақ
Бір-бірін пенде үрады.

Өмірдің өзі қуаныш,
Қызыққа кісі тойған ба?
Табар ма жанның рахатын
Құлашын кеңге жайғанда?

Өмірдің өзі мақтаныш,
Сонымен, бәлкім, көрікті.
Болмашы баққа шаттанып
Атамыз көкке бөрікті.

Өмірдің өзі алданыш,
Алданар ермек аз емес,
Емпендей берсең соңынан
Сенің де күнің мәз емес!

Өмірдің өзі өкініш,
Өзегі күймес жан бар ма?
Патша да, дана, даңғыл да
Жеткен бе барлық арманға?

Білімнің бойлап түбіне
Өрлеген даңқы нар адам.
Өмірдің бәрі ойын деп
Алаңсыз құліп қараған.

Көнеден қозғап сыр тартсаң
Пәлсапа, толғау, кеңес көп.
Откен ғой небір кеменғер
Өмірдің бәрі елес деп.

Өмірдің бәрі өткінші,
Отті де кетті – өң мен тұс.
Откінші жалған мәңсіз деп
Егіліп талай сөнген құш!

Даналар айтқан, құдайсыз
Тірліктің бәрі далбаса.
Адамның жаны жай таппас
Мәңгілік өмір болмаса!

Құдай жоқ болса, мән де жоқ,
Соқпай ма құйын көңілде.
Қайтеді байғұс адамзат
Имансыз өмір өмір ме!?

Өмірдің өзі жүдeter
Уақыттан уайым оздырып,

Керегі не көп ойдың
Жанды жеп, жүйке тоздырып?!

Бәрі де бар ғой өмірде,
Өлшеуге болмас бір жақты.
Уайымсыз көніл азбай ма
Қуалай берсең қылжақты?

Өмірдің өзі ақиқат,
Анығында бар нәрсе.
Арындаі бермей адамзат
Ақылға салып, мән берсе.

Төрелік айтқыш өмірге
Қағидашылмыз көбіміз.
Өмірдің өзі мағына,
Үға алмай жүрген өзіміз!

ӨМІРДІҢ ЗАҢЫ – ӨТУ, ЗАТЫ – ЖҰМБАҚ...

Сайдан сайғақ іздеме, айдан айғақ,
Кердеңдеме ат мініп, кисең жарғақ,
Қайғы-мұңсыз денің сау уағындағы
Қара су да болмай ма айран, қаймақ.
Табиғатқа түкірме, түбің бірге
Тарыққанда талшыққа жарап тарғақ,
Дүмбілез бен дүмшелер дурдигенмен
Дүмі бос дүрбеленде жолдан таймақ,
Кәрі күшті Алланың рахматы мол,
Күдер үзбе кезеңде тар жол тайғақ!
Адамды аспандатар арман жұлдыз,
Қияға қол создыраң мұзарт шың, құз,
Мұратқа мұхит кешпей жете алмайсың,
Шалшықты шалпылдатпай айдында жуз,

Шалалық болғанымен адамзатта
Алалық жоқ жарасып татсаң дәм-тұз,
Үрімнің түбіндеге де тегін ойлап
Үлгісін елдің ұстай білсін ұл-қызы,
Өмірге босқа келіп кетпегенің
Белгі боп кейінгіге қалса бір із,
Кесек ой, үлкен жұмыс, ірі қимыл
Көр-жерді есепке алмай соларды тіз,
Өлемді алам демей, алдыменен
Ақылға өз бойыңа билік құрғыз,
Өзінді өзің жеңіп алғаннан соң
Артылса өнегенді жұртқа білгіз,
Жұргендер билей алмай әлсіздігін
Бастауға қауымды да болар қырсыз,
Көгерер көпшіліктің көсегесі
Көңілі көсемінің болса кірсіз,
Қылтадан қылт еткенді қуа берме
Көп нәрсе қолға ұстаган секілді мұз,
Уысында ештеңе қалмағанда
Сан соғып, қайнамай ма ішің ғыз-ғыз,
Көп сұлу көктемеде көлбендерген
Көрген тұс, қайтқан құстай келгенде күз,
Ойдағы оюы ғып оятуғын
Қолында кемпір құздің кесте мен біз,
Құлазыр көңіл шіркін құлан көшіп
Секілді киік қашқан бір құба дүз,
Өмірдің заңы – өту, заты – жұмбақ
Тәуба ғып сол өмірге, шырай кіргіз!

ҚЫСҚА ҚАЙЫРЫМДАР

Қаймықпа, сал атынды ой мен қырға,
Абайла, ізгі жолдан теріс бүрма,
Келмесе қолдан қайыр, тым құрыса
Жалғанда тірі жанға зиян қылма!

* * *

Өмірдің мәні қайда, сөні қайсы?
Ойлар көп, бір-біріне келер қайшы.
Жауабын бұл сауалдың таппай өткен
Президент, патша, король, хан, қонтайшы.

* * *

Дүние өтіп жатыр шыр айнала,
Кейде тұнық, ал кейде ылайлана,
Пенде жазған тарихта алалық көп
Жазатын шын тарихты құдай ғана!

* * *

Кім біздің теріс бұрган көшімізді,
Кім біздің ойран қылған есімізді?
Көп сауал жанды қинап, жауап таппай
Алушы ек қу арақтан өшімізді!

* * *

Алданып пенделіктің базарына,
Жетем деп бұдан да өткен ғажабына,
Бір-бірін басып-жаншып, жанталасып
Адамзат асыға ма ажалына?!

* * *

Тартылып жатыр мөлдір бұлақтар да,
Сөнуде жанбай жатып шырақтар да,
Тыңдайтын елдің мұңзын құлақ бар ма,
Құлақ болса, құлақта үят бар ма?!

* * *

Әйтеуір сөзім бар деп таңдайында,
Жығылма жаман ниет ыңғайына,

Біреудің тағдырына билік айтпа,
Кім біледі, не жазғанын маңдайыңа?!

* * *

Кей адам кеуде қағып еліреді,
Парықсыз өмір жайлы не біледі?
Өзгені қырам-жоям дегендердің
Озінің қабырғасы сөгіледі.
Өлемді жаман сөзбен улағандар
Сол уға бір күні өзі көміледі.
Мейманасы асқанға бір тосқан бар,
Вір күні ақтарылып, төгіледі.
Біреулер бір заманда біз түгілі
Мұханды да боқтаған көрінеді.

Сонда Мұхаң кеменгер
Боқтаған өлгі кісінің
Қарап тұрып көзіне,
Жаман сөзден жиреніп
Безінгені сезіле:
«Маған дегеніңің барлығы
Озіне, – депті, – өзіңе!»

* * *

Кей сөздің несі жақсы, несі күлкі,
Сөз дейтін көңіл аулар қызыл тұлki.
Мәз болып неменеге құлеміз деп
Бірауық ойланса ғой қазақ жұрты.
Табалап бірін-бірі көп күлгеннен
Бұзылып жатқан жоқ па елдің шырқы?
Құзғындаі өртке шөпшек тастайтұғын
Қоздырар араздықты сөздің құрты!

* * *

Біреу жүр басын бұлдаپ, сөзін сатып,
Жалпақтап біреулер жүр көзін сатып,

Базардың бөзін сатқан мың есе артық,
Жұргеннен өр жерде бір өзін сатып!

* * *

Билік пен байлық үшін жанталасып,
Жалғасып жең үшінан, қалталасып,
Не мұратқа жетпекші адам ұлы
Аяусыз бір-бірімен балталасып!?

* * *

Адамзат неге сонша өлі күнге
Бомба мен оқтың үнін күй қылады,
Зарлаган сәбіller мен ана даусы
Тоқтатар ма қанішер миғұланы?
Кең дүниеге сыйыса алмай жүргендерді
Қара жер қойынына сыйдырады,
Тірісінде тілгілеп жүректерін
Өлген соң жылы сөзін сый қылады.
Оқтан ауыр тиетін жаман сөзбен
Талайлар бірін-бірі үрғылады,
Жан шуағын аңсаумен өтті ме деп
Ойлаймын ерте кеткен құрбыларды,
Жер астына асықпай, жер бетіне
Сыйласып, сыйыссақ біз неғылады?!

* * *

Жынданып жатқан дүние
Жырыңа сенің қарамас,
Кесапат, кесір қаптаса
Кеменгөр қорғап қала алмас,
Иманы кәміл ерлерді
Азғырып дүшпан ала алмас!

* * *

Жеп алып, ел байлығын ішіп алып,
Ағалар, қандай күйге үшырадық?

Халыққа дұрыс жолмен жүр дейсіңдер
Өздерің теріс жолға түсіп алыш?!

* * *

Ақын әуре патшаны түзеймін деп,
Патша әуре ақын сөзін күзеймін деп,
Адамзат адасуда арпалысып
Өркайсы өзінше жөн іздеймін деп!

* * *

Болғанда Абай бөлек, Жамбыл бөлек,
Қазаққа ол да керек, бұл да керек,
Алалап, аруақтарды салғастыру
Ағайын, ойландаршы, кімге керек?!

* * *

Жаман сөз жараса ма азаматқа,
Жағар ма сөз ұғатын жамағатқа?
Қазақтың бір тамаша алданышы
Айтысты айналдырма балағатқа!

* * *

Байлықтан, бағландықтан ақыл артық,
Не пайда жүргендерден босқа шалқып?
Тымықта кемесінген дөңбектерің
Жел соқса бет-бетіне кетер қалқып.
Өр жерде бір бықсыған кей еркектен
Үндемей шай қайнатқан қатын артық!

* * *

Ерім деп елі-жүртүң мақтайдындаі,
Есінде келер үрпақ сақтайдындаі,

Ей, бауырым, не бітірдің бұл дүниеде
Атынды адам дейтін ақтайтында!

* * *

Кісі көп жалт-жұлт еткен, сырты көркем,
Мәз-мәйрам жүргеніне елтең-селтең.
Безіп кеткің келеді айдалаға
Айналаңдан кемшілік тере берсең.
Жаныңа нұр толмай ма адамдардың
Вір тәуір сөзін естіп, ісін көрсең,
Ақ-қарасы аралас, арпалысқан
Адамдарды қайтесің, түсінбесең?
Вір құдірет қойған соң тұтастырып,
Тірлікте береке жоқ, ізгілікке
Қуанып, кемшілікті кешірмесең!

* * *

Қойсаңшы енді, құр босқа күйіп-піспей,
Күйіп-пісу кісігে сүйікті істей.
Опынғаннан не пайда от басында,
Қия жерде қылыштай қыып түспей!

* * *

Еліңе қандай еңбегің,
Алғаның мен бергенің?
Алғаннан берген аспаса
Кеуденді босқа кермегін!

* * *

Сен емессің бұл өмірдің өлшемі,
Әркімнің де бар межелі мөлшері,
Дүйім жұртқа беретіндей төрелік
Таразы ғып қойып па еді ел сени?!

* * *

Төрелік айта көрме
Біреудің өміріне,
Өркімнің патшалығы
Өзінің көңілінде.

Разы бол әдебіңе
Іілер сәлемінде,
Өзіңдей өзгелер де
Сүйінер әдеміге,
Әр адам өзі патша
Өзінің әлемінде.

* * *

Шарайналы кеудеге
Шағалалы көл сыяр,
Дұлығалы ерлерге
Дұылдаған ел сыяр.

Кемел ойлы ерлерге
Кеменгерлік жөн сыяр,
Кердендерген кеудеге
Мен, мennen өзге не сыяр?!

* * *

Қазақтың жаны
Не деген сірі?
Сабайды келіп
Екінің бірі.
Қаншама ғасыр
Қамшылап жатыр,
Қазақтың жаны
Өлі де тірі!

* * *

Дейсіндер қазақ қандай, қазақ қандай,
Қазақтың қандайлығын білген жандай.
Тимендер бар халыққа сондайсың деп
Ішінде болғанымен андай-мында!

* * *

Амал не, жетесіз де, жетелі ер де
Мәз болар бірін-бірі кекегенге,
Өзіңнің бауырынды мұқай бермей
Бүрүлшіп көзінді сал бөтен елге,
Көппе сөз кімге дәрі, еңбегіңмен
Не жетсін парызынды өтегенге!

* * *

Басында бәйтеректің бір жұмыртқа,
Көрінген күндік жерден күллі жұртқа.
Аялап жеңіл жұмсақ қанатымен
Жанынан жанай өтіп жүрді бұлт та!

* * *

Біз үшін бәрін берген бабаларым,
Қазбалап, ала берме мазаларын.
Бабалар бейітінде тыныш жатса,
Бесікте тыныш үйиқтар балаларың!

* * *

Танығаны жапырақ
Түйенікі ақыл-ақ.
Жапыраққа алданып
Түп-тамырды ұмытқан
Түйеден де ақымақ!

* * *

Күннен шуақ аламыз, жерден қуат,
Тасқа қына бітеді, көлге құрақ.
Жаратылып жан біткен жақсылықтан
Жан сарайын ашады мөлдір бұлақ...
... Жамандық у жаяды неге бірақ?

* * *

Мөлдірді лайлап, қайнатып сорды,
Сенгірді жайғап, жайратып жерді,
Өндірді байлап, өлімге айдал,
Мақсаттың бәрі май қатық болды,
Асылық қылып, атылып айға,
Барасың адам, асығып қайдада?!

* * *

Аяншақтарды мұң буып,
Қояншықтарды жын буып,
Құйындаі соғып, құтыртып
Өмір мұхит шегіне
Барады бізді кім қуып?!

* * *

Көркем ойға керегі не кестенің?
Кімге дәрі күйінгенің, бөскенің?
Кеменгердің күпісіне кіріп ап
Құрең суды күрпілдетіп ескенің?!

* * *

Өзенді бойлап өлкені кезгім келеді,
Мекен ғып біраз қауырсын қанат кемені.
Ақша бұлттарға орана кетіп кей-кейде,
Мұхитқа барып мұңымды шаққым келеді!

* * *

Шылымның түтінімен жылынып,
Күртенің жағасына тығылып,
Тәрк етіп тәртіпті тәқаппар
Күркені жағалайды ұлылық!

* * *

Құба жонда құбылып желмен ойнап,
Ақселеудің толқыны салады ойға,
Үйірінен адасқан жалғыз елік
Жаутаң қағып жортады жолды бойлап.

* * *

Шөлейтке кей-кейде
Бітеді бір дарап
Тартынбай,
Апташта
Ақ шаңға
Көміліп
Алқынбай,
Ақпанның
Ақ таңы
Атқанда алтындей,
Тамырын ұзбекен
Туған жер
Топырағынан нәр алып,
Сабырмен
Сілкінер салқындай!

* * *

Сарысудың аяғы құрдым болып
Сілетінің аяғы сорға құйған...

* * *

Бір мүмкіндік тұа қалса бір күні
Бір жақсылық жасар ем адамзатқа!

* * *

Менен шындық сұрамандар,
Айта алмаймын,
Айтпаймын!

* * *

Ойсыздық қауіпті десек те,
Одан да қауіпті
Бір жақты ойшылдық!

* * *

Өмірдің нағыз құнын пақыр білер,
Пақырды патша қашан ақылды дер?!

* * *

Өзің ғана оп-онды боп жалғанда
Өзге жүртты даттай салу оп-ондай!

* * *

Ақын жүрек ақ нұрдан жаратылған,
Өн болып дүниеге таратылған...

* * *

Халықта қандай пайда, не қайыр бар
Өзі үшін рахат қуған құмарпаздан.... .

* * *

Жер-Ана – әлем бесігі
Әуеде тұрған тербеліп!

* * *

Оралып, жөндейміз деп болдық әлек
Өмірдің өтіп кеткен кезеңдерін!

* * *

Қайта-қайта қиратып келеміз-ау
Әуре боп өзгертумен өткен істі!

* * *

Бұл өмірден түңілемін мен неге
Біреу мені түсінбеді еken деп?

* * *

Мен қалайша жаман болып қалмақпын,
Бәз біреулер жүрсе сырттан ғайбаттап?

* * *

Күйе жағып, күйдіргенге кейбіреу
Күйіп-пісіп, күйреп түсем мен неге?

* * *

Tірі жанға зиян қылма,
Ерегеспе,
Кектенбе!

* * *

Әзәзілге ілесіп кету оңай
Болмаса көміл иман, кемел ақыл!

* * *

Өмір, бәлкім, болар ма еді сүреңсіз
Қимай-қимай қоштасулар болмаса!

* * *

Отеді өмір
Кұлсек де,
Жыласаң да,
Әйгілі боп
Өлемге ұнасаң да,
Құтылмайсың жазмыштан
Ұшып көкке,
Басынан
Эверестің құласаң да!

* * *

Заулас ағып барамыз,
Бір белгісіз қырыға,
Шетсіз, шексіз кеңістікте,
Айла таппай
Уақыт атты құйынға...

* * *

Кеуде соғып,
Өңеш жыртып
Мен, мен деп,
Мінбे көрсе ұмтылатын өңмендеп,
Дөңбек мінез дойырлардың,
Дым бітірмей даңғыrlаған дарақы мен
Жұз құбылған жәдігөйдің
Сүйкімді боп қалың елге
Абыройға бөленгенін
Тарих өлі көрген жоқ!

* * *

Қағынды дейміз заманды,
Бұзылды дейміз адамды,
Белінен сызып барлығын
Түңілген бірақ жаман-ды.

Тұсінбей жатып тереңін
Теріске бүрма дер едім.
Адамдардың бойында
Адамдық қасиет өлі де
Бар екеніне сенемін!

* * *

Мен қазақпын, мейірбан мұсылманмын,
Мейман келсе төрімді ұсынғанмын,
Майлы басын жіліктің жүртқа беріп
Маңдайынан сипадым қысылғанның!

* * *

Күйеу демей табағын үймелеп сал,
Күйе қылмай көйлегін түймелеп сал,
Қырық жылда қырқылжың құдамын деп
Қырып-жойып кетпесін күйгелек шал!

* * *

Шың басында шағылышып шұғыла,
Құн шуағы шырай беріп түскенде,
Жан біткендей жадырайды көкшіл мұз,
Жан-жағына жарық шашып жалтырап.... .

* * *

Өмір деген немене
Мәңгілік пе,

Жоқ өлде қас қагым ба?
Сыя ма өлде сыймай ма
Ақылдан басқа үғымға?

* * *

Шолақ ойлап, шапшаң байлап көбіміз
Есеміз кеп...
Жанға жара сөзіміз,
Бұл жалғанда жаман адам жоқ шығар,
Жаман қылып шығаратын өзіміз!

* * *

Күйкілікке құл бол алған кей сана
Кемсітүге жасайды кеп ишара,
Барлығынан біз артықпыз дегенді
Айтқысы кеп, жанын жейді бейшара!

* * *

Мақсат – мақтан, даңғаза, ду болғасын,
Құзетсіз кең дүние құр қалғасын,
Базарыңды жайнатып, жаулап алған
Арзанқол жылтырақтар көзді алғасын,
Вір-біріне сатуға жанталасып
Зуылдайды сүйретіп қол арбасын,
Бояуында байқалмай бойға сіңіп
Тұқымыңды құртатын у болмасын!

* * *

Жырау – еркін,
Ақыл-ойдың ағыны,
Терең жатыр танымының тамыры,
Сөз үққанға жөн көрсетіп, жол нұсқап
Жуасытқан жырларымен тағыны!

* * *

Жыр жазбады демесен,
Адамдардың бәрі – ақын,
Таң самалын жұтқанда,
Күн қызарып батқанда,
Түсініксіз күй кешіп
Тебіренген жаны ақын!

* * *

Көрінбейтін,
Сезінетін жүйеңмен,
Өлең...
Келдің...
Көп қорықтым киенмен...
Жазғым келмей
Қаштым сенен қаншама
Көндім ақыр,
Сыйлық қой деп иемнен!

* * *

Келтіріп сөздің өлшемін
Іздедім ойдың көркемін,
Ауызben айтпай әр сөзге,
Жанымның бердім бөлшегін!

* * *

Өлеңім менің бояусыз
Суарылған құрыштай,
Суырылған қылыштай.

* * *

Өлең сөздің көп іздедім өрнегін.
Сүздім оймен өткендердің бергенін,

Түгел сөздің түбіріне кім жеткен,
Ізін құдым айтыс пен жыр, терменің,
Керегінді теріп-теріп аларсың
Сызып тастан артық-ауыс жерлерін.

* * *

Алла берген аумасын деп бастан бақ
Алашымды жырлап келем аспандап,
Әр өлецім – өткен күнге бір белгі,
Әр кітабым – болашаққа баспалдак!

* * *

Адамды сыйлап адамша
Ізгілік дәнін мол тердім,
Күңіренген көп ойды
Әзілменен әдіптең,
Құлкіменен көмкердім!

* * *

Дүбірінен думан іздең, мұң татқан,
Құллі өлемге құбірімен мін таққан,
Тіршіліктің түбіріне кім бойлап,
Дүниенің түпкі мәнін кім тапқан?!

ЖЫРЛАР

АҢЫЗ БЕН АРХИВ ЖӘНЕ АСПАН

Фалымдардың қай-қашанғы ұраны:
«Фылым-тарих архивтерден тұрады!»
Біз теріске шығармаймыз архивті
Зерттеулердің таптырмайтын құралы,
Бір сұрақ бар мазалайтын бірақ та
Документті кімдер, қалай құрады?!

Хатқа түскен дерек десе елпілдеп
Доктырлардың көтерілген құлагы,
Құжаттарға құдайындағы табынып,
Бұлақтарды жырақтарға бұрады,
Дүшпан жазған дәкүментті дәлел ғып
Атаң айтқан аңызыңды ұрады,
Ал бірақ та даламыздың тарихы
Архив емес, аңыз, жырдан тұрады,
Қай қағазға сияр екен жазғанмен
Ел қазақтың жүргегінің шуағы,
Тар қапас пен тас құрсауда тұншығып
Откендердің өшіп кеткен шырағы?!

Тас таңбадай зейінінің тарихы,
Даладай кең пейілінің тарихы,
Бар әлемді бауырына сыйдырған,
Біздің тарих – мейірімнің тарихы!

Белгісіздік орап алған кешегі
Бар өмірді деме мұлде өшеді,

Газеттерге, кітаптарға жазбай-ак
Қаншама адам қызық тағдыр кешеді.
Әрбір істің, әрбір сәттің өшпейтін
Бар шығар-ау біз білмейтін есебі,
Шындық болып шыға келмек қалайша
Бәз біреудің жазып кеткен өсегі?!

Архивтерде жазылмаса есімі
Атаңды да болмаған ғой деседі.

Бұл өмірдің бар мұраты ду ма еken?
Шуылдақтар нені біліп құды еken?
Хатқа түскен тарих қана тарих та,
Қалған өмір желмен ұшқан бу ма еken?

Санаңды улап сар қағаздың елесі,
Тарихқа үкім шығарамыз неге осы?
Пәпкілерге түптең қойған төртіппен
Пәктілерге ой жүгіртсең келесі,
Соғыстарда жусатып сап сарбазды
Бірер солдат жараланған, о несі?
Жаудың бәрі жаны сірі мерген боп
Батырлардың босқа ұшқан ба жебесі,
Ел сөзінен артық болмақ қалайша
Жансыздардың жиып-терген доносы?!

Басқыншының жер жарады дақпырты,
Жаныңды жер бір тынбайтын жақ құрты,
Тарихының тиянағы болмақ па
Қанды қылыш өпесердің рапырты?
Жоққа қалай шығарасың атаңды
Болмады деп патша берген паспырты?!

Ақиқат деп құлай берсек құжатқа,
Қиялымыз бара қоймас ұзаққа.
Крес қоя салмақтың ба канторда
Аты-жөні тіркелмеген қазаққа?

Емін-еркін кең даланы мекендей,

Ақ патшага бас имеген бөтен деп,

Аталарым жаман болмақ қалайша
Отаршылдар жамандады екен деп,
Жојымыз ба аңыз болған ерлерді
Аты-жөні архивте жоқ екен деп?!

Тұнған тарих қасиетті даламыз,
Ақ сүтімен бірге берген анамыз,
Тарих қалай жазылады дегенге
Тағы да бір ой жүгіртсін санаңыз,
Аңыз, жырмен ұрпағына аманат
Өз тарихын айтып кеткен бабамыз,
Аяқ асты шаң-тозаңға алданбай,
Тарих десең аспан жаққа қараңыз!

ПАЙФАМБАР МЕН ҚАҢАРМАН

Жердің жүзін солқылдатып Дұлділі
Пайғамбарға Гали келді бір күні,
«Күшім тасып бойға сыймай кеткенде
Көрсеткім-ақ келеді елге үлгіні.

Уысымда күлпәрә боп пүт тасы
Темірдің де бұзылады нұсқасы,
Шіркін-ай, шыр айналдыраң едім бір
Қолға тисе сонда жердің тұтқасы!»

«Қайратыңа қорған ақыл, иман бар,
Сабыр, тәуба, бір Алланы ойландар...»
Ақ жүзінен нұр шуағы төгіліп
Жанға жайлышты пайғамбар.

Күш күйілген өн бойына қорғасын,
Аттаныпты ер айшылық жолға сын.
Жапан түзде жолықты бір қария
Іліп алған иығына дорбасын.

Сөлем алып әзиз ата толғанды,
Сөлден кейін жол жүргелі қамданды.
«Еңкеюге жібермейді қайран бел,
Алып берші, жерден балам, дорбамды!»

Дегендейін мен сізді ата, түсінem,
Сый, құрметін көрсетпеккө ісімен,
Фали батыр ат үстінен дорбаны
Ілмек болды қамшысының ұшымен.

Қозғалмады оған дорба алайда
Аламын деп жерден жұлдып қалайда,
Қаһарланып қолын салды қаһарман
Түсетүғын емес тіпті оңайға.

Қайран қалып, «қу дорбаның бұ неси?»
Дүлей күштің үдей түсіп үлесі,
Үзенгісін шірей тартқан кезінде
Кірді жерге Дұлділ аттың тізесі.

Жұлқып-жұлқып таусылғанда амалы
Дорбаны шал жерден іліп алады.
«Ұят болды-ау сені әуреге салғаным,
Аман бол», – деп жүріп кете барады.

Адамзаттың асып туған батыры,
Айран асыр, астан-кестен ақылы.
«Бұл неғылған керемет?» деп сұрады
Пайғамбарға қайта келіп ақыры.

«Мұсылманның тірегісің, шегесің,
Тегін емес құр дорбамен егесің,
Құдай саған жер тұтқасын ұстатты
Асылық қып, айналдырам дегесін!

Үйірмедің неге онға, солыңа,
Шүкірлік қыл, жүрсің хақтың жолында,

Бұйырмайды пендеге өлем тағдыры
Жер тұтқасы жаратқанның қолында!»

Тәубаға кеп ойға батты арыстан,
Жастық арын шықпас болды қалыптан,
Хақтан қуат, пайғамбардан үлгі алыш
Дін таратты Әзірет Әлі данышпан!

Бұл аңызға сеніндер я сенбендер,
Астамдық қып өзөзілге ермендер,
Пайғамбардың өнегесін ойға алсын
Жерді допша тепкілері келгендер!

АЙҚӨЛ МАНАС ПЕН ЕР КӨКШЕ

Айқөл Манас батыр мен
Қазақтың ханы Ер Көкше
Қаршадайдан қанаттас,
Қойы болған қоралас,
Тойы болған аралас,
Жолы болған жоралас.
Антқа берік дос болған,
Байтақ жатқан қазақтың
Фажабы да көп болған,
Азабы да көп болған.
Жақтағанда бір-бірін
Жаннан асқан бауырмал
Бал ауызы бір бөлек,
Жақпағанда іші тар
Алауызы бір бөлек,
Қызғаныштан ішіне
Қарап жүріп кек қонған
Бір-бірін мұжіп жеп болған,

Жігерлери мұқалып
Жіліктері жүқарып
Жүдеп тұрған кезінде
Аңысын тауып жаулары
Аңтара шапқан шақ болған,
Даланың беті өрт болған,
Жұмыртқадай ақ үйлер
Отқа оранып жоқ болған,
Осы көрген қорлығы
Мәңгі-бақи қазаққа
Ұмытылмас дерт болған.
Ондай күнді құдайым
Бермесін деп ұрпаққа
Тілек қылышп күндіз-түн
Сол үшін құрес-серт болған!
Ай, жарықтық кең дала
Бір шетінен дүркіреп
Құстай ұшқан киігі
Бір шетіне зырқырап
Қырық күнде жетпеген,
Бір жағының қар, мұзы
Сереленіп жатқанда,
Бір жағында құлпырып
Жемістері көктеген,
Көк бөрідей ұлдары
Көк сұңгісін көлбетіп
Көлденендереп шапқанда
Тұз тағысы қылт етіп
Алдын кесіп отпеген,
Сертке берік ерендер
Семсердің тұрып жүзінде
Дәмнен аттап кетпеген,
Асылық қылышп асқақтап
Қырығып табақ теппеген,
Арулар күлсө күймеден,
Үміттеніп түймеден,
Көрінгенді сүймеген,

Дұниені тербетіп
Домбырасын күйлеген,
Аузыменен алдамай
Тебіреніп, толғанып
Жүрегімен сөйлеген,
Сүрінгенге күлмеген,
Жығылғанға тимеген,
Арқада қосы қисайса,
Дос түгіл қасын сүйеген,
Атойлап алға атылып
Үрандап ұрыс салғанда
Найзасының ұшында
Тоқсан қалша билеген,
Кердеңдеген кәуірді
Көуаптай қылыш түйрекен!
Қазақтың қайран ерлері
Найзаларын салтасып,
Тұлпарларын баптасып,
Қылыштың жүзін таптасып,
Вірін-бірі қомпітып
Батырсың деп мақтасып,
Қандай заман болад деп
Алты малта, бес құртын
Қоржын түпке сақтасып,
Даланы жауға бастырмай
Ел шетіне сақ болған,
Қазақ, қырғыз баласы
Астарында тақ болған,
Бастарына бақ қонған,
Мұсылман түрік баласы
Мызғымастай тұтасып
Тұранның байтақ жерінде
Қырандай ұшқан шақ болған!

Кешілдің ханы Қоңыrbай,
Қаһары қатты шоң Жолай,
Манжудың ханы Несқара
Айкөл Манас батырды

Айқасып та ала алмай,
Айтысып та ала алмай,
Құрыштай берік тұтасқан
Ынтымақты ерлердің
Қапысын аңдып таба алмай
Жиылдып кеңес салғаны,
Қара жолтай Несқара
Сүмдықты ойға алғаны:
«Айқаймен алмас қамалды
Айламен алсақ болмай ма,
Еір болатқа бір болат
Қайрап салсақ болмай ма,
Еір бауырға бір бауыр
Айдал салсақ болмай ма,
Қырғыннан аман қалғанын
Байлап алсақ болмай ма?
Віреудің тілін ойланбай
Алғыш халық емес пе?
Не десең де бас шүлғып
Нанғыш халық емес пе?
Ұйып тұрган жерінен
Іріген сүттей қылайық,
Ұяласынан айырып
Ұлыған иттей қылайық,
Еге болған көсемін,
Шеге болған шешенін,
Оқтан қайтпас батырын
Сөзден қайтпас ақынын
Еір-біріне сыртынан
Анау сенен асты деп
Жамандап қойсақ ақырын,
Алдан-сулап азғырып,
Мансаппенен мәз қылып,
Қызғанышын қоздырып,
Аранын ашып аздырып,
Алтыннан күрек үстатьип
Еірінің көрін біріне
Лақат қылып қаздырып,
Шоң даңсаға аттарын

Лақап қылыш жаздырып,
Көтеріп қойсақ кейбірін
Шекпен менен шен беріп,
Кеудесіне дем беріп,
Қолтығына жел беріп,
Ай мезгілі өткенде,
Құн мезгілі жеткенде
Далада қалар сенделіп!»

Несқараның сөзіне
Қалғандары тақ тұрып,
Салтанатпен сап құрып,
Несқара келді Қекшеге
Атанға жүгін арттырып,
Көзді алдаған құмар зат,
Інжу, маржан, зұбаржат,
Жиһаздары жарқылдал,
Сандықтары сартылдал,
Алмақ болды қазақты
Аузы-басын алтындал,
Сейлей берді Несқара
Сарыарқада саңқылдал:
«Байрақты қазақ елісің
Байтақ жатқан жерің бар.
Жоқ ешкімнен кемісің,
Талайдан артық өрісің,
Алтын, күміс артынып
Әдейі келдім сен ушін,
Қанаттассаң бізбенен
Қектеп өсер жемісің,
Ежелгі біздің жауымыз
Іргелесің қырғыздар
Құндіз-түні өздерін
Қырғыздан артық ел жоқ деп
Мақттайтұғын көрінет,
Қазақ пенен өзбекті
Бізден шыққан ел гой деп
Даттайтұғын көрінет,

Білесің бұның терісін,
Терісін білсең несіне
Терлейсің босқа сол үшін?
Віз қырғызды шапқанда
Төбесінен басқанда
Жалғастыр бізben жең ұшын,
Қол алсысып осыған
Жасайық бүгін келісім!»

Анда Қекше кеп айтат,
Кеп айтқанда деп айтат:
«Үретүғын айға да,
Үретүғын сайға да
Иттер бар фой қайда да,
Қатын сөзді қоздырып,
Қазақ пenen өзбекті
Қырғызға қарсы қайрама!
Вір халықты бір халық
Басынбаса болмай ма,
Бұғалық боп мойнына
Асылмаса болмай ма?!

Көптігіне мастанып
Өлі жеткен аздарды
Билемесе болмай ма?
Тамырын езіп таптайлад
Илемесе болмай ма?
Өз жерінде әр халық
Өз бетінше ел болып
Тұра берсе болмай ма?
Өз еркімен тірлігін
Қыла берсе болмай ма?
Жақсылықпен жарқырап
Күндей күліп көктегі
Шыға берсе болмай ма?
Вірімізді қазақ қып,
Вірімізді қырғыз ғып,
Вірімізді орыс қып,
Өзбек, қытай, қалмақ қып

Бір тәңірім өу бастан
Бірдей тең ғып жаратқан,
Жайлайтын бөлек жер беріп,
Сайрайтын ерек тіл беріп,
Ай-әлемге таратқан!
Екі мың жыл жасап өлмеген
Ежелгі тұқым сен болсаң,
Қазақ, қырғыз, өзбекті
Жаңа туды деп пе едің?
Тұрағы жоқ, түбі жоқ
Жыннан шықты деп пе едің,
Құрағы жоқ, түгі жоқ
Құмнан шықты деп пе едің?
Кеше атамыз құғанда
Қабырғаны жағалап,
Қорғаныңды панарап
Жөңкіле қашқан жоқ па едің?
Кеңесем десен, сөз басқа,
Теңесем десен, сөз басқа,
Егесем десен, өзің біл!
Үйіңе сенің бардым ба,
Үркітіп бүлік салдым ба?
Ат ойнатып аулыңа
Айқырып бүлік салдым ба?
Шаһарыңды талқандап
Ширатылған шылбырдай
Шашыңды кесіп алдым ба?
Төріңе шығып тайраңдал
Тыныш жатқан жұртыңды
Табаныма салдым ба?
Қаруыңды көтеріп
Басқа елге неге баrasың?
Қырғыңды неге саласың?
Билігіңе көнбейді
Алашым мен Манасым,
Жерін тартып алам деп
Қорлық, зорлық қылсандар,

Халықтардың қаһарлы
Қарғысына ұшырап
Айдалада қаңғырып
Көмусіз бір күн қаларсын!»

Телегейдей сөздерін
Толғап-толғап алғаны,
Мықтысынған манжуды
Үрғап-ырғап алғаны,
Ерен Көкше, ер Көкше,
Заңғар ойлы зор Көкше,
Қырандай болып самғады,
Оқуы күшті Несқара
Айла таппай қалғаны,
Майлы шектей жылпылдаپ,
Сабындай болып сылпылдаپ,
Тағы да кептен салғаны:
«Сынап едім Ер Көкше
Жақынын жауға бермес деп,
Сөз қонған қазақ баласын
Дауласып ешкім жеңбес деп,
Айдарханның Ер Көкше
Ерлігіне сенейін,
Осы әкелген байлықты
Сұраусыз саған берейін,
Орайына тек қана
Біз қырғызды шапқанда
Аулақ тұрсаң болғаны,
Арамызға кіріспе
Ата жауым қырғызбен
Амандық-саулық біліспе,
Қатарласып жүріспе!»

Көкше сонда сөйлейді
Сөйлегенде бүй дейді:
«Бөліп-бөліп бұтарлап,
Тіліп-тіліп тұтамдаپ,
Жұмырыңа жүқ қылмай

Отырмысың жұтам деп?»
Көкшениң қаны қайнады,
Ту биенің тоқпақтай
Тұтамдап тоқпан жілігін,
Бұтар-бұтар шайнады:
«Жылтыраған байлыққа
Сатылатын халқым жоқ,
Достарын сатып кететін
Ол халқымның салты жоқ.
Өсемдеткен мұліктің
Бояуына білдірмей
Бойға баяу сіңетін
Улы дәрі қоспасын,
Жылтыраққа алданып
Бізді қара баспасын!
Өз көлімді қорсынып
Теңізді қайдан табамын?
Өз малымды қомсынып
Семізді қайдан табамын!
Айдың бұрышы алты сан
Алты айналып іздесем,
Жердің бұрышы жеті сан
Жеті айналып іздесем,
Айырқалпақ қырғыздай
Егізді қайдан табамын?!

Қырғызсыз қазақ бола ма,
Қазақсыз қырғыз оңа ма?!

Айкөл Манас дауысы
Алатаудан ақырса
Тұп Бейжінге жеткендей,
Алтыныңды алмаспын,
Қазынама салмаспын,
Сары алтынға сатылып,
Санатты жұрттың алдында
Қарабет боп қалмаспын,
Тұқымымыз Тұранның
Түлегіміз қыранның,
Тұлкілікке бармаспын,

Сыйынды көріп құрметпен,
Аттаныңыз дүрмекпен!»
Есіле сөйлеп Ер Қекше
Шешімін кесіп бергені,
Манжудың ханы Несқара
Амалсыз бұған көнгені,
Ақылы асқан Ер Қекше
Атасы басқа манжуды
Алтынына алданбай
Қаңқуына малданбай
Айқаспай-ақ жеңгени!

БАЙГОЗЫНЫҢ ЖЕБЕСІ

Шоқан Уәлихановтың ізімен

Қонады ел ордаға, ер тұғырға,
Жетеді ат дүбірі алты қырға.
Бір күні хан өскері келе жатты
Заманда жаугершілік жортудылда.

Шындаса қалың қолды харап қылған,
Батырлар кең даланы азат қылған.
Зәресі зәр түбіне кететіндей
Дүшпанның ту сыртынан қарап тұрған.
Құдайға шүкіршілік айтады жүрт
Бұларды қалмақ қылмай, қазақ қылған.
Орендер ағаларға бойын түзеп
Жүйрігін ерлік жолға жараттырған.
Оргытып ойға-қырға аргымақты
Самалға құйрық-жалын тараттырған.
Саумалап сақалдарын қариялар.
Тілек қып, үміт күткен талаптыдан,
Қосынға елеусіздеу қосылышты
Байғозы жаңа шықкан тарақтыдан.

Сіңірлі, серіппедей ширатылған,
Қимылды қабыландаі түнде атылған.
Айбарлы, ай мандайлы, асқар бойлы
Жанары ауырлаған мұңды ақылдан,
Байғозы батырлармен жортты бірге
Ас-суын бөліп ішіп бір бақырдан.

Сол уақыттар болғанда
Шақшақ ұлы Жәнібек
Асып туған ер еді,
Бұрқыратып иісін
Насыбай атып жатқанда
Байғозы тұра келеді:
«Шақшаңызды ағасы
Бері таста», – дегені.
Арыстандай Жәнібек
Серпіліп сөзді бастасын,
Түшкіріп өуел тастасын:
«А, шырағым, шырағым,
Былай қойып басқасын,
Үялмай қайтіп сұрайсың
Жәнібектің шақшасын?

Ертең жауға барғанда,
Қиқулап ұрыс салғанда,
Жалпақ жатқан жұртыңа
Жарақ болар ма екенсің?
Есің шығып далбаңдал,
Қарғадай боп қалбаңдал,
Етігіңдің басына
Қарап қалар ма екенсің?
Ақ наизадай сартылдал,
Алдаспандай жарқылдал
Қалың қолды жарғанда,
Жұлдызың биік жанғанда,
Насыбайды атуға,
Қолымнан менің татуға
Жарап қалар ма екенсің?»

Жәнібектің сөзіне
Байғозы қаны қайнады.
Қайнаса да сабыр ғып
Арғы жағын ойлады.
Насыбай үшін бір атым
Асқар таудай басы ұлкен,
Ақ сақалды жасы ұлкен
Жәнібектей ағаны
Жаман сөзге қимады.

Сол уақыттар болғанда
Дауылпазы қағылып
Даланың бәрі даң болды,
Болат тұяқ дүркіреп
Жердің жүзі шаң болды,
Күннің көзі тұтылды
Күлімдеп тұрған дүние
Қара шаңға жұтылды.
Қалың қалмақ қиқулап
Ойдан-қырдан құйылды,
Ту астына жиылды,
Қара қасқа ат мінген
Қара таудай бір қалмақ
Қара туын үйірді.
Айналасын жапырып
Соқтырды қара құйынды,
Алаштын ұлы абдырап
Еір аллаға сиынды!

Тұтасқан тұлғасынан жұрт шошынды,
Жан-жағын жалмайтуғын жұт секілді,
Оянып мың жыл бойғы үйқысынан
Піл мініп, таудан түскен пұт секілді.

Найзаға ту байлаған қыл шашақты,
Шашақты қанша батыр қырқа шапты,
Көк найза бұлғап-бұлғап толғағанда
Қапыда талай ерлер қаза тапты.

Туының желбіреген қылышығы оқтай,
Тілгілеп тиген жерін түр шыдатпай.
Жаңбырдай жауған жебе сауытынан
Серпіліп шашылады қу шыбықтай.

Қайнады қара бұлттай қалмақ туы,
Қаһары қабағынан саулап тұрды,
Қайқайтып қазақ соққан қарсы келіп
Күрзісін көрген де жоқ қаңбак құрлы.

Ұшырып үрей-құтын ұландардың,
Бездіріп айдалаға жан бақтырды,
Қылышпен қия тартып жанкештіңі
Сайғанда көк сұңгімен шаш қаптырды.
Жасында жолбарыстай жауды соққан
Жәнібек басын шайқап барлап тұрды.

«Қазақты басқандай ма қара алbastы,
Сөгіліп қабырғасы құты қашты,
Жығатын жалмауызды ұл тумап па
Қан кешіп, қорғап қалар алты алашты?»
Сол кезде жас Байғозы қара дәуге
Қарсы кеп, садақ кезеп тайталасты.

Байғозы көн садақты шірей тартты,
Ұрандап күш-қуаты үдей тартты,
Қабандай қорқыратып қақ жарам деп
Көзінен кіндігінің тірей тартты.
Түйені тесіп өтер болат жебе
Тигенде тас қалмаққа діріл қақты.

Бөгелді көбе бұзар дір-дір етіп,
Құлгендей болды қалмақ ыржың етіп,
Байғозы байлап атса нeden болсын
Ағып өте шығатын зыр-зыр етіп.

Дірілдеп көк сүр жебе қайысқандай,
Торғауыт тоғыз қабат майысқандай,

Көзінен кіреуkenің көктеj өтіп
Ажал боп кіндігіне жабысқандай,
Теңселді таудай неме ат-матымен
Вір өзі он сан қолмен сайысқандай,
Опырып өтпеді-ау деп атқан оғым
Байғозы ақырды кеп арыстандай,
Аузынан ақ жалын боп атылған дем
Дүшпанның дуасымен алышқандай,
Гұрс етіп құлап түсті сонда қалмак
Қара тау қара жермен табысқандай.

Қалмақтың туы құлап, басы кетті,
Аруағы алты Алаштың асып кетті,
Атойлап «Абылайлап» ат қойғанда
Нояндар қоян болып қашып кетті.

Қалмақтың көбі сонда өлді дейді,
Қазақтар тас-талқан ғып жеңді дейді,
Дүшпаның жеңіп болып ер Байғозы
Аяңдап Жәнібекке келді дейді.

Байғозы сонда сөйлейді,
Сөйлегенде бүй дейді:
«Ау, ағасы, ағасы,
Алтынды тонның жағасы,
Тілеуінді құдайым
Берген жоқ па, қарашы,
Вір насыбай ататын
Сіз бен бізге бір кезек
Желген жоқ па шамасы?!»

Жәнібек сонда сөйлейді,
Сөйлегенде бүй дейді:
«Айналайын қарағым,
Не десе де жарасар
Біз секілді ағаға,
Сынап едім өзінді
Сөзімді ауыр санама.

Жалғыз оқпен жауыңды
Жеңіп берген жарығым,
Ризамыз ата-анаңа,
Сендей үлдүң жолына
Шақша түгіл дәл бүгін
Шақшақтың өзі садаға!»

Тастай берді шақшасын
Насыбайды атқасын
Аға-інідей жарасып,
Батырлар тартты ауылға
Жақсылықпен тарасып!
Наймантайұлы Байғозы,
Бағлан да өзі, бай да өзі.
Өрледі бағы бұдан соң
Алланың түсіп оң көзі!

Абылай туын үстаган
Өмірі оның өнеге,
Ерлігі өшпес сабақ-ты,
Атасы батыр Наймантай
Айбалтадай қамшымен
Жайратқан жауын жарақты,
Нағашысы Есет, Бөгенбай,
Айбынын елдің асырып
Әлемге даңқы тарапты.
Жиені батыр Ағыбай
Ақжолтай деп алты Алаш
Әулиеге санапты,
Жиені Ықылас күйімен
Дүниені үйятып
Тербекен түгел тарапты,
Үрпағы дана Ақселеу
Фылымның түсіп жолына
Білімнің нұрын таратты,
Жұлдыздай жанып ұл-қызы
Өркендең өсті Тарақты,

Тарактыны жырласақ
Жырлағанымыз емес пе
Байрағы көкте шалқыған
Байтақ елім қазақты!

ТАМА ЕСЕТТИҢ ТАБАНЫ

Тарлан мініп
Жаралғандай темірден,
Батыр Есет
Өтерінде өмірден
Бас көтеріп,
Бақұлдасып бауырмен
Айтты бір сөз
Шегелеп шын көңілден.

«Аллаға да,
Алашқа да ниетім
Түзулігін
Барлығың да білесін,
Күнбатысқа
Аяғымды қаратып
Жерле мені,
Жолға дүшпан журетін!

Пендесінің
Өзі қолдар талабын,
Тілегімнің
Біледі Алла адалын,
Рахым қылса
Қабыл етер қайдан да
Оған бірдей
Жердің түгел тарабы,
Теріс жаттың
Деп мени ешкім жазғырмас
Үстап тұрам
Тоғыз жолдың торабын,

Тұған жерге
Тайраңдатып кіргізбей
Басқыншыны
Тіреп жатсын табаным!
Өтті батыр...
Антқа берік ағайын
Орындады
Аманатын бабаның.
Құба жонда
Құнбатысты күзетіп
Бейіті тұр
Әулие Есет Таманың!

КЕРЕЙ ЕР ЖӘНІБЕКТІҢ КӨҢІЛ МЕН КӨК ДӨНЕНІ

Сиынып жаратушы бір құдайға
Қылышын тасқа қайрап, жанып айға,
Қазақтың арыстандай батырлары
Анттасып, серік болып Абылайға.
Жолында азаттықтың жан қимаса
Алаштың соры қалың, бағы қайда?
Өліпті ханның аты бір соғыста
Қадалып тар қолтықтан зәрлі наиза.

Хан жығылып, шайқалып тұр байрағы
Дүние төбесінде шыр айналды,
Қазақты мұратына жеткізе алмай
Арманда кеттім-ау деп шын ойланды,
Қапыда жаяу қалған Абылайды
Қоршауга бір топ қалмақ ыңғайланды.

Шыдайды ер сынаққа, нар салмаққа,
Мұрша жоқ жанталаста жар салмаққа,

Бетпе-бет келді ажалмен қаһарман хан
Қасқайып қан майданда қарсы алмақça.

Ер үшін өлімнен де намыс күшті,
Ызадан беттің түгі қарыс шықты.
Тұрғанда хан тағдыры қыл үстінде
Алдияр, аттан деген дауыс шықты.

Қараса, жас Жәнібек қара балуан,
Қайтпаған қалың жаудан жалаулаған,
Секіріп түсе қалып, тартты ханға
Көлденең көк дөненді танаураған.

«Алдияр, көк дөненмен жөнел», – деді,
«Жолыңа қарап отыр көп ел», – деді.
«Сен жаяу қаласың ба?» – деген ханға, –
«Маңдайга жазылғанын көрем», – деді.

Хан айтты: «Мен жылыстап кете алмаймын,
Мақсатқа қашып-пысып жете алмаймын,
Жолдасын жауға тастап, бас сауғалап
Бұтаға бұққан бейбақ атанбаймын!»

Жәнібек отты көзін сырға тұнған
Тік қадап, деді: «Кез бе ырғатылған,
Сендей хан керек қазір халқымызға,
Мен өлсем, ер туады бір қатыннан!

Қазаққа жан-жағынан қауіп төнді,
Алып шық тар кезеңнен халықты енді!»
«Кетпеймін, – деді Абылай, – соғысамын
Сенімен қатар тұра қалып тегі».
Жәнібек: «Қор қылғанша қоңтайшыға
Тастаймын өзім сені шауып», – деді.

«Уа, алдияр, екеуміз
Бірдей өлсек жөн болмас,
Бассыз қалса қазағың

Есі кетіп, ел болмас,
Елдің қамын жесеңіз,
Жер біздікі десеңіз,
Аттан де енді бөгелмей».

Жәнібектей жан жолдас
Қолтықтан ханды көтеріп
Көк дөненге мінгізді,
«Шұу, жануар, көні» деп
Жаутаңдаған дөненди
Тобылғы салты қамшымен
Сауырынан бір тартып
Елге қарай жүргізді.

Егесін жерге қаратпай,
Керіле тартқан садақтай,
Көсілте сермен тұяғын,
Көденің түбін тепкізбей
Көлбей үшты көк дөнен,
Жебеге жауған жеткізбей,
Көбесін ердің секкізбей
Желдей үшты көк дөнен.
Хандығы мен қазақтың
Елдігінің тағдырын
Қыл мойнымен көтеріп
Өрлей үшты көк дөнен.
Қағанатын қазақтың,
Аманатын Алаштың
Анталаған дүшпанға
Бермей үшты көк дөнен!

Қос танауы делдиіп
Қос өкпесі қысылып
Аузынан кебік бүркырап,
Шыбын жаны шырқырап
Жанып шықты көк дөнен,
Қара бұлтты құрсаған
Жарып шықты көк дөнен,

Қара таудай аруағы
Қара жердей салмағы
Абылайдай ханыңды
Бір ажалдан аман-сау
Алып шықты көк дөнен!

Жәнібек енді жауға бұрылады,
Басына бір төбенің шығып алды,
Жаяуды тапап өте салам деген
Өркеуде көк сұңгіге үрінады.
Жалғызға жан-жағынан жабылғанда
Жалт еткен қылышынан қырылады,
Жапырып жолбарыстай Ер Жәнібек
Ақырса, жаудың жүні жығылады,
Бір қалмақ ғұрзіменен ұрган кезде
Қалқанмен қағып қарсы тұрып алды,
Шап беріп ұстай алып айдарынан,
Атынан тымақтай ғып жұлдып алды,
Аунатып топыраққа бүрк еткізіп,
Атына ата жаудың мініп алды.

Тұлпар ат тигеннен соң тақымына
Далада бөгет бар ма батыр ұлға?
Ұран сап айбаттанды Ер Жәнібек
Құйылып көктен қуат қарқынына.

Аруағы Жәнібектің асқан екен,
Тарыдай торғауытты шашқан екен,
Қоршауын қорқаулардың бұзып шығып
Ханының оң тізесін басқан екен...

Откеннің аңыз болған шын дерегі,
Біздерге бар ғой оның мың керегі,
Ажалдың ауызында тұрган сәтте,
Еіреуге атын түсіп кім береді?
Аман-сау Абылайды алып шыққан
Керейдің көңілі мен көк дөнени!

Ерлікпен ақ наизага ту байлаған,
Салмаған дақпырт үшін құр байбалам
Айналдым аруағынан аталардың
Алдымен өзін емес елді ойлаған.

Жаудан қорғап даланы,
Халық үшін қан кешіп,
Хан үшін жанын қиятын
Жәнібектей ер қайда?
Ер қадірін білетін
Абылайдай хан қайда?
Жарықтық атам Жәнібек
Арғы бет пен бергі бет
Арасын ашып жол қылған,
Шетінде болам елдің деп,
Өтінде болам желдің деп,
Бетінде болам жаудың деп,
Жайлаймын еркін жан-жагын
Атамыз Алтай таудың деп,
Он екі Абақ Керейді
Қанатын жайып қондырған,
Өрісін ашып ел қылған,
Ерліктің асыл жыр-әнін,
Азаттықтың ұранын
Үрпағына мәңгілік
Аманат қылып қалдырған!

ОЛЖАБАЙ БАТЫРДЫҢ ӨРКЕНІ

Məshhur Жүсіптің ізімен

Олжабай асқан батыр, бұла күшті,
Бір үйге бір жорықта тұра тұсті.
Күйеуі сапарда екен, жалғыз әйел
Әйгілі қонағына құрақ үшты.

Көсіліп көкжал көзін ілді дейді,
Қара түн құпияны білдірмейді.
Олжабай шырт үйқыда жатқан кезде,
Қойнына әйел келіп кірді дейді.

Олжабай от пен судан саспап еді,
Ордалы он сан қолдан қашпап еді,
Аузына кірер болса жыланның да,
Тісімен басын қыршип тастар еді.

Жын ба өзі? Пері ме өлде албасты ма?
Деп ойлап аңтарылды алғашқыда,
Қазақта қандай қатын бүйтүші еді,
Ақылдан өлде байғұс алжасты ма?

Деді әйел: «Перзентсіздік тарттым зарын,
Белбеуге түйіп келдім беттің арын,
Байымды қубас деген сөз батады,
Мен қайтіп қарыстырам жүрттың жанын?!

Ер едің, бұл сырымды жая алмассың,
Қағынды қатын болсам қара бассын,
Дәметіп кеп отырмын аруағыңдан,
Бір атым оғыңызды аямассың!»

Жалаңаш жата кетті ұзынынан,
Қараша үй қайнап кетті қызуынан.
Қиын-ау қайратты ерге қалыс қалу
Жалғанның бір ғажайып қызығынан.

Ол айтты: «Құдай білер муратынды,
Жаяды рахым қылса қанатынды,
Жолыма бір жобалғы болады-ау деп,
Серт қылғам былғамауға болатымды!

Намысын азаматтың жерге таптап,
Кетпекпін қалай ғана дәмнен аттап,
Шын болса менде бары, бердім саған,
Еріңмен қауыша бер жүзбен аппақ!»

Қазаққа қызықтан да үят артық,
Кіндікten төмен қарай қия тартып,
Бір сипап алақанмен жүре берді,
Қалды әйел құс төсекте бойы балқып.

Өртеніп, өмірі үқсан ертегіге,
Қуанды шөп шыққандай өртеңіне,
«Қонағым құдай ақы ұл берді» деп,
Боз қасқа айтып шалды өртеңіне.

Құдайым берді дейді тілеуді енді,
Бейбақтар үміттеніп күлер болды,
Олжабай атап кеткен лепес бала
Өркендер, өсіп-өніп бір ел болды!

Замана уақыт өтіп өзгеріпті,
Бұрынғы кейінгіге сөз болыпты,
Олжабай немересі Арыстанбай
Қарулы қолға бір күн кез болыпты.

Ай-шай жоқ дабылдатып даңғарадай,
Екі топ айқасыпты айдалада,
Тұлпардың тұяғынан от үшқында,
Шаң-тозаң бүркүрапты айналаға.

Бір-бірін жұлқыса да жыға алмайды,
Талдырып талмау жерден ұра алмайды,
Бұлар да Олжабай деп қиқуласа,
Олар да Олжабайлап ұрандайды.

Олжабай Орта жүздің ұраны екен,
Ерліктің өшпейтін шам шырағы екен,
Кім бұрын Олжабайдың атын айтса,
Аруагы соны қолдап тұрады екен,
«Олжабай! Олжабай!» деп шапқан кісі,
Жасанған жауды жалғыз жығады екен.

Өркайсысы өз асығын алшы көріп,
Салса да күш-қайратын бар шіреніп,
Таусылды амалдары жеңіс алмай,
Олжабай Олжабайға қарсы келіп.

Доғарып сойыл соғыс күн батарда,
Титықтап келеді енді тіл қатарға,
Қоржыннан алты малта бөлісіп жеп,
Қол берді қас қылмауга бұл сапарда.

Сөйледі Арыстанбай: «Ерге бір сын,
Уағданы бұзған адам жерге кірсін,
Мен болсам өз атамның атын айттым,
Шығатын Олжабайлап сендер кімсің?!»

Шайқаста қаһарланған жыны буып,
«Жаулардың» ең үлкені суырылып,
Әйел мен Олжабайдың әңгімесін
Сейледі шешен тілмен ұғындырып.

«Ол әйел, – деді, – біздің анашымыз,
Ананы ардағтаған Алашымыз,
Хангелді – менің атым, өркен жайған
Олжабайдың біз лепес баласымыз.

Батырдың батасынан туғандаймыз,
Ерлікке белімізді буғандаймыз,
Олжабай – сенің де атаң, менің де атам,
Сиынып аруағына ұрандаймыз!»

Соғысып күні бойы аман қалған,
Осымен дүшпандығы тәмамдалған,
Қос батыр құшақтасты бауырмыз деп
Жаралған бірі қаннан, бірі жаннан.

Қаһарман, күркіреген пілдей болған,
Шуақты көңілдері күндей болған,
Жарықтық аталарым өулие ғой
Қазақтың баласына бірдей болған!

Жан білмес жаратқанның жұмбағы көп,
Алаштың құдай сүйген ұлдары деп,
Жылаңқы жасық жырды ұнатпаймын,
Тұрады батырларды жырлағым кеп!

МАРАЛ ИШАННЫҢ АМАНАТЫ

Адамзат қайдан келді, қайда кетпек,
Түбіне бұл сауалдың кім бар жетпек?
Бойсұнып бір Аллаға хақ мұсылман
Адалдан нәсіп теріп, еңбек етпек,
Шүкірсіз көпсінгендер басқа жүртты
Неліктен баса-көктеп, басқа теппек?!
Ешкімге құдай ерік бермеген ғой
Қырып, жой, күш жеткенді бодан ет деп.
Адамның жайшылықта бәрі батыр,
Тарихтың соққан кезде желі өкпек.
Атадан асып туған ер-азамат
Ел үшін жанын қинап, қанын төкпек,
Мен, мен деп күмпілдеген қуыс кеуде
Шашылған бұлт секілді қалқыр шеттеп,
Асылдар өрт боп өткен өкінбекен
Өртеңге өркен өсер еркін көктеп.
Шыңғырған шындығынды тұншықтырып
Шегендер, шенберімен қойған шектеп,
Уақыттың шаңы басқан ата жолын
Қайтадан танып жатыр ұрпақ зерттеп.
Бас иіп бабалардың киесіне
Балалар, тәуап қылышп, тағзым ет тек,
Өшпейді ата дінің, ана тілің,
Қолға алсақ ынтымақпен түгел көп бол!

Сауал көп жауабын біз таба алмаған,
Дүниеге адам тегін жаралмаған,

Жаратқан құдіреттің ғажабындау
Ерекше қасиетті Марал бабам!

Тербесе өулиелік бесігінде
Құдайдың күмән бар ма шешімінде,
Алаштың пірі болған бабамыздың
Кие бар Марал деген есімінде.

Бөлленген қасиетке құндақтағы ұл,
Уілдеп, талпынғандай шың жаққа кіл,
Ақылмен түсіндіру мүмкін емес
Жұмбақ жан, жұмбақ қуат, жұмбақ тағдыр!

Файыптың кім бойлаған тереңіне,
Қадірлі еңбегімен ер еліне,
Тимесе бір пайдасы туған елге
Қандай да қасиеттің керегі не?
Аянбай қайран бабам адам үшін
Өнеге, қуат беріп өреніне,
Аластап алbastыны аруағымен
Жын-шайтан шалығынан емdedі де,
Жөнге сап адасқанды, хақ жолында
Халқына нұрын шашып жүргенінде.

Төніпті қара шеңгел қазақ атқа,
Төзе алмай қоныпты ерлер қазанатқа,
Үран сап жер-жahanға Марал ишан
Рухани көсем болған ғазауатқа!

Жан-жағын тоймай жалмап тасынғасын,
Қор тұтып, қазақ елін басынғасын,
«Жұзбе-жүз ақ патшаға жолықтыр» деп
Хат жазды жандаралға ашынғасын.

«Қазақтың қаймағына салдың қасық,
Орман, көл, жердің бәрін алдың басып,
Көнбекенге зеңбірек зіркілдетіп,
Зорлық қып момын елдің қанын шашып.

Құдай білер берерін бақты кімге,
Жетерміз ертең біз де жақсы қунге,
Құнарлы жерге түскен дән өседі,
Жатпайды алмас қанжар қап түбінде!»

Жазыпты көп өңгіме ойланатын,
Қазақтың көрген жәбір, қиянатын,
Жан болса сөз ұғатын реті бар ғой
Қиянат істері үшін ұялатын.

Обырлар озбырылықтан бас тартпады,
Мастанып, көптігіне асқақтады,
Қан төгіп, зұлымдыққа батқандардың
Заңды ғой өулиеден қашқақтауы.

Құштілер тәубасына келер ме еді?
Құдайға шын ниетпен сенер ме еді?
Патшалар өулиеге құлақ асса,
Әлемде әділеттік женер ме еді?

Қоймады, ұялмады, тыңдамады,
Ойрандал, түп-тамырды жүлмалады,
Алайда от қарулы отаршылдар
Иманын мұсылманның жеңе алмады.

Патшага бағынса да құл болмады ел
Таныған иеміз деп тек Алланы,
Фарышпен сырласыпты Сыр бойында
Жұбатып дұғасымен жылағанды,
Өмірден өзі өткен соң, зираты да
Иманның тірегі боп тұра қалды!

Алты Алаш ардақтайды Марал атын,
Өсиет, өнеге ғып жазған хатын,
Тең болып, барлық елмен сыйласаң да,
Жаныңда жолатпай еш жаманатын,
Мұлкінді берсең-дағы жат жүрттарға
Рухыңды берме деген аманатын!

АЙҒАНЫМНЫҢ АЙЛАСЫ

Төндіріп темір шеңгел, жуан тармақ,
Сығымдал тартқандайын судан қармақ,
Абылай ордасының орнына
Ақ патша болды дейді дуан салмақ.
Іңғайлап Қекшетауды дуанына,
Жандарал, жандайшаптар қуануда,
Картага тау мен орман, көлді сызып,
Қамдады құралды топ шығаруға.

Айғаным ауыр ойға батты дейді
Суық сөз шалынғалы құлағына.
Бекінді қондырмасқа бөгделерді
Абылай атасының тұрағына.

Болса да дүлей дажал, қасқа дию,
Оңай ма Қекшетауды жатқа қию,
Және де өртейді өзін алты Алаштың
Ашықтан-ашық майды отқа құю.

Откенді жырлайды жүрт көрген жандай,
Хақым жоқ қол сілтерге елге наңбай,
Жат жүрттың жазбасына жабысқанша,
Аңызға атаң айтқан сенген қандай.
Айғаным өжеміздің ақылымен
Аяңдап, сабырменен сөнбей, жанбай,
Алдынан отрядтың қарсы шықты
Қос батыр ағайынды Қөлбай, Жанбай.

Екпіндеп, орман бойлап, өрмелендеп,
Суылдан келе жатқан дөңгелендеп,
Қарулы қалың топты күтіп алды,
Қолымен төсін басып, көлденендеп,
Момақан жігіттерден жөн сұрады
Қаланы салатуғын жер көрем деп.

«Көр, – деді, – тауың, міне, картадағы,
Көл мынау, дөңгеленген ортадағы,
Осы деп әпесерді иландырды,
Атақты Көкшетауың Арқадағы!»

Қаз, үйрек қаңқылдатып Қопа жақты,
Оранып ну орманға Бұқпа жатты.
Көк толқын көңіл жарын соқты көріп,
Қаймағы бұзылмаған көп ғажапты.

Сөзіне батырлардың наңды дейді,
Атынан түсे-түсे қалды дейді,
Бұқпаның етегіне Көкшетауды
Қопаны жағалата салды дейді...

Бұл күнде Көкшетауым өскен қала,
Арқаның ақ самалы ескен қала,
Ал бірақ шын Көкшетау алыс жатыр,
Осыны ойға алады жұрт таңдана.
Қарысқан қарыс жерін бермеймін деп,
Мандатсыз аталарым неткен дана!

АГАЙЫННЫҢ ӘКПЕСІ

Ертеде, отаршылдық заманында
Шыдамай зорлықшылдың амалына
Қазақтар ұлт-азаттық құрес бастап
Шауыпты басқыншылық қамалына.
Қолбасы – агайынды екі батыр,
Татиды іні – жүзге, аға – мыңға!

Тілеуін елдің құдай берді дейді,
Шайқасып талай жерде жеңді дейді,
Бір күні бір жорықта қалың өскер
Тебеден төнген құсты көрді дейді,

Мазалай бергеннен соң қайта-қайта,
Ыза боп, атып түспек болды дейді.

Ақылгөй, батыр аға алып күшті,
Көздеді ат үстінен бағып құсты,
Қолмерген шапшаң іні одан бұрын
Сілтеп қап жалғыз оқпен қағып түсті.

Қалбаңдал зеңгір көктен құс құлады,
Жұрт шулап, аттар туласы пысқырады.
Жалғыз-ақ сыр білдірмей аға тұрды,
Құйсе де қызғаныштан ішкі жағы.

«Қайда бұның кішілік, көргендігі,
Іні озғанда ағаның өлген күні.
Жұрт мұны хан көтеріп барады ғой
Менен де асып кетті деп мергендігі?!»

Ағаның даңғыл көңілі болды тастақ,
Қатты сөз айтпаса да беттен жасқап,
Ойламай өмір заңын ер қасарса,
Қиуы кетіп елдің құты қашпақ.
Жалғасып үрпақ өсіп, дәуір аспақ,
Қашанда аға орнын бауыр баспақ,
Бір күні жаудың түсіп қоршауына
Інісі кетті қырғын соғыс бастап,
Құтқарып алар ма еді оны ағасы
Тап беріп тұтқылдан тисе қаптап.
Көзденеген құсымды атып түсірді деп
Інісін кетті қиып жауға тастап.
Тұрғанда қыл үстінде ұлт тағдыры
Жіберді бір өкпеге айырбастап.
Қырылып кете барды кілең боздақ
Басына қас дүшпеннан жастық жастап.
Кішкентай қызғанышын жеңе алмаған
Қайран ерлер ұлы істе кімнен аспақ!?

БАЛУАН ШОЛАҚ ПЕН ИМАНЖҮСІП

Балуан Шолақ бабаның
Өмірі мен өнерін
Құрметтеп халқы жыр қылған.
Абақтысын патшаның
Тас-талқан ғып қиратып,
Бұғауын бұрап сындырған.

Сұлулық пен қара күш
Тал бойында үйлескен,
Топырағынан жааралған,
Өуесінен нәр алған,
Көліне сұңгіп Көкшениң
Шыңдарымен тілдескен,
Бұлағынан сусындал
Бұланымен бірге өскен,
Ауасын жұтып жұпардай,
Ақ қайыңмен әзілдеп,
Қарағаймен курескен,
Сегіз қырлы, бір сырлы
Сал-серімен сырласып,
Віржан, Ақан, Ыбырай
Ұлылармен үндескен,
Аруларды аяулы
Айлы тұнде әнімен
Тербел ғажап күй кешкен!

Жақсылықты жақтырған
Жамандықты жат қылған.
Қысылтаяң кездерде
Сирақтан алып сиырды
Тәбесіне қораның
Бір-ақ ырғап лақтырған.
Қаһарына мінгенде
Борандай болып бүрқаған,
Қара таудың басынан

Қара тасты қопарып
Қарғып өткен қырқадан.
Жігіттері ауылдың
Қызық үшін Балуанның
Қыл арқан салып мойнына
Екі жаққа табандап
Қылқындыра тартқанда
Қозғалмастан орнынан
Домбырасы күмбірлеп
Құлімдеп әнін шырқаған!

Жарықтық біздің аталар
Артпаса, сірә, кем бе еді?
Тәкаппарлау шетелден,
Ағылшындық арыстан
Топан судай Том Тофан
Тұмандатқан Лондонда
Сегіз жұз килі көтерген,
Есебі оның елу пүт,
Айтпайды тарих бекерден.
Есіце алшы, қазағым,
Көкшетаудың базарын,
Бір ерлігі сондағы
Балуан Шолақ бабаның
Аударыпты өзіне
Орыс-қазақ назарын,
Елу бір пүт салмақты
Жолбарыстай жондана,
Тастулектей қомдана,
Тік көтеріп алғанда
Алқалаған әлеумет
Анықтап көріп алсын деп,
Айыздары қансын деп,
Буырқанып бурадай
Бұрылыпты онға да,
Бұрылыпты солға да,
Тоқталмас еді онымен

Кірдің тасы «кінөлі»
Толмай қалған тоннаға!

Жалғанда «батырлардың қайсы мықты»
Деген сөз талай мәрте айтылыпты.
Ерлерді салыстырып, таластырған
Қайтерсің пендешілік қайшылықты?

Ол кезде Иманжұсіп даңқы шыққан,
Аңыз көп бізге жеткен жалпы жүрттан,
Бетпе-бет келгенді аттан жұлып алып,
Жыраға бүктең-бүктең бір-ақ тыққан.
Дауылдай солқылдатса сардаланы
Отаршыл өскері де сайға бүкқан.

Танытқан жат жүрттарға қазақтығын.
Алтынға айырбастамай азаттығын,
Рапортқа талай жазған өпесерлер
Иманжұсіп батырдың ғажаптығын!

Бойында күш-қуат пен өнері көп,
Ел сүйген Ерейменнің ерені деп,
«Тап содан абыройың асырмасаң
Шолағым, мықтываемын деп керегі жоқ!»
Азғырды өзәзілдер өбден арбап
Аңғал ер алдағанға сенеді деп,
«Алысса екі арыстан айдалада
Бірі қап, ал біреуі өледі» деп
Жаулары жобалады осылайша
Қазақты қазақ қана женеді деп!

Қайрай берсе дүшпаны,
Ой туады үшқары,
Күндердің күні базарда
Иманжұсіп жанынан
Сүлікқара атымен
Сәлемсіз өте бергенде
Шөкеңді «намыс» қысқаны.

Құйрығынан тұлпардың
Бір қолымен тұтамдағ
Бұраңқырап үстады,
Балуанды тұлпар тарта алмай
Теңсөліп барып тоқтады.
Иманжұсіп қаһарман
Толгана мойнын бұрады.
Қарсы кеп қалды қасарып
Қазақтың екі қыраны,
Найзагай ойнап көзінде
Шарпысып оттай тұрады,
Анталаған ағайын
Демдерін алып ішінен
Сілтідей бәрі тынады.
Алшандаған қасқалар,
Балпаңдаған басқалар
Бұрышында базардың
Бозторғайдай бұғады!

Иманжұсіп қамшысын
Үйіре сілтеп қалғанда
Имансыздар да иманын
Бір үйіріп алатын,
Дөнен өгіз терісін
Бір тартқанда тілетін,
Осып өтсе бауырдан
Бұлғандаған бейбақтар
Тіл тартпастан өлетін,
Бұл әдісін батырдың
Балуан Шолақ билетін
Бір сынасып көруді
Арман қылышп жүретін!

Нағыз ерлер қашанда
Ер қадірін біледі.
Келбетінен Балуанның
Иманжұсіп беренің
Танып қайрат-жігерді

Жамандыққа қимады.
Ауаны тіліп қамшымен
Сауырынан тұлпардың
Сипай тартып жіберді,
Етіне қамшы өткен соң
Мейіздей қатқан жануар
Жымырылып құлағы
Серіппедей ширығып
Шыңғырып қайрат қылады,
Шомбал тастай Шолақты
Жер жыртқандай сырғытып,
Арқан бойы жылжытып,
Шамасы бітіп сонымен
Қос танауы делдиіп
Солықтап тоқтап қалады,
Жылжығаны сол екен
Сірепе қатқан Балуанның
Тіреуіне шыдамай
Тігісінен сөгіліп
Сыпрылып қалыпты
Көн етіктің табаны.
Босатты Балуан шенғелді
Керек деп аттың аманы!

Басын бұрып атының
Иманжүсіп сейлейді,
Сейлегенде бүй дейді:
«Алаштың арда ұлысын,
Бөлек таудай ірісін,
Шамырқандың кім үшін?
Аңдыған дұшпан айламен
Біріне-бірін қайрап сап
Біржолата мұқалтпақ
Қазақтың екі қылышын,
Жете алмай жүрген алысып
Азаттық деген арманға,
Азбыз ғой біздер жалғанда,
Бәсеке қуып қастасып

Қырқысып жатсақ өзара
Не боларын еліңің
Білетін жанның бірісің!»

Қолы шолақ болғанмен,
Ақылы шолақ болмаған
Балуанға бұл сөз қонады
Жүректің шерін толғаған
Жауабын қысқа қайырды
Батырлар сөзді созбаған:
«Даңқыңды естіп жер жарған
Келіп еді сынағым,
Қырандар көкте шайқасып
Қанатынан қайрылса,
Қарға, құзғын қарқылдал
Қуанбай ма құладын?
Осының бәрін ойлаған
Жан сырныңды ұғамын,
Қанаттасым, сыңарым,
Келші бері құшақтап
Төсіце төсім түйісіп
Бірге болсын ұраным!»

Түйіннің бәрі шешіліп,
Жібектей болып есіліп,
Құшақтасты батырлар
Құшіне күші қосылып!

Балақтан алып бір-бірін
Бақталас болып, бет жыртқан
Тайрандаса тасырлық,
Тасырлықты басатын
Осындай болса керек-ті
Үлгісі талай ғасырлық
Атадан қалған асылдық!!!

ЖЕЛ СЫБЫРЛАГАН ШЫНДЫҚ

Дүйсенбі Өріповке

Елсізде... Ерте кезде... Ерлі-байлы
Екі атты келе жатты көңлі жайлышы.
Көкжиек тына қалып, қызарғанда
Қонады таңдал турып жерді ыңғайлы.

Көржиниң қотарылып тола басы,
Тартқандай өздеріне қонақ асы,
Шұлғытып шөптің басын жел соққанда
Мырс етіп құлді ерсілеу отағасы.

«Көңілің ауды ма бір жұмбақ ізге,
Бейуақта құлгенің не құла дүзде?
Айтыңыз, – деді әйелі, – қызық болса
Құлейік сізben бірге мына біз де!»

Егесі зайыбына бұрылды енді:
«Бірдене тұртқендей-ау бүгін мені.
Мына жел қозғау салды бір жағдайға,
Қырық жыл тіс жармаған сырым еді.

Жас кезім, көрген емен жаннан қорқып,
Жапанда келе жаттым жалғыз жортып,
Жолықты бір жолаушы жап-жас жігіт
Жұқ артқан жеті түйе керуен тартып.

Әлгімен тілге келіп, болдым серік,
Керуенді айда деді, ақы беріп,
Қонғанда бір жерге кеп, қазынасын
Тонауға көңіліме кірді желік.

Қаперсіз күтті шайдың қайнаганын,
Қапысын табуды мен ойлағанмын.
Еңкейіп отты қозғай бергенінде
Бас салып ту сыртынан байлад алдым.

Ол айтты: »Жанымды қи, малымды ал да,
Мен саған қастық қылар халім бар ма?
Бір байдың жалғызы едім үйленбекен,
Мерт болсам, үзіледі тамыр қарға!»

Жан сырын жас бейбақтың тыңдамадым,
Арқанмен өне бойын шырманп алдым.
«Ашылар зұлымдығын, – деді бір күн,
Обалы жібермейді нахақ қанның!»

«Құлан жоқ, куә түгіл, құмай тағы,
Бұл сырды өшкерелеп кім айтады?»
Деп құліп, қыннан сапы суырғанда,
«Көрерсің, – деді, – бәрін жел айтады!»

Желкеден басып тұрып бауыздадым,
Тістеніп, көзінен жас тамызбады.
Кетпейді көз алдынан күн батарда
Қызыл қан қорқыратып ағызғаным...

Мал-мұлкін базарға сап қылдым амал,
Саудагер сатып алды қоймай сауал.
Қосылдым сеніменен жылдар өте
Келген жоқ содан маган зауал-мауал.

Қайтқан жоқ өлі менің күш-қуатым,
Жайым бар жас жігіттей іс қылатын,
Жайындей жайпап келем жан-жағымды,
Жел қане, шындықты айтып ысқыратын?

Бір тісім қанқұрт түсіп бұзылмаған,
Жағады қазы-қарта, қымыз маган,
Тұп-түгел төрт тұяғым, түтін тұзу,
Жел қайда жанымды жеп ызындаған?!

Әлгі жел еске салды өткен істі», –
Деп құліп, бай сораптап шайын ішті.
Отырган әңгімені әрең тыңдалап
Өйелі қайрай берді отыз тісті.

Егілді жүк басқандай талай батпан,
«Атқан ба алданумен арайлы ақ таң?
Бауырым пышағынан қаза болған
Жауыздың құшағында қалай жатқам?»

Сыр бермей күтіп ақыр қалғығанын,
Арқанмен байлап-матап алды жарын.
Қүйеуі ояна сап, ақырады:
«Әй, қатын, босат қане, қагынбағын!»

Әйелі ағытады шерлі сезін:
«Тартатын сазайыңды келді кезің,
Қиянат қияметке кетпейт деуші ед,
Жел тербеп шыныңды айтып бердің өзің.

Ол жігіт емес еді тегін адам,
Із-тозсыз жоқ боп кеткен менің ағам!
Тапсырган аманатын жеткізді жел,
Ағамның енді сенен кегін алам!»

Қүйеуі жанұшырып сабыр деді,
Әншейін мұның бәрі өзіл деді,
«Әлгінің сенің ағаң екеніне,
Айғағың бар ма көне, өзір», – деді.

«Қарындас, жалғызыым деп елеңдейтін,
Ерекше көрем сені елден дейтін,
Сапарға шыққан сайын, сағынышты
Сөлемім жетер саған желмен дейтін!»

Қырық жыл аймалаған тамағына,
Сапыны салды келіп сағағынан,
Қанішер қаза тапты ақырында
Өзінің кісі өлтірген жарағынан!

САЛЫҚ МОЛДАНЫҢ ӨСИЕТІ

Ертеде біздің елде Салық молда
Дін ұстап, үлгі беріп бастап оңға,
Отіпті халыққа аса қадірлі боп,
Қайтқанда көтеріпті ел қолдан-қолға!

Аулақ болған періден, от-қүйыннан,
Салыққа қасиетті хақ бүйірған,
Жарықтық шын өулие болған дейді
Бас тартқан тірлігінде көп бүйімнан,
Шыңғырып, шынжыр үзген не бір жынды
Аттаса босағасын сап тыйылған!

Бақильтық болғанымен жұз жыл бұрын,
Келеді толғандырып қызы мен ұлын,
Басына кеп тілейді кей адамдар
Ауырса я шаруасы кетсе қырын.
Адамға әлі күнге әсері бар
Ақылмен аша алмайсың мұның сырын.

Атаңды қадірлемеу неткен жаман,
Еір кезде соған мәжбүр еткен заман.
Вірақ та бір бәлеге ұшырайтын
Көнерген Салық молда зиратынан
Дүға оқып бет сипамай өткен адам!

Құпия көп қой біздің қазақта да,
Айтады ұрпақтары ғажаптана,
Өсиет қылған екен өтерінде
Салық молда кейінгі қарақтарға.

«Алтығып, ас берем деп алты алашқа
Алысқа ат шаптырып далақтама,
Жаңғырып, бейітімді у-шу қылып,
Жанымды тыныш жатқан азаптама,

Дұға оқып, есіне алсаң, сауап болсын,
Атымды өсірелеп мадақтама!»

Бұл да бір атамыздың өнегесі,
Ешкіммен жоқ бәсеке, ерегесі,
Мақтау мен мақтанудан мәні бөлек
Өзгеше кіслікітің дәрежесі!

ЖӘКЕЖАН БОЛЫСТЫҢ ЖАЙСАНДЫҒЫ

Әрқильтің көзінен күндерінен
Жолмен келер әркім таққа,
Ел үшін біреу сорға, біреу баққа,
Қазақтан патша солдат алған кезде
Жәкежан болыс бопты Алтай жақта.

Бастады июнь жарлығы дүрбелеңді,
Кескілеп карательдер көнбекенді,
Тағдыры тамырымен жұлдынған ел
Қаңбақтай жел айдаған дөңгеленді.

Құлыштың шырқыратып құрықтарда
Тығындалп жылды-жұмсақ ұлықтарға,
Бай, бағлан өз баласын алып қалып,
Кедейді байладап берген сұық қолға.

Аспаны алты Алаштың бұлттаныпты,
Жәкежан ел қайғысын мықтап үқты.
Ұлықта бес жуз жылқы матап беріп,
Тажалдан боздақтарды құтқарыпты.

Қазақта өткен талай аяулы адам,
Оларды қиналған ел саялаған.
Жұрт үшін жаиннан кешкен жақсылар-ай,
Байлығын өз халқынан аямаған!

Жері жоқ кіслікті аласартқан,
Өнеге Жәкежандай дана қарттан,
Бүгінгі көке жандар кімге тұлға
Шетелге бес байталға бала сатқан!

МОЛДА МЕН НКВД

Көз көрмейтін жүріп жатыр күнде егес
Кешегімен бірдей емес, кем де емес.
Сонда-дағы бүгінің тәуба де,
Уақыт болған кімге шындық, кімге елес.
Үрей буған дүлей заман өтіпті,
Халық қойған оның аты – үндемес.

Жан білмейді кім қадірлі, кім құнсыз,
Көндігіпті күн көруге күңкілсіз.
Қандай ғажап азаматтар бір түнде
Файып болып кетеді еken үн-түнсіз!

Бейімделіп арыз жазғыш сүмелек,
Талай ердің көзін жойды, не керек.
Нахақ жандар тас қараңғы құрдымға
Топыраған күні-түні дәңгелеп,
Сөз түтілі түптеріне жетіпті,
Іш киімі болса қызыл шүберек!

Шексіз билік көзсіз соқыр болғасын
Кім білмейді ел тағдыры оңбасын?
Жұтпақ болды үндеместің араны
Алыстағы бір ауылдың молдасын.
Екі «батыр» аттаныпты салдырлап
Мініп алып олжа қылған жорғасын.

Молдекеннің мұңаятын шағы бар,
Бір Алладан басқа жан жоқ шағынар,

Аруақ қонған қасиетті кісі екен
Жағдайы жоқ жаннан қорқып жаңылар,
Екі өумесер ай-шайына қаратпай
Арбага әкеп отырғызды, нағылар?
Жаңа ғана ауыздықпен алысқан
Жұп-жуас боп жүрмей қойды жануар!

Басқа, көзге сабалады, тепті атты,
Құнгे кезеп, мылтықтарын көкке атты,
Қызыл жаға, қызылкөзден ұялып
Құн де ұяға қанқызылдау боп батты.
Молда мінсе баспай қойған боз жорға,
Молда түссе ойнақ салып жол тартты,
Құші жетпей киесіне көрінің
Тарантасын тарылдатып бос қайтты.

Қаһарланды мән-жайды естіп ләшәндік,
«Білген емес НКВД нашарлық,
Молда түгіл, Алланың да кеудесін
Коммунистің қуаты бар басарлық!»

Ертіп алып әлгі екеуін соңына
Түсті бастық озбырлықтың жолына,
Молдекенде білегінен бас салып
Жұлқылады қаратпай он-солына.

Үлкен жұмыс бітіргендей дұрыстап,
Екі иінінен әрең-әрең тыныстап,
Үйден сүйреп алып шықты молда деп
Иттің екі қу сирағын уыстап.

Барқырады. «Қасиетің осы ма?»
Жұрттың бері қарады оған шошына,
Не болғанын сонда байқап ләшәндік
Тұра қашты міне салып атына.
Сол кеткеннен содыр, сойқан мол кетті
Қайта айналып қайырылмай артына...

ОСПАН БАТЫРДЫҢ МАРАПАТЫ

Аты айналған
Аңыз болып дастанға,
Отаршылдар
Өтірік күліп Оспанға
Батыр деген атақ бердік
Сізге деп,
Алтын жұлдыз
Тарту етті бір күні,
Алдап-сулап
Түсірмекке қақпанға.

Оспан батыр
Жайын байқап қатердің,
«Алтыннан да
Қымбат деді,
Аты ердің.
Атқа қонып
Атой салып шыққанда
Ата жұртқа
Келді теңдік өпергім,
Қемдік көрсе
Туған халқым қорлықта,
Ем бола ма
Марапаты жат елдің!

Жолын қумай
Даңғазаның
Дақпырттың,
Адал қызмет
Атқаруды жақтырттым,
Өз еліңің өзегіне
Құрт түсіп,
Өкініштен
Жаны өртеніп жатқанда

Кімге дәрі
Жылтырағы жат жүрттың!»

Азаттыққа
Жеткізем деп қазағын
Бодандықтың
Бұзған бұғау, мазағын,
Халқын сүйген
Қаһарманнан қаймығып
Отаршылдар
Төмен салып назарын,
Ойлап қойды
Оған арнап жаза мың...
Жылдар бойы
Жолбарыстай алысқан
Ерді ақыры қамауға алып,
Азабын
Тартқызыса да
Тау тұлғасы иілмей
Аузынан шығармастан
Азалы үн,
Құрбан болып кете барды,
Қайран Ер,
Ең соңғы рет
Оқып болып
Намазын!

ӘБСӘЛӘМ ҚАЖЫНЫҢ ЖАУАБЫ

Әкем марқұм айтушы еді аңызғып:
«Өткендердің алдындағы парызды ұқ,
Қажы атамыз Әбсәләмді бір кездे
Абақтыға жауыпты деп жауыздық!»

«Қара орманның қалғанын-ай селдіреп,
Қайран елге қара түнек төнді» деп,

Кең дүниеге тұрды қарап Әбсөләм
Темір тордан ақ сақалы желбіреп.

Тұрме бастық жұртты ұстаган мыштай ғып,
Қажыны да жібермек бол жұрттай ғып.
«Көп женілдік берем, – деді, – мен сізге,
Ақ сақалды сыпыртсаңыз сыптай ғып!»

Қажы атамыз ақ сақалын тарамдап,
Қаскөйлікті қас қағымда бағамдап,
«Сақал үшін отырмын гой осында
Жүре алмаспын оны алдыртып, харамдап!»

«Жәрдемдесем, тәртіпті бол түзелсен,
Нең кетеді біразырақ күзелсен?
Не бар дейсің сол сақалға байланған,
Ақ селеудей шығады ғой күні ертең!»

Қажы атамыз деді: «Бұған жолама,
Иманынан айырылған оңа ма,
Алдамшыға айырбастап жіберсек
Жанымызға иман қайта қона ма!?»

Тұрме бастық қала берді барқырап...
Тауқыметін тар қапастың тартып-ақ,
Қараңғыны жарып шықты бір күні
Қажы атамыз ақ сақалы жарқырап!

Откіншіден артық көрген мәңгіні,
Үрпағына сәуле берген жан нұры,
Аталарым иманынан безбеген
Қыл үстінде тұрғанда да тағдыры!

ЖЫРАУДЫҢ ЖЫРЫ

Нұрпейіс атын
Естігем бала күнімнен,
Жырларын оқып
Жаттаушы ем таза көңілмен,
Суреті оттай басылуши еді көзіме
Жүзінен нұры
Жүректен жыры төгілген,
Даланы кезген
Сақалы желмен желбіреп
Аңыздардағы
Абыз аталардай көрінген.

Мәңгіге кеткен
Батырып мұнға мұнартып,
Мындаған жылдан
Аманат жырдан жүк артып,
Балбал тастарды
Шыққандай жарып қоңыр үн,
Қазақтың сөзін
Фасырға келер ұзартып.

Дүние, ғалам
Жайында кеткен ойға көп,
Жыраудың жыры
Жерге де, көкке, айға дәп,
Жынданып жатқан
Жан-жаққа кейде қараймын
Нұрпейіс атадай
Нұрпейіл жандар қайда деп?!

МАНАС ПЕН МҰХТАР ӘУЕЗОВ

Кер заман
Құйтырқылы құйын демі,
Қазаққа,
Қырғызға да қиын еді,
Жылында
Мың тоғыз жүз елу екі
Бір сұмдық
Фрунзеде жиын болды.

Тұрікті
Тұбірімен шабамыз деп,
Тегінен
Ажыратып аламыз деп,
Сайланып келіпті өңкей
Ығай-сығай
Манастың жырын жойып,
Жабамыз деп.

Пәрменді
Ол заманда Мәскеу берер,
Қасқырдай
Шабар сосын қас кеуделер,
Қосыла кетті оларға
Іштен шыққан
Жандайшап
Жылан тілді жас «төрелер».

Ішінде «қонақтардың»
Қарқындысы
Сөз бастап дөкей сары
«Алтын кісі»:
«Бұл эпос –
Візге дүшпан байшылдық пен
Үлтшылдық,
Ескіліктің сарқындысы,

Сондықтан
Аластауға тиіспіз!» – деп,
Қаһарлы болды сөздің
Қорытындысы.

«Жыр еткен
Кереметтей дәмді көріп,
Негылған бітпейтін бір
Қанды жорық,
Ол өзі неткен соғыс,
Кімге қарсы,
Ойлайық
Біз саяси мәнді беріп!

Советтік тәрбиеге
Үйлеспейді,
Бүгінгі заманаға
Үндеспейді,
Сондықтан
Манас енді ұмытылсын,
Дәп содан айың құлап,
Құн де өшпейді!»

Қаһарланып кеп айтып,
Қара бұлтты төндіріп
Қара дауыл соктырып
Қызыл заман қысқанда,
Қалың қырғыз сорлады,
Оқымысты ұл-қызы
Ата жырын жат жүрттан
Жанын сала қорғады,
Дәлелдерін келтіріп
Тереңінен толғады,
Қанша айтса да амал не,
Қасарып келген қаскөйден
Қорғау оқай болмады,
Тас жүректі басшылар
Құлаққа ілмей сөздерін

Аяққа басып қорлады,
Айтқаным көнестің
Айдауыма жүресің
Деп халықты зорлады.

«Өз атаңның өлеңін
Мақтайдың сонша өзеуреп,
Әсіре үлтшыл әлемент
Дес бермейтін демеугөк,
Секілді деп сендерге
Ертең айып тақпай ма
Бұл сөздерің желеу бол!»

Деп ғалымның әккісі,
Кебежедей пәпкісі,
Қорқытып қойды қырғызды
Келгендей күйе жаққысы,
Қазық қып жерге қаққысы,
Түйіп алып қабағын,
Қүшайте түсті талабын,
Жиынға келген қазақтан
Ай маңдайлыш Әуезов
Еске алып тарих сабағын,
Төніп келген қауіпті
Жанымен сезініп,
Елестетіп бір өтті
Түрмеде көрген азабын,
Отыз жетінің сүмдигын
Қынадай қырған қазағын.
Данышпан Ахаң амалдан
Ойлаған мұның аманын,
Айламенен алмаса
Түзетуге дәрмен жоқ
Темір құрсау заманын:
«Анталап дүшпан жан-жақтан
Бұзық салса Манасқа
Қайтіп бұғып қаламын,
Манасты жауға алдырып

Жолымды тосқан Алашқа
Қай бетіммен барамын?

Тамырын қиса қырғыздың,
Қазақты қоса кескені,
Шамы сөнсе қырғыздың,
Қазақтың бірге өшкені.
Ата жырын өлтірсе,
Азып-тозып аз халық
Айдауға жүрер оп-оңай,
Тұп-тұбінде осы ғой
Көкейлерін тескені!»

Бір дауыс
Ар жағынан
Деді ыңғайлан,
Айқассыз ақиқатты
Көрдің қайдан,
Манастан өлсе қырғыз
Айрылмайды,
Мүмкін бе ажырауы
Жердің айдан?
Айкөлден
Айқын қуат сезінгесін
Ар жағы
Жаратушы бір құдайдан,
Рухани жендеттерге
Жалақтаған
Әуезов
Жалғыз өзі берді майдан!

Қайран Мұхан қайтсін-ай,
Басқа жұртқа бодан бол
Ел тұрғанда бағынып,
Жауларының бәрі дәу,
Жалмауыздай сары дәу,
Қарауытып, қабынып
Қөп қорқаудай қағынып,
Жан-жағынан жабылып,

Жанға зорлық қылғанда
Қос өкпесі қысылып,
Тынысы кетті тарылып,
Тамырда қаны тасынып
Кетердей миы жарылып,
Қиналып жаны түрғанда
Айкөл Манас аруағы
Өлме, Мұхтар, өлме деп,
Бұл қорлыққа көнбе деп,
Атаңың жырын берме деп,
Қолтығынан дем беріп,
Кеудесіне жел беріп,
Арнасы сөздің табылып
Сөйлеп бір кетті ағылып!

Жарқырай берді ақмандай,
Саңқылдай берді ақ таңдай,
Әр сөзі тұнған ақыл-ой
Атадан қалған дастандай,
Сөйлеген сайын жұрт қолдал
Аспандай берді, аспандай!
Мастанып келген Мәскеуден
Дөкей сары қаскөйді
Айкөл Манас аруағы
Төбесінен басқандай,
Берекесі қашқандай,
Сөзіне үйіп Мұхаңың
Өз-өзінен сасқандай!

«Ақылға салып қарасақ
Адамзаттың ғажайып
Алуан-алуан өнері
Бір-бірінің кемері,
Шын өнерде жаттық жоқ,
Біріне-бірі бөгет бол,
Бір-бірін қалай көмеді,
Нағыз өнер қашанда
Бір-біріне дем беріп

Үндесе өрлеп келеді,
Арғы түптен таратсақ,
Тауарих еткен көнені
Гректің кемел Гомері,
Гомеріңнен кем бе еді
Көшпенди елдің өлеңі,
Данышпан Шоқан Манасты
Илиада, Одиссей
Гомерге неге теңеді!?

Ақыл-ойдың кеніші
Асыл жырда бәрі бар,
Жоғалған білім, жойқын сөз
Ежелгі жырдан табылар,
Алатаудан Алтайға
Қудаланған қырғыздың
Сан ғасырлық зары бар,
Тұған жерге ту тігіп
Жаудан қорғап отанын
Тулап аққан қаны бар,
Шындық іздел жалғаннан
Шырқыраған жаны бар,
Есте жоқ ескі заманғы
Ел-жүрттардың тарихы,
Салт-дәстүрі тағы бар,
Өлмес рухы халықтың
Дана жырдан танылар,
Қатпар-қатпар уақыттың
Қалыңынан сараптал
Қазынасын танып ал,
Алатаудың шыңынан
Шырқап шыққан кенен жыр
Айға барып шағылар,
Жер-жаннаның көгінде
Жұлдыз болып жағылар,
Еншілеген бұл сөзді
Елін сүйген өрендер
Бабаларын сағынар,

Атанаң жырын ұмытып
Қағынан безген қағынар
Тәубасынан жаңылар,
Бар қуатын халықтың
Бір арнаға құйдырып
Манастың жырын тудырған
Қырғыздың баян, бағы бар!»
Осылай толғап кеп айтып,
«Сіздің де, мейман, – деп айтып,
Сөзіңдің мәні бар,
Расында да Манастың
Кей тұстарын қарасаң,
Байшылдық пен ханшылдық
Ескіліктің дәмі бар,
Дәнін аршып қауыздан
Нұсқасын жасап халықтың
Қазынасына советтің
Қосып қойсақ нағылар?!»

Кен ақыл, кемел ойлы,
Кең маңдайлы
Тұңғиық
Оңайлықпен толғанбайды,
Сөзіне сүттей үйип
Тәнті болды
Көрмеген
Көптен бері ел мұндайды.

Мұхаңның
Мәскеулікті мысы басты
«Иа, құдай!»
Деп халайық дуылдасты,
Қайтарар
Өуезовке уәжі болмай,
Дөу сары үнсіз қалды
Шұлғып басты.

Қырғыздың бетке шыққан
Құллі еріне
Сонда да шырай бермей,
Құлді еріне,
Елеусіз ымдал еді,
Бір жас қырғыз
Кезексіз
Шықты жиын мінберіне.

Бұл өзі орысша оқып,
Орысша өскен,
Тегінен тамыр үзіп,
Теріс кеткен,
Қашанда
Отарлаудың әдісі сол
Безгенді
Өз ұлтынан өрістеткен.

Жүрсе де
Жоғарының ұлығы бол,
Халқына
Жақпайтұғын қылышы көп,
Жылмағай,
Жылтыр бетті жүрт айтатын
Баяғы Көзқаманның
Сынығы деп.

Жалпақтан жат жүрттарға
Көзін сатқан,
Лауазым, дәреже үшін
Өзін сатқан,
Шүлдірлеп
Сол Көзқаман түсті дауға
Атаның атын сатқан,
Сөзін сатқан.

«Аузыма
Қаратам деп бар халықты

Жынданған жомықшылар
Жар салыпты,
«Айкөлім аян берді»
Деп аңыз ғып
Айылда
Айлы тұнде өн салыпты,
Бұл неткен соқыр сенім
Сонша уақыт
Милау ғып
Адастырған мұнша жүртты,
Манастан
Асатұғын батыр жоқ деп
Панислам,
Пантюристік дән салыпты.
Айбынды қызыл әскер
Әлемді алған,
Оған тең бола алмаған
Қанша мықты,
Жанында
Маркс, Ленин ілімінің
Кім еди
Манастарың соншалықты!?

Тұранның
Ежелгі жыр ұраны еken,
Өшпейтін
Үлтшылдықтың шырағы еken,
Манасың миллион жол
Тегін емес
Қырғыздың
Ол екінші құраны еken,
Манастың
Жырын айттып, тыңдаған ел
Ешкімге
Басын имей тұрады еken,

Сондықтан
Тамырымен жою керек

Советтік болсын десек
Мына мекен!

Бұл эпос
Басқа жүртты қорлайды тек,
Табын деп
Бір Манасқа зорлайды кеп,
Қырғызды
Ерекшелеп ұлықтайды
Шыққандар
Оған қарсы оңбайды деп,
Ақ қалпақ
Аңқау халық адасып жур
Аруағы
Манас ата қоргайды деп,
Ал бізге жол көрсетті
Компартия
Ұлт деген
Болашақта болмайды деп!
Сондықтан
Біріге тус халің барда,
Үрандал
Шығармаңдар ханыңды алға,
Біртұтас
Мызғымайтын совет халқы
Құрыштай қайнап біткен
Жалындарда,
Сарынға
Байшыл, ұлтшыл орын бермей
Жол ашар
Интерсовет дарындарға,
Айтарым,
Манас, Талас тастап енді
Ілесер
Ұлы көшке жолың қамда,
Біз сияқты
Озық жан болсан, жылдам

Партия өсіреді,
Оны да анда!»

Төмен қарап көпшілік
Тым-тырыс бол қалғанда,
Атып тұрып бір жігіт
Салды ашулы айғайға:
«Дөреже мен даңқ ізделеп
Дүниені кезіпсің,
Өз тілінді ұмытып
Өз жүртүңнан безіпсің,
Озықтығың осы ма,
Өз атаңың жырына
Өзің шоқпар сілтеген
Осы күнгі Көзқаман
Озық емес, тозықсың!

Манас – біздің атамыз
Қанікей – біздің анамыз,
Олардың атын ұмытсақ,
Қайтіп ел бол қаламыз,
Атамызды жат көріп
Атаны қайдан табамыз,
Анамыздан безініп
Ананы қайдан табамыз?!
Жер бола ма Талассыз
Ел бола ма Манассыз!?»

Тоқта деп,
Дөкей сары сөзін бөлді,
Кырғызда
Намыс барын көзі көрді,
Қалаған жағына оңай
Бұра салды
Нық ұстап отырған соң
Өзі рөлді:

«Әй, жолдас,
Бұра тартсаң із ретінен,
Жіберіп қоя алмаймыз
Біз бетімен,
Ертең сені шығарып
Партиядан
Ар күні босатамыз
Қызыметінен,
Органдар
Біліп қойса, орың қазып
Віржола жоғалтпасын
Жер бетінен!

Жассың ғой,
Мән бермейік лаққаныңа
Не жетсін
Таңың тыныш атқанына,
Ойлама,
Құтылам деп аман-есен
Вір түссен
КГБ-ның қақпанына!»
Қайран ер
Үндей алмай іштен тынды,
Қайсарлық қайтсін енді,
Күшпен сынды,
Сұсымен қайтарған соң
Елдің бетін
Дәу сары рахаттанып
Үстем күлді:

«Жаққан соң
Жаңа заман жұлдыздарын,
Безіп тұр
Ескі жырдан ұл-қыздарың,
Теріс деп Манас жырын
Советке жат
Біз емес,
Айтып тұр ғой қырғыздарың!

Тұған ұл сатқын болса
Тым қызын-ды,
Сатыл деп
Осыларға кім бұйырды,
Біз емес,
Айтып тұрған өз балдарың», –
Дегенде
Ел аузына құм құйылды.

Осындаі арсыз болса
Таласатын
Оншалық керек қылмай
Парасатын,
Өсіру іштен шыққан
Көзқаманды
Ежелден
Отаршылдық саясаты.

Әрине,
Мұны Мұхаң айта алмады,
Ақылмен жеңіп шығар
Жол таңдады,
Әкелді
Оң жамбасқа айналдырып
Ғылым мен
Қара сөздің майталманы.

«Зер салып
Байырғының жырларына,
Әділін
Айту парыз шын ғалымға,
Дара тұр
Манас жыры бой теңесіп
Әлемдік
Әдебиеттің шындарына.

Теңіздей...
Тендересі жоқ...

Таңғаларлық...
Эпос деп
Қызығылықты жанга барлық,
Орыстың
Озық ойлы оқығаны
Манасқа маңыз берген
Бар ғаламдық.

Манасшы
Дауылдатса
Жалындар от,
Мазмұнын
Талдаپ үғар ғалым да көп,
Біздерге
Бүкіл өлем қарап отыр,
Советтер
Қандай шешім қабылдар деп!

Өткенді
Бүгінгімен таластырма,
Нәрін ал,
Жақсылықпен жарастыр да,
Қиянат болып жүрер
Кінә тақсак,
Марксті
Білмедің деп манасшыға!

Тұрғанда
Шежіредей қарияң тың,
Әпостың
Оймен сүзіп дариясын,
Сараптап,
Артық-кемін алып тастап,
Советтік
Жасау керек вариантын!»

Жаланы
Жапқан жаңа жаңбырлатып

Киқулап
Елдің басын даңғырлатып,
Көзқаман
Тағы шықпақ бола беріп
Орнынан қозғала алмай
Қалды қатып,
Сөйлемек түгіл ұні
Шығпай қалды,
Кептеліп
Тамағына қанды қатық,
Ербендең екі қолы,
Бас қалтылдаң
Кеткендей
Мойынына қарғы батып,
Отырған Көзқаманды
Ойлады жұрт
Манастың
Кетті ғой деп аруағы атып!

Кеңесін
Келтірген соң кемелінен
Көненің
Өнегелі дерегімен,
Бар жиын
Бірауыздан макұлдасты
Санасып
Әуезовтің беделімен!

Бұл айқас
Осылайша тәмамдалды,
Аңыздай
Кешегі өткен замандағы.
Қазақтың ұлы ойшылы
Қорған болып
Қырғыздың
Ұлы жыры аман қалды.
Шайқасып
Қалмақ, қытай жеңе алмаған

Манасты
Москва да жаба алмады,
Біртұтас
Елдік нұсқа даярланып
Басылсын
Деген қаулы қабылданды,
Қырғызша,
Қазақша да, орысша да,
Ер Манас
Дүниені аралады...
Жас қазақ,
Жас қырғыздар,
Ұмытпайық,
Бұрынғы
Биік ойлы бабаларды!

КЕДЕЙДЕН ШЫҚҚАН КЕМЕНГЕР

Даналарын жинасаң да бар елдің,
Ортасында орны бөлек Сәбенің,
Шежіресі өрі көркем суреті
Қазақ дейтін жұмбақ сұлу әлемнің!

Тұлғасы зор, қуаты мол, таудай тың
Байырғының шалдарынан аумайтын,
Аппак қәстөм-шалбарын да аямай
Қараша үйдің киізіне аунайтын,
Май тамызып аргы-бергі аңыздан
Сөз аспанын самұрықтай шарлайтын,
Жан адамды жатырқамай, жарқылдаپ
Жақсылықпен жүректерін жаулайтын,
Академик-жазушыны бақыршы
Батырақ деп айтқанға ешкім нанбайтын!

Көкке жетем деген аз ба биіктер,
Мұзарттарды жақын көріп сүйіп пе ел?

Өз бойына өлшем таппас өрендер
Мәрт қазақтың мол шапанын киіп көр!

Қинағанда тағдыр-тарих халықты
Қоян-қолтық елмен бірге қалыпты,
Ашаршылық аран ашқан уақытта
Сапар шегіп туған жерге барыпты,
Қайткенде елді аман алып қалам деп
Бар беделін, күш-қуатын салыпты...
Ауылдағы бір ағаның үйіне
Сөлем беріп бірде түсे қалыпты.
Женешесі қайнап жатқан қазанын
Жасырмак боп қақпағымен жауыпты!

«Ақ ордадай босағаңнан аттадым,
Қолы ашық деп өзінді өркез мақтадым, –
Депті Сәбен, – не күн туды басыңа
Қазаныңың жабатындаи қақпағын?!»

Аштық елдің түгін қоймай жалмапты,
Талшық етер аша тұяқ қалмапты,
Алдандырып балаларын қазанда
Су қайнатқан женгей сонда зарлапты,
Жал-жаяны кертіп жеген жайсаңдар
Тұз тағысын аулап жүрек жалғапты,
Қазы-қарта қайнататын қазанда
Асқан екен нәпақа ғып тарғақты,
Сонда Сәбен жұбатыпты женгесін.
«Сына көрме, жан едің ғой ардақты!

Амал бар ма аштық деген құқайға,
Тәкаппарға талшық болар тұқай да,
Қазанымнан құт кетті деп қамықпа,
Сый табаққа тышқан салар Қытайда!»

Төмендетпей, рухтандырып ауылын,
Бірге көріп замананың дауылын,
Бірге жепті бір жілігін тарғақтың,
Қайран Сәбен, бұлтындатып ауызын!

Қарапайым, кең жараган кім мұндай?
Адам жанын ұға білген мұңлық-ай.
Тоқшылықта тең сыйласқан жандардың
Жоқшылықта кеткен сағын сындырмай.
Сол Сәбенәнді сынағанша ағайын
Сәбең құсап ұлы істерді тындырғай!

Сезіп, білген байлыш пenen кемдікті,
Кезіп көрген бойлыш пenen ендікті,
Өмір бойы жырлап өтті айнымай
Адамзаттық тендік пenen елдікті,
Шалқып жатқан мұхит-мұра толқытар
Небір маңғаз марғасқаны ең мықты,
Жазған құдай маңдайына Сәбенің
Даламыздың дәл өзіндей кендікті!

Өсер өлі небір ойлы өрендер,
Откендерді бірак оңай демендер.
От пен суды, мадақтауды адам боп
Кешіп өткен Сәбендей бола беріңдер,
Сөзі болып, өзі болып қазақтың
Көгінде түр кедейден шыққан кеменгер!

ЗЕРЛІ СӨЗДІҢ МЕРГЕНИ

Қазағым, қызың сұлу, ұлың мықты,
Толқытқан төрт мұхит пен құрылықты,
Даланың даналарын ғалам танып
Құрметпен беті бери бұрылыпты,
Әдебиет әлеміне келген жастар
Мұхаңның мұхитына шомылыпты,
Ғабенің орманында ойға батып,
Сәбенің жайлауында жылышыпты!

Ғабенің сөзі жанды гүлдей болар,
Жарқ етіп бұлттан шыққан күндей болар,

Өлемде асып туган қаламгердің
Қайсымен қатар қойсаң бірдей болар!

Габең мен Сәбең туыс, егіз еді,
Ақыл-ой, сезім-күйдің теңізі еді.
Толыбай, Қожаберген тұп-тамыры
Алашқа сері атанған Сегіз еді,
Осынау ұлылардың дара туган
Солтүстік топырағы негізі еді,
Алақандай ауылда бәрі бірдей
Апырмай, қалай туган дегізеді!

Ежелден Солтүстігім жел өтінде,
Елестей ескі күндер ел есінде,
Қазаққа үйірлген қара бұлттар
Алдымен Солтүстікке төнетін де.

Бізғырық Солтүстіктен жел еседі,
Бұлт көшіп, жер көгеріп, ел өседі,
Көрешегі көп елдің көзін ашып
Сенгені келешек пен кеңес еді,
Кеңес те кейін қалып, азат елдің
Алдында тұр бөлекше белес енді,
Тамыр мен тегін сақтап қалған халық
Еңсесін тіктең жұртпен теңеседі!
Тоқтаусыз зырылдайды мәңгі жалған,

Шығады өмір-ұміт тағы да алдан,
Бұл жерде Есенейдің ерлігі мен
Сыңсыған Ұлпан қыздың өні қалған,
Батырдың саусағынан сузып кеткен
Тізгінді түсірместен қағып алған.

Айтады ескі анызды ел жүйелеп,
Елдің сөзін Габендей ер жүйелеп,
Арманда ер Есеней өткен кезде
Ұлпан қызы қалған екен елге ие бол,
Ұлпанның осы күнгі кей сіңлісі
Басына жүрген жоқ па сөз күйелеп,

Сүйеніш болмақ түгілі азamatқа
Күйдіріп жұрген жоқ па көзге үймелеп!
Қарамай хан-қараның қаһарына,
Көнбекен көгенделіп, мatalуға,
Ғабеңнің қаламынан қайта туып
Аттанған мәңгіліктің сапарына,
Қыздары қазағымның көз тартады
Әлемдік арулардың қатарында!

Қазақтың еркін өскен ат жалында
Даласы оранғанда от-жалынға,
Өлкесі оянғанға қуанса да
Жылаған кете ме деп жат қолында!

Көсемсіп күн ашықта қойқандаған
Талайлар дауыл соқса байпаңдаған,
Сол кезде жаны күйген жап-жас Ғабең
Сеніммен алған беттен қайта алмаған,
«Бейімбет жау болса егер, мен де жау» деп,
Тажалдан тура келген тайсалмаған,
Патша келсе қозғалмас теңіз-мінез
Тереңнен тебіренбей шайқалмаған,
Қазақтың тілі жайлы қысым көрген
Заманда ешкім ашып айта алмаған,
Алаштың аруағы үшін айбат шегіп
Түбінен тасқұлақтың айқайлаған!

Қазаққа қара сөзді бесік етіп,
Түнегін тас кеуденің тесіп етіп,
Ескірмес есті сезін оқығанда
Естілер ойға батқан есі кетіп,
Алаштың аспанында жасай бермек
Мәңгілік мұзарт шыңдай Мұсірепов!

Мемлекеттің мәйегі
Үйтқысы болған ұлтының
Ұяты болған жұртының,
Ғабең – сөздің зергери
Мұлт жібермес мергені,

Қазына болды халқына
Көргені мен тергені,
Елесі болып өткеннің
Есінде елдің сақталар
Өлшеусіз еткен еңбегі!
Сөзінің аумас орайы
Шебердің шыққан қолынан
Он екі өрім қамшыдан,
Тұңғиық тұпсіз теңіздей
Танылған дәмі тамшыдан,
Сыны кетіп көрмеген
Соқса да дауыл қарсыдан,
Тайпалта тартқан тараңқа
Тайсалмай қатал талқыдан,
Сарапқа түссе шын асыл
Төмендемес нарқынан,
Жасқанып, сірә, көрмеген
Патша мен паңың парқынан,
Ай-әлемнің алдында
Асықтай тұскен алшыдан,
Үлгісін көріп ұллық
Өрендер есken артынан,
Ғабендей ұлды тудырған
Айналдым дархан халқынан!

ҚОҢЫРАТБАЕВТЫҢ ҚОҢЫРАУЫ

Алаштың буган қайғы омырауын
Жете ме жетесіне саңыраудың,
Әуелбек Қоңыратбай деген сөзден
Сеземін қоңыр үнін қоңыраудың.

Нәр жинап бал арадай жер жүзінен
Гылымның ықылымдық жүрді ізімен,
Көненің табы бар ед келбетінде
Байырғы балбал тастай жел мұжіген.

Байқаусыз буырқанып баяу іштен
Бойлаған тұңғиыққа ой ағыспен,
Тотемін тас дәуірдің таразылап
От елін бірге іздеген Саяуышпен.

Талпынып мұнар буған бел-белеске,
Әпсөна, аңызбенен ерді елеске,
Тарихта табысқаны оғыз, қыпшақ
Тоныкек, Құлтегін мен Білге емес пе,
Ел жырын үндестіріп әллиндермен
Корқыттың күйін шерткен Гильгамешке!

Үлт үшін Ұлытаудың ұларындай
Тасқыннан таза қалған бұлағындей,
Дірілдеп қара үңгірде жылтыраған
Үміттің үзілмеген шырағындей,
Жасырған асылдарды ғасырлардың
Қуәгер көзі менен құлағындей,
Қуса да жерімеген өз қағынан
Киелі құла дүздің құланындей,

Уағымен түскен дәні өніп шыққан
Ілімнің ірімеген құнарындей
Жолынан ғұламалық айнымаған
Марғасқа Марғұланның сыңарындей,
Әукеңе ел дүғасы қабыл болсын
Тынысбек, бала құрдас, шырағым-ай!

МӘЛІКТІҢ МЕЙІРІМІ

Кешегі
Ұлы соғыс майданында,
Қызыл өрт,
Қызыл қанның қайнауында,
Бір сапта елмен бірге
Ақын жүрді,

Ажалдын
Амалы жоқ ойнағына.

Оңай ма
Ойлы адамға от кешкенде,
Тажалмен
Темір құрсау беттескенде,
Қалайша
Көзден қанды жас төкпейді
Тілгілеп
Жас кеудені оқ тескенде.

Сүм соғыс
Қасіретін қалдырмастан,
Қазақы
Жырға қамшы салдырмастан,
Оғланның өрімталдай
Оқ тістеген,
Жан сырын
Жайып салып жазды дастан.

Ұшырып жүрегінен
Жақсы үмітті,
Майдандық
Газетке оны бастырыпты,
Солдаттар
Окоптағы оқып шығып
Ұнатып
Жанарларға жас тұнышты...
Саяси кінә таққыш
Кырағы көз
Ақынға
Аңқылдаған қас қылышты,
Саяси бөлім оны
Шақырып ап,
Бәлені
Неше түрлі жапсырыпты:

«Кыргыннан
Қанды қасап аман кепсің,
Адамға
Оқ аттық деп,
Жаман бопсың,
Бұл қалай, ақын жолдас,
Түсінбедік,
Қанқұйлы фашистерді
Адам депсің!?

Фашистер адам емес,
Аң емес пе,
Аңдардың
Аңсағаны қан емес пе,
Аяусыз қырып-жою
Жауыздарды
Соғыстың
Айнымайтын заңы емес пе,
Ол заңға
Зарланатын дөнеңе жоқ,
Керегі
Өршіл рухты ән емес пе?!

Кімге тұлға
Мұңайғыш Майданбекің,
Отанға
Осы серттен тайған жерің,
Сөзіңнен
Сарыуайым сезіліп тұр,
Сен өзің
Бұл майданға қайдан келдің?

Күйіп тұрган саясат
Қиқаңыңды,
Көтермейді,
Шығарар шиқаныңды,
Кімге,
Қандай
Пиғылмен жазып жүрсің

Күніренген
Күйреуік күйкі өнінді?
Зар заманның
Іісі шығатында,
Тексерерміз
Дұрыстап ми, қаныңды!»
Деп саяси
Жетекші сыздағанда,
Демі бітіп,
Теңселіп
Үй тарылды,
Тірі жан танымастай
Құп-құ болып,
Далаға
Өрең шыққан Диҳаныңды!

Арман, мұрат
Қалғандай күйретіліп
Тірі өліктей...
Амалдаپ,
Сүйретіліп,
Мәлікке
Жетті-дағы
Баяндады
Болған жайды
Тілі де күрметіліп.
«Өмірдің
Өзекжарды
Жырын айттым,
Өлімнің
Жан күйзелтер шынын айттым,
Адамды
Адам қалай атады деп
Момынның
Қан көрмеген мұнын айттым,
Саяси кінә тағып,
Сотқа тартып

Жаусың деп
Жала жауып,
Жойса қайттім?!

Байқарсың
Басшыларға сөзің өтсе,
Айтарсың
Ақиқатқа көзің жетсе,
Бірісің
Атқа мінген азаматтың,
Мен үшін
Отқа күйіп өзің кетпе!»

Жағдайға
Арғы-бергі жақсы қанық,
Бас шайқап
Ауыр ойға батты Мәлік,
Атылған
Жау атанып арыстардың
Тағдырын
Оймен шолып өтті Мәлік.

Диханға
«Көтер басты,
Түрегел, – деп, –
Төуекел,
Алшаң басып жүре бер», – деп, –
Қорғасын
Қорқақтарды тез табады,
Ер жігіт
Көк қанжардай тіледі өрмек,
Аққа құдай жақ деген
Аталарым,
Кінәсіз
Түп-түбінде күледі өрлеп!»
Деп Мәлік,
Диханға жөн,
Жол көрсетіп,

Штабқа
Сол екпінмен кіреді ерлеп,
Дивизияда
Саяси басқарманың
Бастығы еді
Генерал Дребеднев!

Қас батыр сәлем берді,
Көңілі нала,
Қарсы алды
Қатал бастық қолын ала,
Мән-жайға қанық екен,
Жинап жүртты
Талқыға салды іңірдің
Соңын ала,
Саяси жетекшілер
Құлақ түрді,
Мәліктің
Сыйлаған соң сезін ғана,
Әйтпесе пікірлері
Теріс екен,
Диханның
Оятындай көзін қара,
Сөз бастап
Батыр ғалым сабырменен,
Жағдайдың
Айтты түйіп жөнін ғана:
«Майданбек
Совет ұлы, бұл соғысқа
Отанның
Келген жаудан кегін ала,
Өлімнен
Қалай жаны түршікпейді
Ауылда
Еңбек еткен момын бала!?

Бұл сөзге
Дейсіз бе ақын,

Барды нағып,
Өзі де қатты өкініп,
Қалды налып...
Жас жігіт
Қан төгістен шошынбай ма
Көрмеген
Кісі өлтіріп дағдыланып!»

«Советтік
Солдат оқтан қорықпайды,
Сарғайып
Сызды окопта зарықпайды,
Түссе де тебесінен
Тоқсан бомбы
Тұңліп
Тіршіліктен, торықпайды,
Жылаңқы Майданбектен
Жұғып ертең
Кеудеге
Кетсе қайттік толып қайғы?!»

Бұл сөзін бір саяси
Қырағының,
Қостады тағы бірі
Қыран ұлдың,
Қиыны –
Өтірік емес,
Шын айтып тұр
Өзінің
Ортага сап иланымын:

«Қан кешіп,
Жауға найза тірей жүріп,
Көрмеген дүшпан қырып
Дүлей қуып,
Жас өркен
Поэмадан алыш үлгі
Үрпіп қалмас па екен
Үрей буып,

Адам деп
Фашисті де аяр болса
Күш қайтып, жасып жігер,
Жұдейді үміт,
Жайылмай
Тұрған кезде жалпы көпке
Жою керек
Тамырын қүрәй жұлып!»

Қарамас
Ізгі ниет, парасатқа,
Амал не
Қатал, темір саясатқа,
Өлеңге
Осыншама мән беріліп
Тағдыры
Түсті ақынның гарасатқа,
Мәліктің
Сөз құйылды ар жағынан
Дегендей
Аруағынды аласартпа:

«Соғыстың
Жан күйдірер өрті күшті,
Өлімнің
Жазылмайтын дерті күшті,
Майданға
Жана кірген жас жауынгер
Жеңбей ме
Еірте-бірте қорқынышты,
Келе сап
Ер болды деп бір керемет
Жасырмак
Қалай ішкі толқынысты,
Өдеби шығармаға
Шындықты айтқан
Саяси кінә тағу
Оқінішті,

Шыңылтыр аязында
Бұл соғыстың
Шынығып,
Шыңдалады ер серті күшті,
Құрыштай
Суарылып, қайралған соң
Қиратады
Қандай да бекіністі,
Өлеңге
Айналмай ма содан кейін
Еркі күшті ерлердің
Серпін ішкі,
Советтік солдаттардың
Соққысынан
Сорлаған сүм фашистің
Сорты қысқы!»
Қобыланды
Қолтығынан демегендей
Ұрпағы Қанай бидің
Еркін үшты,
Мәліктің бұл сөзіне
Құлақ асып
Отырган
Офицерлер серпілісті,
Аталы ердің сөзі
Ой салғандай,
Жымиды
Генерал да беті сұсты:

«Өлеңді
Оқтан
Оттан оздырайық,
Көңілін
Солдат ақын жаз қылайық,
Екі айға
Аттандырып ауылыша
Жалғасын
Осы жырдың жаздырайық,

Кітап қып алып келсін
Алматыдан
Ерлерге
Окоптағы сөзі лайық,
Алмастай
Жарқырасын ерлік ұран,
Болсын тек
Езі менен жезі ғайып!»

Шешімі
Осы болып генералдың,
Туған соң
Енді тыныс кең алар күн,
Қуантты Мәлік келіп
Ақын досты,
«Фашисті
Сен болмасаң
Жене алар кім?!»

Қысса да
Қос бүйірден қасап темір,
Қашанда
Адамшылық жасапты өмір,
Қан жауған
Жау шебінде екі қазақ
Қуанып
Құшақтасты
Босап көңіл!

Аулына
Ақын Дихан келді барып,
Қүшетіп
Майданбегін берді жазып,
Шығарып кітап қылып
Алматыдан
Таратты бар майданға
Көрді халық!..

...Басынан
Ер жігіттің нелер өтпес,
Бейнеті
Белден кешкен бекер кетпес,
Атанып ақын Әбіл
Дихан баба
Өтті жасап
Жұзге сәл жетер-жетпес!

Ел үшін
Жан аямай жанды Мәлік,
Ерлікпен
Жеңіс жолын салды Мәлік,
Ақынды
Тура келген бір ажалдан
Ақылмен
Аман алып қалды Мәлік,
Азамат,
Батыр, ғалым,
Жазушы, ұстаз
Мәлікті
Ардақтайды мәңгі халық!

«ЖАС ҚАЗАҚ» ӘНІ. ТӨЛЕГЕН МЕН РАМАЗАН

Адамзатты өлдилеген, шуағына бөлеген
Аңыз-аққу өн аз емес... Қөп өлең,
Бірақ мынау өннің жөні бір бөлек
Оның құнын ерлер қанмен төлеген!

Кегін қуып, фашизмге автомат боп оқталып,
Бір топ жауға жалғыз өзі қайтпай қарсы аттанып,
Қыра берген қынадай ғып Құламерген сияқты,
Өр Алтайдың ақиығы – ер Төлеген Тоқтаров!

Қыран үлдан қашқан фашист – қаракшыдай көп қарға,
Қап-қара боп сұлап түсіп, серейеді ақ қарда,
Тура келген ажалға да арыстандай атылар
Өрен үлдың жүргегінде Отан деген от барда,
Амал қанша... Темір құрсау тас жүректі жауыздық
Отаншылды опат қылмай тоқтар ма?
Жас қабірін жан досының көрген сөтте Елебаев егіліп,
Өн шығарды Тоқтаровты жоқтауға,
Бүкіл майдан жас қазақ деп ән салды,
Мүмкін бе еді мұндай әнді айтпауға!

Қан майданда ай нұрымен жан-жарага
 дәру болып себілген,
Қыршын кеткен боздақтардың жоқтауы
 боп жылдар бойы егілген,
Гимн болған қазақтарға, қаймықпастан шынжыртабан,
 дүлей, дажал өлімнен,
Қасқайып тұрған құрбан деп жаным туған жер,
 туған елімнен,
Көсемдердің ары таза болмаса... Жауап берер өздері,
Солдаттардың қаны таза сол соғыста Отан үшін тегілген!

Қазір бірақ бәрі өзгерген... Жаңа заман... Жаңа заң,
Бас тартуда бұрынғы өлшем, қалыштасқан бағадан,
Кеше ғана табындырған көсемдер мен батырлар
Құлап түсіп тас-тұғырдан, өшіп жатыр санадан,
Тарих бірақ өзгермейді, өшпейді,
Мейлің мақта, мейлің датта, қүйіп-пісіп, назалан,
Айнымайтын ақиқаттар болады
Аударсан да өткен істі арлы-берлі жаңадан,
Басқыншының қандайын да маңдайынан үр деген,
Қағида бар бұлжымайтын, қалған бізге бабадан,
Баса-көктеп, қырып-жойып келген жаумен шайқасып,
Жанын қиып, от-жалында жанды-дағы Рамазан,
Жарып шығып жас жүргегін,
 шырқыраған арман-мұңы аманат,
Ескерткіш бол жас қазаққа қалды мәңгі тажап ән!

Тағдыр... Тарих... Тартса да өбден азабын,
Қылқөпірде тұрғанда да ұмытпаған қазағын,
Текке кетпес текті аталар төккен қан
Жас қазақтар жоғалтпаса,
Айта білсе өз өнін!

ЖҰМАБЕК БАТЫРДЫҢ ЖҰЛДЫЗЫ

Ақ боран, қысы қатты, қары қалың.
Солтүстік сары алтындаі соры қалың.
Шынардай мұздақ тасты жарып шыққан
Ұлдары ойы терең, жаны жалын.

Тарихтың ой жүгіртсөң ар жағына,
Жер үшін садаға боп мал-жаны да,
Атойлап Алаш ұлы қарсы шапқан
Жоңғардың жалақтаған қанжарына.
Жұрт болып жігін тауып жол бермеген
Жымысқы жандаралдың жанжалына.
Қып-қызыл қанға батып атамекен
Қалың жау шеп құрса да жан-жағына,
Зенбірек зірк-зірк етіп, доп жаудырып
Замана астан-кестен болғанында
Қасқайып туған жерді қорғап қалған
Мың алғыс ата-баба аруағына!

Бұйығы бодандықтың заманында
Лаж таппай ақ патшаның амалына.
Шұбар төс, шынжырбалақ шонжарлардың
Шұрайлы жерден тайып табаны да,
Алқаптар айналып кеп түсे берген
Ақшалы алпауыттың аранына.

Көрсө де қиғаш қылық бөтендерден,
Даланы емін-еркін мекендеген,

Тағы да талай зардал тартты қазақ
Кеңестік кеңеспейтін қосемдерден.
Картаны қарындашпен бір-ақ сыйып
Жерінді қайшыменен кесем деген.

Мың тоғыз жұз елу төрт
Жылқы жылы келгенде
Қазақстан жерінде
Тың игеру басталды.
Әлемде бұрын болмаған
Мұндай үлкен көлемде.
«Тербеледі тың дала»
Деп айтылды өлең де.
Ерендердің еңбегі
Бейнеленді өнерде,
Масайрамай қайтеді
Віз керемет дегенге.
Көзсіз сеніп қосемге
Тасқұдайдай табынған
Көңілі соқыр керең де.
Тәбесінен тастаған
Алданып тыын-тебенге
Қара халық тер төгіп
Бейнетін тартқан төменде.
Саналының ақылын
Құрсаулап ұстап шегенде,
Көңілден туған көп ойды
Қуырып алып шөгенде
Көжедей құйған тегенге.
Осының бәрін көргенде
Сабыр сақтау онай ма
Зерек туған беренге
Ерлердің шері тарқамай
Айналған беріш, шеменге.
Арғымақты ақсатар
Тұяққа қаққан шеген де.
Өрелі жанды оңдырмас
Өкшеге кірген тебен де.

Тарылмай қоймас тынысың
Темірдей шеңгел тарбыиң
Төніп тұрса төбенде.
Одай емес ойласаң
Тың игеру дегенің
Қатпар-қатпар құбылыс
Көп сыры жатқан теренде!

Жайылып жер-жанға дабыстары.
Тынымыз алға қарай қарыштады.
Түяғы тұлпарлардың тиген жерді
Трактор шынжыр табан жаныштады.
Ұлы еңбек, ұлы дастан он сан ұлттың
Тағдыры бір арнада табысқаны.
Қып-қызыл қиянат қой бір жағынан
Тапталса ата жүрттың намыстары!

Бульдозер бір-ақ сүзіп зиратынды,
Ескерткіш ескі қорым қиратылды.
Ана тіл, ата дінің қысым көріп,
Қыл бұрау тартқан сымдай ширатылды.

Тың төсін тілген кезде түренімен
Қазақтың қан саулаған жүргінен.
Жазылса жан жарасы жазылар тек
Қалтқысыз шын достықтың тілегімен!

Кең дала төңкеріліп шыр айналды.
Тың өлкесі – Целинный крайланды.
Темірмен тұп-тамырын қопарып ап
Жұтуға түгелімен ыңғайланды.
Қазақтың бес облыс Солтүстігін
Қосуды Россияға шын ойланды.
Бар ма екен қазағымнан басқа халық
Көтерген қыңқ етпестен мұндай лаңды?

Құштінің жөн таңдай ма үстемдігі
Назары несібене тускен күні?

Бұл аймақ бетке шыққан қаймағындаі
Даланың ұлан-байтақ үштен бір!

Советтер Одағының ел ағасы
Жарқырап Хрушевтің дана басы
Мәскеуге қазақтарды шақыртыпты
Әрине, ішуге емес қонақасы.
Қағады арқасынан Тәшеновті
Совминнің Қазақстан төрағасы:

«Бір бауыр тату-тәтті болайық та,
Жер де ортақ, су да ортақ қой халайыққа, –
Вірінші секретарың құлімдейді
Кенесі жүріп тұрған талай ұлтқа, –
Соқамен ескіліктің тоңын жыртып
Орақпен достық дәнін орайық та.
Сыздатпай Солтүстікті соқыр шектей
Ресейге тұтас қоса салайық та.
Сіздің ғана қаулыңыз керек бол тұр
Қайтеді көнбекенде Қонаев та,
Бұл өзі негізінде шешілген іс
Қағаздалап, заңдастырып алайық та!»

Жұмабек Никитамен дос-жар еді.
Бас қосса көп қызықты бастар еді.
Мәз-мейрам арқа-жарқа араласып,
Өзілді туйдегімен тастар еді.
Тастамай сөзін жерге, төс қағысып
Тапсырған жұмысын да қоштар еді.
Еирақ та мына сөздің жөні бөлек,
Иықтан қара аспандай басқан еді.

«Кремль көк тіреген кемел сарай.
Екі етпей дегеніне көнгем талай.
Сіз басшы, сөзіңіз заң... Кешіріңіз,
Бөлшектеп туған жерді берем қалай?!
Қалса да амал қанша, көңіл мейлі,
Әділет ойыңыздан көрінбейді,

Біртұтас республика Қазақстан
Жырымдап жер мен суы бөлінбейді!»

Тілімді мына қазақ алмады деп
Хрущев қып-қызыл бол долданды кеп,
Тәшенов тайсалмады қаһарынан
Кеткендей Алпамыс пен Қобыланды бол,
Құмбезін Қремльдің кернеп кетті
Басшының апты айқайы салған үдең!

«Бәрі де жері емес пе Эс-сес-сердің.
Эс-сес-сер болмағанда өспес едің.
Ойыма алғанымды атқармасаң
Мен саған өле-өлгенше өштесермін,
Кісендеп, ауыздықтап, торға қамап,
Төбендей сүйменменен көп тесермін!»

Үстелді қаһарланып соққылады,
Үндемей көнтерілі көп шыдады.
Ол кезде тырп етуге шама қайда,
Соққыға себепкерді жок қылады.
Це-Каның мүшелері іштен тынды,
Секендей Хрушевтің қос құлағы.
Жұмабек жыннан атқан жолбарыстай
Қып-қызыл қос құлақты осқылады:

«Қылып ал қыларынды, пісіріп же,
Тірідей отқа қақтап, тұшынып же,
Уатып сүйегімді, күлімді шаш,
Көнбеймін мұндай қорлық ісіңізге,
Қазақтың жерін қылғи салам деген
Ой кірмесін өң түгіл түсіңізге!»

Бетіне ешкім келмеген,
Келмек түгіл бетіне
Басын шайқап көрмеген,
Мұндай жауап басшының
Қамшыдай батты етіне.

«Бұл қайдан шыққан жұмыс?» – деп.

Қарыс азу – құрыштай
Қырш-қырш шайнап әр сөзін
Қандырды құлақ құрышын
Қырыс мінез Хрущев.
Жолдастар басын шүлғиды
Не десе де дұрыс деп,
Бұрыс десе, бір бәле
Кетеді үлкен ұрыс бол.
Қызыл хатшы қаһарман
Ысқырып түр жылтылдап
Қиып түсер қылыш бол!

«Зардабын көп тартарсың бұл қатаның.
Алмайды сәлемінді бір қатарың.
Озінен төмендерге кіріптар ғып
Мен саған тек түсінде тіл қатармын.
Құны жоқ қуыршақтың сөзін қайтем
Окімді Москвадан шығартармын!»

Қиқулатса Хрущев,
Атлантика бір аунап
Шошынатын жарты әлем
Құйын ба өлде жын ба деп?
Үрпек бастар үйірі
Төбелдей топқа төніп түр
Үрей-құттың ұшырып
Ушыққан сайын ура деп.
Қадалғандай жүрекке
Улы жебе тура кеп.
Сыбырлайды сақтық үн
«Бас сауғалап бұға кет!»
Көне салса «ләпбайлап»
Айғай да жоқ, шу да жоқ.
Темір тағып төсіне
Даңғазалап насхат
Жар салады жалғанға
Жер жүзілік тұлға деп,

Атамекен жері үшін,
Исі қазақ елі үшін,
Шыбын жаны шырылдал
Жалғыз шықты майданға
Жалаңтөс батыр Жұмабек!

«Ұлы едім қазақ деген бір атаның
Тереңнен төрт мұхитты тулатармын,
Бұтарлап отар елдей жұтпақшы деп
Мен сізді ай-әлемге шулатармын!
Жер берген құдай дархан қазағыма.
Көнбейді ол құйтырқыға, мазағыңа.
Өтпейді ешкімнің де өңешінен
Тас болып тұрып қалар тамағына!»

Хрушев Тәшеновке кектенеді.
Тектіге кектенуі тектен бе еді?
Орайын келтіріп ед орап әкеп
Жұмекен жәрәйт десе, біткен еді,
Қазақтың бес облыс атырабы
Ресейдің қоластына өтпек еді.
Қарумен қанша ғасыр тындырмаған
Шаруаны бір қаулымен реттер еді.
Хрушев қазақ жерін ала алмады.
Жер-көкке Жұмабекті жамандады.
Құғындал, қызметінен төмендетіп
Сындырып қор қылуға амалдады,
Басына бұлт төңгенде Тәшеновке
Бір қазақ арашашы бола алмады,
Жүргендер Жұмекелеп сырт айналып,
Өзіне сол керек деп табалады.
Сынбады, батыр бірақ сына алмады.
Тыс қалып тіршілікten бұға алмады.
Мысықтар пеш түбінде көзін қыскан
Ұғар ма жолбарысты бұғаудағы.
Тұрды оған өмір бойы қуат беріп
Алаштың азаттығы – ұлы арманы!

Ежелден қылыштың тарих қалған.
Аңыз көп ұлғи тұтар алыштардан.
Уақыттың таразысы елең-екшеп
Кімнің кім екендігі анықталған.
Ерлігі Тәшеновтің тым ерекше
Намыстың оты болып жанып қалған.
Шайқасып жалғыз өзі жаннан кешіп
Қазақтың жерін аман алған қалған!

Тәшенов келіскенде бас сауғалап
Қалып ед қазақ мәңгі масқараға.
Ресейдің меншігі боп кетер еді
Тау, орман, көл мен дала, баспанада,
Көкшетау, Бурабай мен Қызылжарың
Ақмола, Павлодар мен Қостанай да,
Басқаның босағасы болар еді
Бүгінгі бейтерегің – Астанада!

Тағдыры ұлы ерлікке жолықтырған
Ел үшін кету бақыт болып құрбан.
Бійік ой, асқақ сезім бойын билеп
Даңқты ел тарихын толықтырған

Партия солдаты боп жүрсе-дағы
Жүргегі қазағым деп соғып тұрған.
Ең жарық жүлдіздардың бірі Жүкен
Азаттық аспанында жанып тұрған!!!

ӨТКЕННИҢ ӨНЕГЕСІ

Откеннің ғайып болмақ көп елесі,
Десек те аз емес қой өнегесі,
Ауылым Степнякта Бұлақ басы
Біржан сал бабам жүрген жерлері осы.
Алпысыншы жылдары біздің жақтың
Жел қақтап, кеүіп еді кенезесі.

Кім білсін, сөуегейлер сыр ашты ма,
Жылымық жақсылыққа ұласты ма?
Әйтеуір жүрт жиналды тасаттыққа
Зираттың ар жағында, қыр астында.

Баламыз, бізге қызық мұның бәрі,
Беймөлім талай ұлы үғым өлі.
Мал сойып, ошақ қазған үлкендерді
Маңайлап өңкей ерке шуылдады,
Қолында шешейлердің аяқ-табақ
Ғажайып оркестрдей сылдырлады,
Шалдардың күңіренген дұғасымен
Кеудене бір ғажап сыр тығылады.
Қайран кемпір-шалдар-ай құт дарыған,
Әулеттің бір-бір төбе ұлылары!

Төгілген зая кетпей тер мен еңбек
Иа, құдай, көктен ііп, жерден бер деп,
Тілек қылған жиынға жетіп келді
Көк мауыт, қызыл жаға көлбеленденеп.

Көрген соң аталар мен апаларды,
Бас салып лаңдатуға бата алмады,
Өрт шығып кете ме деп от көрген соң
Келіп ек, байқаңдар деп кете барды.

Жауды ма, жаңбыр сонда жаумады ма,
Жел қуып қара бұлттар аунады ма?
Есте жоқ, тек есімде телмірген жүрт
Жайылған көкке қарай қолдарына...
Естідік ел аузынан ес білген соң
Аяғы көп әңгіме болғанын да,
Жоғарғы жақтың жыны ұстап қапты
Ел-жүрттың Алланы еске алғанына,
Артынша аупартком да қаһарланды
Құдайшыл біздің елдің шалдарына!

«Жайылдық лақап болып атырапқа,
Цекада кірген екен дакылатқа,
Тәубешіл таспих тартқан ақылды да,
Тастүйін атеистер ақымақ па?

Қарай гөр отырғанын жасап бүгін,
Тыйыңдар тастай қылып тасаттығын,
Бұлақ басы болмақ па бүлік басы
Тұқыртып, тез арада бас аптығын,
Құрбандыққа келе ме шалынғысы
Қанеки, сағынып жүр қасапты кім?

Улгі боп құдай жолын құғандарға
Әбсөлөм қажы емес пе тұрған дара?!
Кітабын көмөнестің танымайды
Табынған құдіреті құранғана,
Кетпей ме келешекте кеңкелес боп
Құранға бар ниетін бұрған бала?!»
Сын-сықақ шыға келді қажы жайлышы
Саяси-сатиралық журналға да!

«Үйтқысы ұлтшылдықтың имам да осы,
Намазға жұмыскерді жиган да осы,
Екі ұлдың – Кәшөн, Мұқаш құлағына
Құранды қаршадайдан құйған да осы!

Жамағат жоққа сенгіш боп келеді,
Аят, намаз – айнымас салт көреді,
Кеңседе көмөнестің сезін сейлеп,
Кешкісін жайнамазға жалт береді,
Бала екеп балдары да бұл ауылдың
Оллани-билләһи деп ант береді!»

Киянат имансыздық тұсындағы
Тұйыққа тіреді ғой мұсылманды.
Хатшысы аупарткомның атқа қонды
Ұшықтап жібермек боп ұшынғанды,

Қажыны қайтара алмас хак жолынан
Жұмыста балаларын қысымға алды.

«Кәдімгі сәбетский баласындар,
Қай уақта дұрыс адам боласындар?
Партияның оқытқан шопырлары
Теріске рөлді бұрып барасындар,
Ұялмай үкіметтің машинасын
Мініп ап, намаз десе шабасындар,
Елдегі молдаларды жиып-теріп
Қажыны да мінгізіп аласындар,
Жолынан ескіліктің шықпасандар
Қараңғы, надан болып қаласындар,
Көрсоқыр көзін ашқан үкіметтің
Көртопырақ құятын шамасы бар!

Көнбесе ырқымызға мынау халық
Сонша жыл біз несіне танаурадық?
Намаз, құран біржола қоясындар,
Қоймасаң, отырсың гой сөзді аңғарып,
Дәл жиырма төрт сағатта жібереміз
Қажы әкеңмен қосақтап жер аударып!»
Партия таңдай білген шешендерді,
Қаһарлы хатшы сөзі өсерлі еді...
Әбсөләм қажы атама кешкे таман
Салбырап Мұқаш пенен Кәшөн келді.
Сабырмен балаларын тыңдап алып
Салмақтап әрбір сөзін жауап берді.

«Бүйрексыз адам доптай домаланбас,
Құдай берген Құранды пенде ала алмас.
Бар үкімет, партияң жабылып кеп
Кессе де ажырамас сәждадан бас!

Ал сендер қалма пәле, айқайға да,
Шама жоқ шалқаятын шалқайғанға.
Екпіні тау жығады үкіметтің
Шындаса, аямайды, шайқандама,

Кесім сол – көнестіңдер дегеніне
Қай жаққа қаңғырмақпыш қартайғанда?
Барған жерден береке таптыра ма,
Құрығы жетіп жатыр қай-қайдада!

Намазды теріс бүрдыш заман бүгін,
Заманға таба алады амалды кім?
Қабанға қарсы ұмтылып жеңе алмассың,
Сендердің керек маған амандығың!

Қайтерсің қаскөйлікке айлаң азда,
Ілесіп оған бірақ жолдан азба,
Іілсен, түбінде бір түзелерсің
Тірекенді жауыздық жойғаны аз ба?
Жүргіндеге сақтай біл иманыңды,
Маңдайың тимесе де жайнамазға,
Алладан басқа ақиқат таба алмайсың
Сарғайып үңілсен де қай қағазға!..»

Құн өтті... Ай ауысып... Жылжып жылдар...
Аспаннан нүр төгіліп, сегілді ызғар,
Кешегі коммунистің осы күнде
Бірі молда, ал бірі уағыз тыңдар!

Өшкен жоқ қажы атамның өнегесі,
Иншалла, кең жайылды керегесі,
Кәшөн – молда, ал Мұқаш қажы атанып
Елдегі мешітінің болды егесі.
Құрметті азаматы еліміздің
Қасендей қайырымды немересі!

Жанталас, небір зұлмат халық көрді,
Мұздады, шалықтады, жанып көрді,
Аталар аманатын аман сақтаң
Бүгінге дін мен тілін алыш келді.
Иманын жоғалтпаған тар заманда
Иа, Алла, көркейте гөр ерікті елді!!!

ЕСКІ ҚЫСТАУДАФЫ ЕРТЕГІ

Қармен қымтап қой қораның іргесін,
Кенебай шал малын жайлап келгесін,
Қара тонға қара балдар бір аунап,
Шай ішіліп, сақал сипап, құлгесін,

Ақ жаулығы қараңғы үйді жарық қып,
Ежелгі ескі ақыздарды халықтық
Үскірікпен үндесе бір күрсініп
Айтушы еді Алтын апам жарықтық.

Жалғыз қыстау ну орманның бауырында
Қырау басып беркін Мақпал таудың да,
Әңгімені ағытатын өжеміз
Немересін тербеп қойып алдында.

Елтіп өбден ертегінің сөзіне,
Бәрі елестеп менің бала көзіме,
Айналатын өжей жұмбақ әлемге
Ертегіден келгендей боп өзі де.

Көрөсін шам саман үйде құбылып,
Көлеңкелер әрлі-берлі жұғріп,
Ақыздагы аждана мен диолар
Бұрыштардан қарайтында тығылып,
Жүрек жаурап, діріл қақса тылсымнан
Әжеміздің өжімінен жылынып,

Батырлармен бірге қағып қанатын,
Бала қиял жер түбіне баратын.
Қайда шіркін, сол ғажайып мөлдір шақ
Ертегіге естен танып нанатын!

Бұл өмірде емес шығар жол тегін.
Кезеді адам арман ізден жер-көгін,
Бір белестен бір белеске асады
Бүгінгіден қызық-ау деп ертеңім.

Еірақ маған ыстық кейде бәрінен
Боранды кеш... Ескі қыстау... Ертегім!

ҚЫЗЫЛ ҚАУЛЫ МЕН ҚЫЗЫЛ СИЫР

Ол кездер ойдан өшіп, алыстауда,
Шалғыдай тиген қаулы қамыс, қауга,
«Бір сиыр, я болмаса бес қой» деген
Бір үйге рұқсат болды мал ұстауға.

Бас шайқап қаталдықтың жобасына,
Вір қарап кеуіп қалған сабасына
Сиырды өке-шешем тығып қойды
Немере апамыздың қорасына.

Алдауга, мектеп айтқан, болмайды деп,
Отірік айтқан кісі оңбайды деп,
Қып-қызыл пионерміз, күйінеміз
Сәбетті неге өкеміз алдайды деп!

Ұмытты сиыр біраз өрісті енді,
Көк шөппен орып берген қүйістенді,
Аралап аулымызды, малды санап,
Вір күні тексеруші орыс келді.

Жүр едік үй алдында асық ойнап,
Сақамен соғамыз кеп диды байлас,
Еізбенен емен-жарқын амандасты,
Азырақ сөйлейді екен тілін шайнап.

Өзі біраз қызара бөртіп алған.
Жетекке лесепетін ертіп алған,
Візге қызық... Емес-ау оған қызық,
Қызыл заман оның да еркін алған.

Қонақты балайтұғын ізгі адамға,
Баланың көңілінде сыз бола ма,
«Корова ес?» деп күліп сұрап еді
«Ес, ес» деп, алып келдік біз қораға.

Алдынан әлгі орыстың апам шықты,
Даусы да жайдағыдан қатаң шықты,
Қораға кіргізбеді жолын бөгеп,
Апаммен алысып көр, болсаң мықты!

Санамыз саясатты үға алған ба,
Біз мәзбіз, орыс сөзді құп алғанға.
Қанады айызымыз сиыр бар деп
Апамның өтірігін шығарғанға.

Апам қолын сермелеп еңірейді,
Орыс бізше бірақ та тіл білмейді.
«Коброда нет! Нету!» – деп апам тұрса,
Бармын деп қызыл сиыр мөңірейді!

Шешем кеп, сарқыт қой деп кешегіден,
Ұсынды қызыл арақ кесеменен,
Қиналмай қағып салды қайран орыс
Жүгіртіп көз қызығын көшеменен.

Қаһарлы қаулы оны да көндірді ме,
Терге деп бейбіт елге төндірді ме,
Қызылкөздер тұтатқан қызыл өртін
Қызыл орыс қызылмен сөндірді ме?!

Кім білсін! Адам екен, үқты бізді,
Жазбады қағазына түктімізді...
Қызылсирақ балалар қызылсырап
Қызыл етке жеткенше бұлтты құзғі,
Қызыл заман қинаған сол күндерден
Қызыл сиыр аман ап шықты бізді!

ӘПШУ МЕН АУПАРТКОМ

Жалғанның үйір болған жаманына
Не шара арызқойдың амалына?
Цекаға біздің елден түсті қағаз
Кеңестің дәуірлеген заманында.

Ежелден пәлеқорлар іс біледі
Неліктен осылардың күшті лебі?
Мың жақсының сөзіне құлақ аспай
Күштілер сол іистен түшкіреді.
Цекаға өлгі арызқой былай жазған:
«Бұл елдің дін болып тұр күш, тірегі,
Райкомың, райисполком, милицияң
Жасырын балаларын піштіреді!»

Сөздері жалаң емес, толы факті,
Төсеген жазуга өбден қолы қатты.
Бар бастықтың баласын аңдып жүріп
Моншада әпшулерін көріп апты.
Көрмегенін көшеде ұстап алып
Насыбай сұрап атқан беріп тәтті,
Бұл түбірді жүлмаққа тапсырма алып
Бір қатал инспектор елге шапты.

Тып-тыныш елге салды дүрбеленді,
Қайран ел ширықса да үндемеді,
Қайтейін, көнтерілі қазағым-ау,
Мұндайға сенен басқа кім көнеді?

Жинады әпшу жайлы жиналысқа
Керемет қиратқандай бірдемені,
Емпендең инспектор етегіне
Атақты арызқой да бірге келді.

«Ұмытып жат піғылдан сақтануды
Қай жаққа бастайсындар жастарынды?

Кестіргенді қоймасаң, керек болса
Кесіп алып тастаймыз бастарыңды!»

Әр сөзі тексергіштің болды атыстай,
Жұрт отыр тәмен қарап тіл қатыспай.
Бірінші секретары аупарткомның
Тау тұлғалы Жақыпов ер Алпысбай.
Фашистпен сан айқасқан батыр еді,
Орнынан жау көргендей тұрды Алпысбай,
Қисынсыз бұл қорлыққа қаны қайнап
Қанаға қып-қызыл боп мінді Алпысбай,
Гүр етті жым-жырт жүртты дір еткізіп,
Атылып жымнан шыққан жолбарытай.

«Қарағым, айналайын, инспектор,
Бұл арыз неге сонша жұмыс боп тұр?
Жатқанда басқа шаруа бастан асып
Әпшуден алғандары теріс боп тұр.
Терісті көп тексере бергеннен соң
Домалақ өсек-аяң өрістеп тұр!

Бері кел, арызқойым, шешен, – деді, –
Пәле үшін туып па еді шешен, – деді, –
Салтынан ежелгінің қайтармақ па ең
Екі елі шекте кетсе есен, – деді, –
Қай жерде тыйым салып өпшу жайлы
Жазды екен компартия көсемдері?
Бәріміз кесілгенбіз, жалған десен,
Сен де шеш, мен де қазір шешем, – деді, –
Егер де өлі күнге пішілмесен,
Дәл қазір өз қолымнан кесем!» – деді.

Көрмеген көптен бері мұндаі лаңды
Бұқпалап белсенділер тыңдай қалды,
Талтайып төрде тұрып ер Алпысбай
Шалбарын сызыруға ыңғайланды,
Арыз жазғыш неменің дымы шықпай
Құйын құған қаңбақтай шыр айналды!

Отырған обком, райком мүшелері
Сабыр деп арасына түсे берді,
Үрпіп инспектор бір жақ шетте
Үндемей қара суды іше берді.

Байлаған бір арызға елін қуды,
Келтіріп төубасына белін буды,
Ендігі сөзім сізben дегендейін
Алпысбай тексергішке бетін бұрды.

«Қазақтың қойдай қоңыр баласы бар,
Оның да жайымен бір санасындар,
Сұндепті – бабасынан қалған дәстүр,
Несіне оған ауыз саласындар?!»

Басшының үлкені мен кішісіне
Сөлем айт, елді де бір түсінсін де.
Өздерін бір тексеріп ең алдымен
Қарасын біріншің де, үшіншің де,
Сұңғісі бәрінің де сұндетtelген,
Сенбесен, штандарын түсірін де!

Арызқой ауымызга жабыспақ па,
Бұл жайлыш жазылды екен қай уставта?
Алдында құллі өлемнің құлкі болып
Партия енді өппшумен алышпақ па?

Табысы еліміздің еселенсін,
Балдары аман-есен өсе берсін,
Тимесе болғаны да сенікіне,
Өзінше өзінікін кесе берсін!»

Алпекен алдаспандай кесіп айтты,
Қырдағы қызыл желдей есіп айтты,
Ес жиып тексеруші, сөзге тоқтап,
Өршітпей түйіндеі осы жайтты.
Бір қаулы өппшу жайлыш қабылдаудың
Таба алмай жөн-жобасын үйге қайтты.

Шалбарын шешті ме екен басшылардың
Біле алмай соны жұрттың миы қатты,
Бір күліп құштілерге қайран елім
Үндемей балаларын пішіп жатты!

ГҮЛБАНУДЫҢ БИІКТІГІ

Өмір – жұмбақ, үйлесім мен қайшылық,
Құн батады, бір жағынан ай шығып...
Өсті ауылда жетпісінші жылдары
Он үш жасар Гүлбану қыз-талшыбық.

Сұлу еді, сұңғақ еді сымбатты,
Сүйетін-ді өсем өнді, ыргақты.
Асыл еді, асқақ еді арманы,
Фашық еді бұл өмірге тым қатты.

Асық ойнап, доп қуалап таласқан,
Балалыққа асыр салу жарасқан,
Құрбыларын таңдандыра өрмелеп,
Аңғалдықпен шықты бір құн ағашқа.

Зау биікте қолын бұлғап тұрады,
Абайсызда онбай бір-ақ құлады.
Озмыш бар ма тура келсе жазмыштан,
Омыртқасы отыз жерден сынады.

Жанталасып әрең қағып иегін,
Жағалады өмір-өлім жиегін,
Дәрігерлер алып қалды ажалдан
Жинастырып, гипстеді сүйегін.

Бала көңіл білмейді ғой мұңдану,
Бал секілді оған қолда тұрған у.
Құлантаза айықтым деп аурудан
Алаң болмай оқи берді Гүлбану.

Қарагайдай тұзу болсам деуші еді,
Сәмбі талдай нөзік болсам деуші еді,
Қыран ұшқан құзар шыңға құмар боп,
Қаршадай қызы бойын көкпен өлшеді.

Барын салып дәрігерлер жазғанмен
Амалы жоқ... Қөзге сап-сау болғанмен,
Құннен-қүнгө бара жатты қисайып,
Биіктікке бойын қанша соғанмен.

«Мұндай сүмдық болатынын білмеп ек», –
Дейді үлкендер... Енді жылап не керек?
Қыр арқасы қисық бітіп, қор қылып
Балдырған қызы болды мәңгі мүгедек.

Бір әпкесі, бар еді бес ағасы,
Жоқ бірақ та қолдан келер шарасы,
Қүйігіне шыдай алмай қызының
Қайтыс болды атасы мен анасы.

Адамзаттың жігерінде бар ма шек?
Шектеу болса ерліктерге бармас ек.
Мектептен соң түсті оқуға Гүлбану,
Таңдал алған мамандығы – фармацевт.

Жалдаш тұрды Алматының шатырын,
Дәмін татты тер мен табан ақының.
Күдер үзбей келер құннен, мұңайып
Аптекада істеп жүрді ақырын...

Отыр еді кешке тамақ пісіріп,
Дауыс шықты зәре-құтын ұшырып...
Бормотуха ішкен кеше көрші орыс
Өлейін деп жатыр екен қысылып.

Жоқ еді оның тірі жанға зәбірі,
Басқа жақта бала-шага, бауыры,
Таза спиртті тамызғанда аузына,
«Ух!» деп барып, соқты қайта тамыры.

Көзін ашып, қимылдады еріні,
Кең ғой, шіркін, даламыздың пейілі,
Жалғыз алқаш кәрі орысқа жаны ашып,
Түсті кемтар қазақ қыздың мейірі.

Өшпегесін өмірінің шырағы
Дәдә Миша тірлікке бет бұрады.
Жаман арақ ішсе уланып қалар деп
Таза спирттен әкеп беріп тұрады.

Талғамайтын бұрын сары, қызыл деп
Жаман ғадет Миша ағайда бүгін жоқ.
Аздап-аздап спирт ішіп, күн көрді,
Алғыс айтып, бақытты бол, қызыл деп.

Совет елі айналмаған бөтенге
Коммунизм тұрган кез ғой көкейде,
Әйелі кеп алып кетті бір күні
Украина, қазіргіше шетелге.

Өте берді күн артынан күн жылжып,
Бір-ақ сәттей кейде уақыт бір жылдық,
Дәдә Миша ізден кепті бір күні
Бір мұңлыққа сүйеу болып бір мұңлық!

«Құрбандығы болсам да ата салтының,
Баласы едім батыр орыс халқының,
Жақынымның бәрінен де көрмеген
Жақсылықты сенен көрдім жарқыным!

Бұл өмірде біраз жерге барыппын,
Ақырында бәрінен де жалықтым,
Бала-шага, әйеліммен табысып
Ем-дом жасап, ауруымнан айықтым.

Көрші болдым бір емшімен мен, – дейді, –
Қырық жылғы бүкірлікті емдейді,
Келсін деді, сен туралы айтып ем,
Жүр менімен, жазыласың сен!» – дейді.

Есі шығып, қыз не дерін білмейді,
Миша айтады: «Оны көп жұрт іздейді,
Қисық бітіп, қатып қалған сүйекті
Сылап-сипап, сымдай тартып түзейді!

Күлпәрә боп, теріс бітіп, шор басқан,
Жон арқаға өркештей боп жармасқан
Сарсүйекті саздай илеп жазатын
Сиқыры бар, сан ғасырдан жалғасқан!»

Нанарын да білмейді қыз, нанбасын,
Күмәні жоқ, ағай неге алдасын?
Ем қона ма ескі ауруға – сол уайым,
Нартәуекел, көре жатар барғасын!..

Айтса айтқандай, қайырымды шал екен,
Кемпірі де Иванына пар екен,
Халық емін атасынан үйренген
Өзіне аян құпиясы бар екен.

Емшілердің құрметке бір лайығы,
Кемелденген парасаты, пайымы,
Жұмсарта ма өз жүйесін, кім білсін,
Іshedі ептеп... Осы ғана айыбы.

Әр нәрсенің бар ғой жауап, сұрауы,
Сырқат, бәлкім, жаратқанның сынағы...
Күтірлетіп күдірейген арқасын
Тәуіп алты ай маймен сипап, сылады.

Буын-буын – бәрін қозғап, баптады,
Төзімді деп түз баласын мақтады.
Кемпір-шалға көмекші боп тірлікте
Дала қызы дәм мен тұзын ақтады.

«Қатқан сүйек қалай ғана бүгілмек,
Бүгілмесе, жөн бе өмірден түңілмек?»
Шерлі жанды жұбандырды Ваня атай,
«Шешуші сәт, келді қызыым, бүтін», – деп.

«Алты ай бойы дайындаым қарагым,
Төуекел ғып, дерт шипасын табамын,
Өзім ғана құпиясын білетін
Ертіндіге екі сағат саламын.

Жібіген соң әбден балқып буының
Әр сүйектің салам тауып орынын,
Қалпына кеп қатқан кезде қайтадан
Сұңғақ бойлы, сұлу болмақ порымың!»

Ертіндіге ептең қызды салыпты,
Женіл, жылы жамылғысын жауыпты,
Сөтін тосып, байыз таптай жүрген шал
Ішкен екен... Мас бол үйиқтап қалыпты!

Тағдыр жолы бір өткелге таянды,
Оның сыры тек құдайға аян-ды,
Қалғып кетіп балбыраған бейбақ қызы,
Таң алдында кенет шошып ояңды.

Демі бітіп, қара терге малшынған,
Айқай салды жан шыдатпас шаншудан,
Өне бойы от бол қүйіп барады
Сүйектері секілді оңбай жаншылған.

Шал да оянып жеткен екен алқына,
Жидіп түскен бар терісі жарқырап,
Көрініп түр балқып кеткен сүйегі,
Қатып қалған... келмейді енді қалпына.

Құле алмайды еңсе тіктең шалқалап,
Жүре алмайды шақырса да шартарап,
Өксіп-өксіп өмір сүрмек жас сұлу
Өз тағдырын еркесіндей арқалап.

Шал күйініп, тоқпақтады өз басын,
«Кеше гөр!» – деп, төкті көлдей көз жасын,
Одалмады оған бірақ, амал не,
Бастан бақыт, сөттен уақыт озғасын.

«О, құдайым! Мені қайда бастадың?
Бір бейбақты кемтар қылышп таstadtым,
Өмір бойғы жақсылықты жоя ма
Жазатайым жаза басқан қас қағым?

Сал боп жатқан қанша адамды түрғыздым,
Омыртқасын түзеп тура жүргіздім.
Мейірбанды дана тәуіп атанышп
Обалына қалдым ақыр бір қыздың!»

Қызында зар жылаған жан мұңын:
«Мойның алма ауырлықтың барлығын,
Болмайды екен қайтып қолмен түзеуге,
Өзүңнан қисайған соң тағдырым!»

Таң алдында екі гаріп зарлады,
Жана беріп қайта сөнген арманы,
Тілге келді біраздан соң ақырын
Есін жиып емшіліктің тарланы.

«Келді саған зор жақсылық жасағым,
Қүйігінді енді қалай басамын?
Өмір бойы азық болар жаныңа
Емшіліктің барлық сырыйн ашамын.

Бейнеттің де болар, бәлкім, өтеуі,
Бұл құпия жансерік боп кетеді,
Үстай білсең қасиетін қадірлеп
Керегің мен мереійіңе жетеді!»

Жеті жылдай мекенdedі жат жерді,
Текті аямай шәкірт ақ тер, көк терді,
Атасымен адам емдеп жүргенде
Неше түрлі жағдайға да тап келді.

Көрді басшы, генералды, өскерді,
Спортшыны, спецназды, актерді,
Тіліне де, дініне де қарамай
Сынған шыққан сүйектерін сап берді.

Тірей қалып сүк саусағын бір жерге,
Ауру сырын айырады қыз демде,
Аһылайды ақ аюдай алыштар
Бармақтай қыз арқаларын үзгенде.

Омыртқалар... Зақым көрген, ұшынған,
Қиқы-жиқы, ию-қию, қысылған,
Бұратылған нар жігіттер түзеліп
Сүйді қыздың саусағының ұшынан.

Разы болып, «атақ, ақша ал, – деді, –
Украина – біздің елде қал», – деді,
Бір жымиып ілтипатпен дегдар қыз,
«Менің туған қазақ елім бар», – деді.

Маңдайалды мықты тәуіп атанды,
Сыннан өтіп, сертификат қоса алды,
Алғыс айтып, рүқсат сұрап ұстаздан
Елге оралып, емханасын ашады.

Көңілінен алыс түрдү бүлдану,
Ізгілікте шындаپ жарыс қылды ару,
Қарағаштай қатып қалған арқаны
Сәмбі талдай майыстырды Гүлбану.

Үміт артқан өр күніне, өр айға,
Шипалы қол дәру болды талайға,
Өзгелерге шарапаты тигенмен,
Өзін емдей алмайды екен алайда!

Омыртқа деп өмір әнін салғандай,
Омыртқасыз өмір бізде бар қандай?
Бауырлардың бақыты үшін балғын қыз
Өз сымбатын құрбандыққа шалғандай.

Өркендерім түзу өсіп-өнсін деп,
Еңбек етіп, ет жүрегі дүрсілдеп,

Қанша адамды кемтарлықтан құтқарған
Гүлбануды ел айтады ерсің деп!

Алды жүрттан ағыл-тегіл алғысты,
Қанаттанып иманды қыз алға ұшты.
Бойұсынып бүйрығына Алланың,
Бағы жанды, бала сүйді, жар құшты!

Рухы сынбай, жолдан өтіп шындалу
Биігіне шықты осылай Гүлбану.
Ақынға да құдайдың бір сыйлышы-ау
Мейірбанды адам жайлы жыр жазу!

АЙҚЫННЫҢ АЙДЫНЫ

Aйқын Нұрқатов рухына

Аты да,
Заты да Айқын
Сөзі танық,
Атына
Оқығанның бәрі қанық,
Әдебиет ғылымының асқарына
Жарқырап
Жұлдыздай боп шықты жанып.

Тау тұлға
Зиялды ойға жарасатын,
Кең маңдай
Танытқандай парасатын,
Байыпты талдау, пікір,
Толғауымен
Дос түгіл
Дүшпаны да санасатын.

Аузына
Алқа топты қарата алған,
Тағылымын
Көркем сөздің тарата алған,
Дөп басқан
Тамыршыдай жан ыргағын
Сыншыл ой
Терең таным
Сара талғам.
Үлгі боп
Үкілі елдің жастарына,
Заманың
Гүл бол өскен тастағына,
Түлегі
Шұқыркөлдің шырқап ұшып
Қыран боп
Қонған ғылым асқарына.

Амал не
Әр адамның тағдыры бар,
Уақыттың
Ерте, кеш пе,
Жарлығы бар,
Аққудай айырылған сыңарынан
Арманда
Қала берген жар мұңы бар,
Айқынның
Ақыл-ойдың айдынында
Айта алмай
Кеткен талай зар, мұңы бар,
Айтулы
Айтары мол еңбегінде
Қазақы қalamгердің барлығы бар,
Ардақтап
Атын іздел, зерделейтін
Ай, күні,
Айдары бар,
Арнұры бар!

Өрелі өрендермен
Өркендедік,
Есіне алар деп ел
Ертең келіп,
Аяулы Айқын аға
Айбынданып
Сөреден орын алды
Төрт том болып!

Арысын
Ардақтап ел
Тұр тіл қатып,
Ой толғап,
Той тойлатып,
Жыр жырлатып...
Самалы
Сардаланың сағынады
Құрағын
Шұқыркөлдің сыйбырлатып!

ЖАРЫҚТЫҚ ФАФЕКЕН

*Мен жалғыз қала бердім таяқ үстап,
Ежелгі ескі бақтың күзетшісі!*

(Fafty Қайырбеков. Сырбай Мәуленов дүниеден озғанда)

Ескінің бағы...
Есіңе түссе
Жүрек сыз...
Фафекен кетіп
Қалғандай енді күзетсіз,
Арынды жырдың,
Ағынды сөздің шешені
Бүгінде қалай

Үндемей қалмақ...
Ретсіз...

Құдайсыз қоғам
Қинаған жанды бояусыз,
Құрығын салып,
Құландай жырға аяусыз,
Дәуірмен бірге
Дәурені көшкен дүлділдер
Дүркіреп өткен
Дүние қандай баянсыз!

Мұңайды қырлар
Құланы кеткен азайып,
Ақынға болмас
Айта алмай кеткен сөз айып,
Бәрін де көрген
Елменен бірге Faфекен
Файыптан келіп,
Файып боп кеткен тажайып!

Ананың жырын,
Даланың жырын ардақтар
Ағаның сырын
Ұға алдық па еken андал бар,
Ағады дейтін
Өкпесі күйіп өлгенше
Тұлпар боп туған
Санаулы ғана саңлақтар.

Байыргы даала
Өлеңмен баурап сүйгені,
Қанына біткен
Көненің кие-күйлері,
Faфудың рухы
Фарышты көздей үшқанда
Кетіпті күйіп
Электр желі үйдегі!

Шуағын жанның
Аямай төгіп жалғанда,
Аттанып кеткен
Бақылық биік арманға,
Жердегі шам да
Көрсеткен шығар құрметін
Жарықтық Faфу
Жұлдыз бол көкте жанғанда!

ТҰРСЫНБЕКТІҢ ДАРХАНДЫҒЫ

Тұлпардай кең даланы дүрсілдеткен
Таниды Тұран елі Тұрсынбекті...
Оқуға тусу үшін емтиханда
Бір бала Тұрсынбекке бұрсын бетті.
Дөнентаев туралы сұрақ келіп,
Өмірін түгел айтып берсін депті,
Ақынның еңбек жолын білмей қалып,
Қысылып, демі бітіп, құрсінбекші.

Ұялып, қиналса да ағаға кеп,
Қой құрлы түяқ серіппей қалам ба деп,
Қиылды: «Қызметін білмейді екем,
Өлеңін айта берсем бола ма?» – деп.

Тұрсекең жүгірткендей ойды алысқа,
Үқсап бір шиырылған жолбарысқа,
Шегініп, сүзе қарап сөл тұрды да,
Гүж етіп, деді-ау сонда «божалыста!»

Даналық, дархандығын байқатып ед,
Қайта бер десе қайтсін, қайтатын ед,
Ағасы айта ғой деп рай берген соң,
Қайқайып шыға келді қайта түлеп.

Боздатып бозторғайдың зарын айтты,
Әлсізге күштілердің зәрін айтты,
Зорлық пен зомбылықты халық көрген
Сәбиттің жазғанының бәрін айтты...
Аялы алақаннан қуат алып,
Балақан студент бол елге қайтты.

Пендересін патша құдай қолдағанда
Осылай кез қылады-ау оңды адамға,
Бозбала тозаң қуып кетер ме еді,
Сондағы «божалыста» болмағанда.

Осындай нағыз ұстаз қайырымды,
Игерген шет-шегі жоқ бай ғылымды,
Айырып ақ-қарасын батыл айтқан
Алаштың арыстары жайлы ұғымды.

Қазақтың бақытына жаратылған,
Сау қалмай бас көтерген дара тұлған,
Фасырдың астан-кестен кезеңінде
Жауыздық аран ашып аласүрған,
Туралған отаршылық қылышымен,
Байың да, кедейің де, Алашордан,
Ол заман ауыр болған азamatқа,
Құтылу мүмкін емес қалың сордан,
Бұғінгі батырларға оп-оңай-ау,
Жаланы оңды-солды жаба салған,
Орынсыз күстәналуа өткендерді
Ақ жүрек, адад жанға жара салған,
Жетпіс жыл – ол да тарих, ел тарихы,
Өтірік емес қолдан жаза салған.

Кеңестік кер заманда ер қамалған,
Аққудай аспандағы құлады арман,
Бір кезде буырқанған ой сезімдер,
Тып-тыныш сөрелерде тына қалған,
Архивке ай маңдайы сәүле шашып,
Кәкішев ойға батып, қырға қонған,

Көншідей тас қопарған тыным таппай,
Сарғайған сар қағаздан сұрақ алған,
Гайбаттың тасқынына тосқауыл бол,
Қазақтың Толағайы тұра қалған.

Ерлердің елім деген жаны сұлу,
Түн тербел, тау жаңғыртқан өні сұлу,
Тар кезде ар-намысын сақтап қалған
Алаштың ұл-қызының бәрі сұлу!

Тұңғиық ойға батқан көзі сұлу,
Тым биік айға баққан сөзі сұлу,
Өлшеусіз сұлұлыққа ғашық болған
Тұрсынбек ағамыздың өзі сұлу!

Көрсे де тайталаста керең қылышқ,
Құдікті түп-түбінде жеңеді үміт.
Шындықтың шырағы бол жарқырай бер,
Ерен ұл, терең ғалым, берен жігіт!

ӘБІЛСЕЙІТТИҢ КӨРГЕНДІЛІГІ

Құресте қайран қылған бар халықты,
Қазақта кім білмейді Айхановты,
Бас қосып алты құрлық алысқанда,
Айбаты Айхановтың байқалыпты,
Белінен бұрап ұстап ырғағанда,
Алыптар нар бурадай шайқалыпты,
Оңтайлан оң жамбасқа салған кезде,
Шік түсіп боз кілемнен жай тауыпты!

Бір жылы маңғұл жаққа барған екен,
Жеңімпаз бәрін жығып болған екен,
Қайткенде жеңеміз деп бұл қазақты,
Маңғұлдар түйе балуан салған екен.

Жекпе-жек шетелдегі батырға сын,
Шықпауға амал бар ма шақырғасын,
Жасы үлкен тау тұлғалы сақа балуан,
Талайдың шаңға тыққан тақыр басын,
Көрмекке өүселеңін жас перінің
Балпаңдал боз кілемге жақындасын,
Басталды ұлы айқасы екі алыштың,
Ініде күш, ағада ақыл басым.

Даңқы зор, еңбегі мол маңғұлдық ер
Басына хан көтерген қабырғалы ел,
Толысып ер ағасы жасқа келген,
Қүресте айла, тәсіл бәрін білер,
Жараған қаңтардағы қарт бурадай,
Қалшылдал қаһарланса темірді үгер,
Қарымын байқаған соң Әбілсейіт,
Күш тасып, өн бойында жалын жігер,
Алыста ағалық жоқ дегендейін
Бір жынды ой дейді жерге қағып жібер,
Оңтайға ала беріп ойға қалды,
Болса егер ардагердің белін бұгер,
Өкпелеп маңғұл, қазақ түгел бәрі
Көргенсіз жөн-жобадан жаңылды дер,
Сындырмай ердің сағын, елдің бағын,
Алғысқа бөленетін табылды жол.

Жапырып жіберем деп жас баланы
Бұлқынып балуан аға бас салады,
Бұқадай тірескенде жер солқылдал,
Ел толқып, тау жаңғырды асқаралы,
Жас наһан жұлқығанда қарт қаһанның
Кілемнен ажырады қос табаны,
Төңірек тына қалды демін тартып,
Жас бала жасайды-ау деп масқараны,
Үршықтай үйірсе де қапсырып-ап
Қайқайтып қара жерге тастамады.

Көтеріп алып барып орынына,
Қондырды қарт қыранды тұғырына,
Қол соқты тік түрегеп қалың маңғұл
Көргенді ел қазақтың ер ұлына
Сол сәтте ұқсап кетті Әбілсейіт
Шыңғысты хан көтерген Тоғурылға!

БЕКЕТ АТАНЫҢ ҮЙІ

Сапарға ең өуелгі үлкен себеп
Кемел аға Тоқаев алпысқа кеп.
Маган қолқа салғаны. «Бірге жүріп,
Сыншым да, жыршым да өзің боласың», – деп...

Маңғыстау – түйелі жер, киелі жер,
Жолынан жығылмаған жүйелі жер,
Көргендер жердің түбі, судың түбі,
Ғажайып екі әлемнің жиегі дер,
Көнекөз, жел мұжіген домбырадай
Шанағы – жыр, шегі – сыр, тиегі – шер,
Суреті, серті бөлек, сұсы басым,
Тасы – ою, құмы – өрнек, сүйегі – зер,
Әуесіне әулие рухы сіңген
Тегіннен тегін басын иеді ме ел?!

Керемет дүниемен кеп таныстым,
Дүбірін естіп талай аттаныстың,
Түбінде Қарақия ойға батып
Басынан Шерқаланың құстай ұштым,
Адайдың қыздарымен әзілдесіп
Апайтөс үлдарымен төс қағыстым.

Жігіттер шежіреші, жөн біледі,
Айтылды аңыз, жырдың дәмділері,
Кездесіп көпшілікпен, елді аралап
Қонғалы бір ауылға келдік енді,

Бірінші секретары аупарткомның
Бастады бір келеңсіз өңгімені.

«Түзету қыын екен бұл халықты,
Басына Бекет ата үй салыпты,
Орталық бізден талап етіп отыр
Жағдайды ұстаңдар деп бірқалыпты!

Сол үйге жұрт жиналышп, түнейді екен,
Сиынып, көп жақсылық тілейді екен,
Дәл мұндай советке жат соқыр сенім
Цекаға жақпайтынын білмей ме екен?!»

Қабағын қатулана түйді райком,
Барлығын бір уысқа жиды райком,
/Қазір ғой оп-оңай жұрт жамандайды
Ол кезде салмағы ауыр сыйлы райком/,
Қыпылдаپ отыр ерлер алқа-қотан,
Дегендей «амал жоқ-ау, енді қайтем?»
Қадалып селсәбетке. «Анау үйді
Жойындар жылдамырақ», – деді райком!

Селсәбет, Сәкең деген ақсары адам,
Ат-тонын ала қашып масқарадан.
«Қауқарсыз, дәнемесіз, құр қағазбен
Мен қалай бұл міндетті атқара алам?
Құрал-жабдық қолында, қуаты мол,
Бұл істі сұраған жөн басқармадан!»

Басқарма шоршып түсіп, селсәбетке.
«Дауласып неғыласыз, – деді, – текке,
Ағасыз, ақыл табар қысылғанда,
Қалыс қап, қия тартып, қиыс кетпе,
Құрал-сайман, кісіні мен берейін,
Қаулыны өзің шығар, өзің ретте!»

Сәкең айтты. «Сенде ғой қолбасылық,
Хатшы саған сеніп тұр, алға ұсынып!»

Басқарма ытқып кетіп деді сонда.
«Кетпеңіз тым ойнақтап, жарға шығып,
Зиратқа мен жауапты бола алмаймын,
Міндегі – мойындағы – шаруашылық,
Тәртіпке тікелей сіз жауаптысыз,
Өзіңсіз алмайды ешкім қолға шыбық!»

Бұларға хатшы біраз құлақ түрді.
«Басқарма, бер кісі мен трекірді,
Қауулыны сен шығар да, селсебетім
Құрт үйді, жұмыс қой ол бір-ақ тұнгі!»
Жаны алқымға келгенде селсебеттің
Жұзінде арпалысты сұрақ түрлі,
Сандқ етті сөлден кейін. «Жоқпыш ба, – деп,
Түнекке сөule берер шырақ құрлы?!

Өулие ғыпп жаратқан бір құдайым
Ер Бекет аруағы гой ел адайдың,
Селсебет, партбилетті қазір тартып
Алсаң да зорлығыңда көне алмаймын,
Атамның басындағы үйді бұзып
Халқыма мен қарабет бола алмаймын!»

Тым-тырыс отырған жұрт іштен тынды,
Хатшының түсі қашып, сағы сынды,
Мұндай сөз ол заманда өліммен тең
Болсаң да неше батыр, неше жынды,
Апырмай, арты қалай болады деп
Жандайшап кей жолдастар жанұшырды,
Кемел аға екеуміз құшырлана
Қол соқтық, қорғадың деп намысынды,
Үндемей жалғыз қалды қатал хатшы
Бөлінген қауызынан тары сынды!

Өзгенің қасиетін тегіс құртқан
Теперіш аз емес-ау теріс жұрттан,
Аруағынан айрылған ел азады,
Соны біліп, ілімін теліп сырттан,

Жаныңды улап, жұтатып, жұтпақ болып,
Майдалап айналдырса не бір мыстан,
Аруагыңнан айналдым Бекет Ата,
Соларға тосқауыл боп, жеңіп шыққан!!!

ШӘЙМЕРДЕННИҚ ҚҰРБАНДЫҒЫ

Шәймерден Дәуреновтің рухына

Шәймерденді Шахи дейтін достары,
Шахи еді, сахи еді – рас бәрі,
Ақын еді, жазушы өрі журналист
Демесеңіз бәйгеге өлең қоспады.

Тебіренсе тереңнен сыр аштын,
Күңіренсе көзі жалын ататын,
Отар елдің атар таңы бар ма деп
Ауық-ауық ауыр ойға бататын.

Шұғыладан шуақ іздең шындағы
Құса болған даланың ер үлдары
Ағыл-тегіл ақтарыла шаттанды
Шыққан күні мемлекеттік тіл заңы!

Орнағанда ана тілдің теңдігі
Жылап тұрып, осы ғой деп ел мұңы,
Енді өлсем де разымын деп жыр жазып
Жол апаттан қаза болды сол күні!

Тағдыр – жұмбақ, талқылауға бола ма?
Сыя қоймас қағида мен санаға,
Қайран Шахи, атағандай өз-өзін
Ана тілден кетейін деп садаға!

ФАРЫШ ҚАЗАФЫ

Хақ тағала аспан, жерді жаратқан,
Әр халықты әр қызырға таратқан,
Тілі басқа, түрі бөлек бәрін де
Күрсіндіріп зеңгір көкке қаратқан!
Қылыш-қылыш болса-дағы өткелі
Көккүмарлық кекіректен өшпеді,
Могикандар аспандата ұран сап
Шумерлердің ойы көкке беттеді,
Мәңгі өлмейтін мифтерінде әллиндер
Көкке ұшам деп жанып кеткен жоқ па еді,
Көк түріктер көк тәнірге табынып
Көкке қарап ұлิตұғын көкбөрі,
Көк боз ат пен ақ боз атты қосақтап
Қазығына арқандаған көктегі,
Қиялында көкте жүзіп жүргенмен
Түрік қолы көкке бірақ жетпеді!

Ай мен Құнді ардақтаған Алашым
Биіктерге баулитұғын баласын,
Көк дөненнен жүйрік қазақ көңілі
Шарлайтұғын жұлдыздардың арасын,
Киіз үйде отпен бірге алаулап
Гарыш сыры арбайтұғын санасын,
Ұша алмады өзі бірақ, амал не,
Космодромға берсе-дағы даласын!

Кімдер ұшып, кім қонбады дағаға
Хаттап, шоттап сана мейлің, санама,
Отыз жылғы өрендердің ішінде
Бір қазақ жоқ дегенге жұрт нана ма?!

Қып-қызыл от, зиян қалған ізінде
Гарышқа ұшу пайда ма екен түбінде?
Тек әйтеуір келді қазақ кезегі
Мың тоғыз жұз тоқсан бірдің күзінде!

Қалды артыңда бодан болған қор шағын
Женді ақыры елдік атты ер сарын,
Алақанға салды қазақ баласы
Аттила да ала алмаған жер шарын!

Тына қалып тас кеуденің бүрқағы
Шырылдаған шындық көкке шырқады,
Күнге беттеп құндей құліп келеді
Құннен туған ер гүндердің ұрпағы!

Көкжалдығын халық көрген Тоқтарым,
Көкке жолды салып берген Тоқтарым,
Көптен бергі көк түріктің қайтпаған
Көп есесін алып берген Тоқтарым!

Қайратты да зейінді,
Айбатты да мейірлі,
Болған-ақ шығар осындай
Батырлары өлемнің
Бұрынғы мен кейінгі!
Алақаны күректей,
Саусақтары білектей,
Дыбыстан ұшқыр ұшақты
Дәл қондырған кемеге
Айдынын теңіз кірлетпей,
Қақ жарып мұзды мұхитты
Тоқтаусыз ұшқан полюске
Жанармай құйып аспанда
Жұмбақтан жүрек дір етпей,
Қыннның жеңіп талайын
Абырайға бөленген
Туған елін жүдептей,
Атлас батыр секілді
Көк күмбезін көтеріп
Үстап тұрган тіректей!

Қыран құстай достарымен табысты,
Құшақтасып, ер парызын алысты,

Иен далада арғымақпен шапқандай
Тоқтар кезіп келе жатыр ғарышты!

Нұр қүйылып журегі мен санаға,
Көз жіберді тау мен мұхит, далаға,
Шексіз, түпсіз кеңістікте қалықтап
Өз жолымен бара жатыр Жер-Ана!
Айдынды шалқар су қандай,
Судан үшқан бу қандай,
Керіліп жатқан кең дала
Тауға біткен ну қандай,
Осынша сұлу дүниені
Шарпысқан ашу-ызының
Қара бұлты бугандай!

Аспан шексіз, мөлдір неткен,
Секілді бір мәңгі көктем,
Қолын созып, көз талдырып
Мұңдық небір өндір өткен,
Жер бетінің өнбес дауы
Ерді не бір еңіреткен!

Елді құртқан, ерді жұтқан
Таудай болған дау-дамай,
Қарағанда ғарыш жақтан
Тарыдай да болмады-ай,
Қолдан жасап қанды қасап,
Адам ұлы бірін-бірі
Аямастан жалмады-ай,
О, дүние, жалған-ай,
Кінө тағып жан біткенгө
Бұл өмірге көп өкпелеп
Қойындаршы зарламай,
Зар көбейсе, пәле-жала ушығып,
Жер-Ананы жаралайды, арман-ай,
Көтере алмай соншалықты
Озбырлықты, жауыздықты,

Аярлықты, арамдықты
Күңіреніп Жер-Анамыз
Шексіздікке шеру тартып,
Күйіп кетсе не болады, Аллам-ай!!!

Құдай ортақ, Жер де ортақ, Күн де ортақ,
Көппен көрген ұлы тойдан кім қорқат,
Жалғыз өзі жетем дей ме мұратқа!
Ортақ үйді ойрандаған жын-көрқап!

От-жалында өмір бақи жандың да,
Ақыл-естен біржолата тандың ба,
Қарапайым әрі дана ақиқат
Ей, адамзат, екі-ақ жол түр алдында!

Жер бетіне сыйластықпен сыясың
Я желкенді бір-біріңің қиясың,
Өзгелермен өзің қоса қызылып
Біржолата тіршілікті жоясың!

Опырып-ап, ойып, отап тап-такыр,
Тартып жерді көкпардай ғып қақпақыл,
Көздеріне үймелетіп көк шыбын
Бірін-бірі көрде өкіртті көп батыр.

Батырларды бір кемеге мінгізсе,
Біраз уақыт көк аспанда жүргізсе,
Фарыш жақтан жерге бір сәт қаратып
Көп таластың керексізін білгізсе!

Насихаты емес жалған текке айтқан,
Ақиқаты өзек жарды көпкө айтқан,
Айға қонған Армстронг аспаннан
Тәубә қызылып, хак мұсылман боп қайтқан!

Тәубә, тәубә, керек бізге көп тәубә,
Тәубесіздер енді иманды жоқтауда,
Қанша ғасыр қасап болды қан сасып
Ей, адамзат, болмай ма енді тоқтауға?!

Ақ пен қызыл, қоңыр, жасыл түске ендік,
Жат жұрттарға көз алартып, тістендік,
Өзімізді артық санап өзгеден
Үялмастан құрмак болдық үстемдік!

Қанға сіңген сонау кезден ес білмес,
Ең ежелгі ессіз сезім ескірмес,
Алшаңдаған ақ нәсілден өлемде
Өзін артық санайды еken эскимос.

Табиғи заң екендігін түсінem,
Түңілмеймін нәсілінен, түсінен,
Теңдік заңға қол қойса да барлық ұлт
Өзін артық санайды еken ішінен!

Санай берсін, оған бола жынданба,
Қуан қайта, еңсе биік тұрганға,
Қайтер едің сорлы болса кембагал
Сенен басқа халық біткен жалғанда!

Өзін-өзі қор санаған ел емес,
Өзге жұртты кекеп-муқау жөн емес,
Артық емес бір халықтан бір халық
Нағыз халық ешкімнен де кем емес!

Жек көрмендер бір-бірінді тістене,
Ешкімге ешкім бола алмайды үстеме,
Өзінді артық санасаң да өзгеден
Дөлелдеуге күшенбе тек, күштеме!

Жанын сақтап қала алмайды жасқанған,
Асқақтап та аса алмайсың аспаннан,
Барлық пәле бір-біріне адамның
Артықтығын дөлелдеуден басталған!

Кемсітпей-ақ өзге жұрттың орынын,
Қиын ба осы шын керемет болуың?
Мойындаратам деп жүргенде басқаға
Қайырылып қалмасын өз мойының!

Пәле құмақ пешене ме пендеге,
Өмір жоқ па өктемдіксіз өңгеге,
Бағынуға міндеттімін мен неге,
Басқаруға тиістісің сен неге?!

Мен – қазақпын, сен – орыссың, сен – неміс,
Ел емеспіз ең керемет, ең кеміс,
Мен ұлымын, бағындырам дегеннен
Басталады бар ғаламдық сенделіс,
Біздің қазақ басынбаған ешкімді
Өзін айтшы, қалай еді сендергі іс?
Бір-бірінді жаулап алу – қиянат,
Бәріміз де бір кемеде – жердеміз,
Қоқан-лоқы, қактығысты тый дағы
Жер бетінен жарасыммен тер жеміс!

Пәле іздеме досыңдан да, қастан да,
Мұнға батпа, жасыма да жасқанба,
Жаман ой мен ұсақтыққа салынбай
Жиі-жіңі қарап түршы аспанға!

Жат сезімді жүрегіңе өткізбе,
Көңіліңе кемшілікті көп тізбе,
Жамандықтан жабырқасаң жердегі
Жер бауырлап жатып қалмай, көкті ізде!

Жан білмейді періште ме, аруақ па,
Шексіз қуат, таза нұр бар ол жақта,
Тазалық пен сұлұлыққа ұмтылшы
Құмар болмай қан төгіс пен қылжаққа!

Байлығың мен көптігіңе тасынбай,
Бір-бірінді бағындырып басынбай,
Бір бауыр бол тату-тәтті жүрейік
Қамыт болып мойнымызға асылмай!

Біз жүрейік сыйластықты өн қылышп,
Жоқ өмірде одан басқа мәнділік,

Нагыз достық болады ғой тек қана
Тең халықтар арасында, мәңгілік!

Біз сыйлаймыз барлық елді ғажап қып,
Сен де, ғалам, құрметтей біл қазақты,
Өзгелердің азаттығын сыйлаудан
Басталады шын мәнінде азаттық!

Көз алартып мекеніне басқаның,
Іштіярызы топырағын баспағын,
Бәріміз де баласымыз ғарыштың
Мәңгіліктің бір сәтіміз қас қағым!

Ғарыш-Жердің ашып жаңа парагын,
Ай-әлемді айналдырып пырағын,
Екі досын – барша адамды құшақтап
Кең далаға қонды Тоқтар қыраның!

Жан сарайын жаңғыртқандай жел иісі,
Аңқылдаған жел өкелген ел иісі,
Аспан, ғарыш шын ғажайып болса да
Бәрінен де артық бейбіт жер иісі!

САУАЛ МЕН САУАП

Нұргали Торғаевтың рухына

Жан көке, жайсаң азамат
Торғайдың ұлы Нұрғали
Меркеде басшы болғанда,
Маңына кісі толғанда,
Әсия жеңешем жанында
Жұлдыздай жарық жанғанда,
Өрімдей жап-жас жігітті
Құрдымға кетер жерінен
Құтқарып алып қалғанда,

Жас жүргі алаулап
Рахмет айта барғанда,
Нұрекенің бір сөзі
Ұмытылмас жалғанда!

«Біз жастармен өсеміз,
Алдыңда ұзақ жол деді,
Керегі бар халқыңа
Жақсы азамат бол деді,
Жақсылықта жақсылық
Бұл өмірде жалғасаң
Рахметің сол!» – деді.

Сөзіне үйіп ағаның
Санаға жүктеп сауалын,
Жігіт кешіп келеді
Өмір-мұхит айдынын
Сол сөздің ізден жауабын,
Нұрекенің рухына
Құдайдан тілеп сауабын!

ӘН ҮЗІЛМЕСІН

Әншіi Кәрім Илиясовтың рухына

Кешегі өткен Көрекен
Көкшениң көркем өні екен.
Көнеден қалған көп өуен,
Көріктей үрлеп қыздырып,
Көк байрақты қазаққа
Көтере тартқан жан екен!

Бөлек еді ілтипат, ізеті де,
Бауырмал екенін ел білетін де,
Баладай жалауласа жаны қалмай,
Сахнаға өсем бір мән кіретін де,

Ежелгі асылдардың сыйығындаЙ
Откеннің сөule берген суретіне,
Отырып өн салыпты бір заманда
Теміртас Біржанұлы тізесінде,
Қалдырған бабалары ойлы ырғақтың
Қалғымай тұрып өтті күзетінде!

Ілиястың Кәрімі
Жасынан түскен оң жолға,
Жоламаған жанжалға,
Ардағы еді Арқаның
Аңқылдаپ өткен өн жорға!
Қыынға құлаш сермеген
Қиқуы кекке өрлеген
Сырлы да сұлу саздарды
Саумалап төккен пернеден,
Қазына толы кеудесін
Қауымға бұлдаپ көрмеген
Бебеулеген әнімен
Бесігін елдің тербеген,
Өмірінде ешкімге
Болмасын деп көрмеген!

Батасы «бала берсін, тола берсін!»
Қабыл боп, халыққа бақ қона берсін,
Қағып ап кәрі қолдан домбыраны
Ескі әнге есті балдар сала берсін!

ЧАК-ЧАГИ

Көтергенде өз басына шақтап үй
Телағанда болған емес басқа күй,
Татар қызы Флюраға үйленді,
Күнде-күнде жеймін бе деп чак-чаги.

Шалқар сезім шарықтатып жас жанын,
Құндер өтіп секілді бір қас қағым,
Тельман аға сұрайды енді қайда деп
Қыз кезінде күнде берген чак-чагың?

Женгей айтты: «Азаматсың жақсы атты,
Ақыл-ойың өз бойыңа шап-шак-ты,
Білгенің жөн, Елубаев, татарлар
Тойда ғана пісіреді чак-чакты!»

Жіберсе де аузын өстіп ақ қылып,
Ағай сүйді жеңгемізді тақ тұрып,
Әрбір күні той емес пе адамның
Болса үйінде бақ-береке тәттілік!

Тұрса-дағы бауырсақ пен әзір ет,
Чак-чак сұрап қояды ағаң өзілдеп,
Тегін емес татар қызы – жиеншар,
Тұп нағашы – Науан ата хазірет.

Хазіретті қазақ елі ойға алды,
Ойға алғаны бір арнаға жиналды.
Басын құрап, бітіп тұрган кітапты
Шығаруға қаржы таппай қиналды.

Қаржы деген бір қиямет бүгінгі,
Небір үміт үзілді де бүгілді.
Тығырыққа тірелгені шаруаның
Жиеншар қызы Флюраға білінді.

Ата-анасы көрген құғын, қысымды,
Абзал жеңгем тарих жайын түсінді.
Атамыздың аруағы үшін қажетті
Қаражатты қалтасынан ұсынды!

Кітап шығып, жұрт жиенді жақтапты,
Матур қызды батыр қыз деп мақтапты,
Жақсы сөзден жақсы адамдар нұрланып,
Жегендей бол жүрсін күнде чак-чакты!

АҒАМЕН СЫРЛАСУ

Қасен Әбсәләмовқа

Қалай боп тұр, Қасен аға, күн бүгін,
Тау-даланы сілкіндіріп дүбірің,
Алтын кеніш ГОҚ-ты қекке көтеріп
Өрлеуменен өтті біраз ғұмырың.
Қара тасты қара термен суарған
Кеншілерге жақты сабыр, қылышың.
Тұскеніңмен президенттік тағыңданан,
Биік болсын азаматтық тұғырың!

Ақ бата мен алғыс алдың қөп елден,
Мешіттерден, мектептерден, өнерден,
Өз алтынын өз халқыңдан аямай
Ер ұл болдың абырайға бөлөнген,
Шетелдіктер келді-дағы орныңды
Тартып алды тұскендей боп төбеңнен!

Шүкір, ел боп, көк байрақты көтердік,
Кеңдігі де, кемдігі де жетерлік,
Ел ішіне емін-еркін сұғынып,
Кенішіңді билеп алды шетелдік.
Қалауынша ауыстырып адамды
Баса-көктеп көрсетеді бөтендік.
Мемлекеттің азаматын құрметті
Хақы бар ма бір-ақ шертіп кетерлік,
Үл-қызыңды алса осылай тізгіндең
Нендей елдік, мұның өзі не теңдік?!

Болса-дағы бұрылсысы, ойпацы,
Сезімтал жүрт жүріс сырын байқады.
Шетелдіктің шымылдығын жамылған
Ағайынның айласы деп айтады,
Он минутта ие болған орныңа
Інішектің ісіне бас шайқады.

Агалайтын оң тізенде отырып,
Алдаған ба он жыл бойы өтірік,
Асқар тауға шығам дей ме, апымрай,
Ағасының басынан бір секіріп!

Не істемейді, не демейді пенделік,
Пенделіктен келеміз-ау сенделіп,
Азаматтық өре қайда, ар қайда,
Осы жайлы ойладық па ел болып?
Көріп тұрып күйкілікті, құлықты,
«Қайтсін енді» деп барлығын жөнедік,
«Орынына бара алмаймын ағамның»
Десе ініңіз кетпес пе еді ер болып,
Отырғандай ұятының устінде
Жұрген шығар өзі де ойын он бөліп!

Қызмет, байлық қолдың кірі десек те,
Ол да өмірдің керегі деп есепте.
Адамдықтан аттағанды сол үшін
Жатқызамыз, қане, қандай есепке?!

Таудай пенде тола бермес талғамға,
Құбылады жеке басын қамдарда,
Жақын тартқан жарапарың тайғақта
Жалт бұрылып, жат бол шықса, таңданба.
Құрбандыққа шалып кеткен шәкірті
Жалғыз, аға, сен емессің жалғанда,
Арғы-бергі тауарихты ойласаң,
Алданған гой пайғамбар да, хандар да.
Жақсылығың адамдарға жасаған
Қанат болсын Арманыңа самғарда,
Түбі бәрі бір Алладан қайтар деп
Үмітпенен қарайық біз таңдарға!

МҰСТАФАНЫң МҰНЫ

Азаттық оттан ыстық кез туыпты,
Отанға алыстағы ел көз тігіпті.
Қарсы алды атамекен аңсап келген
Ардақты ер Мұстафа Өзтурікті.

Сарабдал санасы мен сабыры жоқ,
Әсіре әңгіме мен әзілі көп
Ағайын мадақтады Мұстафанды
Тендессіз таэквондо тәңірі деп.

Үлү өнер таэквондо корейдікі,
Кеудесін бастырмадан ер елдікі,
Әлемнің неше дүркін жеңімпазы
Ожет үл Өзтуріктең өрендікі.

Біреулер аяқ созып бәлдене ме,
Кісіні тепкілеуді сән көре ме?
Зерделеп таэквондо пәлсәпасын
Құрдасым Мұстафадай мән бере ме?
Әрелі, ер болмаса Мұстафага
Әзге елде дәп алтыншы дан бере ме?

Ер екен сөйлемейтін қосып жалған,
Естіл ем көзбен көріп экраннан,
Ерекше сезілетін әнегесі
Ескінің жол-жобасын тоқып алған.

«Ризамын түсім өңге айналғанға,
Көк байрақ бәйтерекке байланғанға,
Алайда жан мен сана азаттығын
Алғанша әңгіме көп ойланғанға,
Рахмет, өспеттеп-ақ жатырсыздар
Миымыз мақтауменен майланған ба?
Вірақ та болмайды ғой ешкімді де
Теңеуге тәңірі мен пайғамбарға!

Өрине, ағайынның тілегі ақ қой,
Аңқылдаپ жайып салған жүрегі ақ қой.
Тек қана тәңіріге теңеу – күнө,
Жаратқан хақ тағала біреу-ақ қой!

Бұл сөзді қоғам қалай саралады,
Білмеймін, өзгерді ме бағалары?..
Сарғайтып сағындырыған сар даланы
Мұстафа емін-еркін аралады.

Жанары жүрген сайын нұрланыпты,
Мұстафа ой барыпты, қыр барыпты.
Қонаға бір қалада бір жігіттер
Қойнына бұлдіршіндей қызы салыпты.

Үрпіп, үні шықпай үрке басып,
Қызы кепті түн ішінде құркені ашып,
Жан емес жамандыққа қиятындей
Секілді ертедегі ерке ғашық.

Келсе де келгеніне қиналғандай,
Өзінен жиіркеніп ұялғандай,
Қазақтың ай сәулелі ару қызы
Жұзіне жердің мұны жиналғандай.

Ақшаға алпауыттар жалдады ма,
Қорқытып я болмаса алдады ма?
Жалданса жан талғамас бейбак па екен,
Тағдырдың мойынсұнған жазғанына.

Қисайса қызы тағдыры – халыққа сын,
Халық қайтсін, арши ма балық басын?
Ерді ме өзөзілге бейкүнө жан
Тұрмыстан тауқыметті тарыққасын?

Заманда орындалған ата арманы,
Қорлықтан жүртүм неге аса алмады?

Кездесті қонақүйде қараңғыда
Қазақтың жезөкше мен қаһарманы.

Мұстафа шошынды да ыршып тұрды,
Ерінің күйінгеннен қыршып тұрды,
Қызы бейбақ бір уыс боп бүрісіп тұр
Шамасы жоқ жааралы шымшық құрлы.

Сүмдықтан өне бойы қалтырады
Сөнгендей үмітінің шамшырағы.
Тыныс ап таэквондо тәсілімен
Тарлан боз тілге келіп, хал сұрады.

«Қандасым, қарындастым, қарагөзім,
Өн де өзің, жүректегі жара да өзің,
Қалайша түстің мұндай сұық жолға
Пәк едің, намысты едің, саналы едің?!

Шетелде көрмесем де қорғалап күн,
Қадірін білем құрмет, оң қабақтың,
Сағынып келгенімде туған елді
Мен қайтіп қарындасты қорламақпын?!

Құм қылған жігерімді, амалымды
Қайтейін мына қиғаш заманыңды...»
Құшақтап маңдайынан іискеді,
Оңына бастай гөр деп қарағымды!

Қызы байғұс бөтен оймен келген еді,
Намыстан өртенсе де өлмелеп еді,
Қаны бір қазағымның қызы еді деп,
Аяған ағаны өлі көрмелеп еді.

Қарайтын қайран қалып жұрт қызығып
Ажары үлбіреген күрт бұзылып,
Тереңнен өксігендей күрсінгенде
Бір моншақ қара көзден түсті үзіліп,

Тамғанда қолына ыстық қыздың жасы
Күйзеліп, егілді іштей күшті жігіт!

Алыстан шын жанашыр аға кепті,
Алақан табын оның ала кетті.
Жас жүрек тәубаға кеп жолын тауып
Жарар ед женіп шықса бәлекетті!

Жеткенде ұлт азаттық арманына
Сұмдықтың ашылған ба жолдары да,
Қор болып көрінгенге қазақ қызы
Корғансыз ашық-шашиқ қалғаны ма?

Өзінің қарындасын өзі сатып,
Жігіттер жеңгетай боп азғаны ма?
Масайрап, мазақ қылышп мұңдықтарды
Тағдырын табанына салғаны ма?
Үрпағым адаспа деп айтып кеткен
Не дейміз ата-баба аруағына?!

Асатын азаттықтан бақ бола ма,
Бір қазақ бір қазаққа жат бола ма?
Қауышып атажүртпен мауқын басты,
Адамға бұдан ыстық шақ бола ма?
Бас иген туған жерге Мұстафандың
Ішінде бір мұң кетті-ау аттанарда!

ҚАЙТА ТУФАН ҚАЗАҚ

Ел тілегін берген кезде, а, құдай,
Еңсе тіктеп, жүрт Көкшеге ағылды-ай,
Абылайдың тойын бастап айтыспен
Күнге үмтүлдық, ақ маңдайға тағып ай.
Ақ ту сүйіп, ұрандады ұл-қыздар
Жерде, көкте, ауада да «Абылай!»

Шешен біткен сөйлейді кеп сілкініп,
Ретті-ретсіз мінбелерге ұмтылып,
Сөз берілді Жұмабеков Маратқа
Жас хатшыңыз түрмаса да жұлқынып.

Батыр еді барып қайтқан Ауғанға,
Қаймықпаған таудан мина жауғанда,
Жазып алған сөздерінен жаңылды
Қаракөздер күрт қадала қалғанда.

Бірдемені айтқан болды балдырлап,
Басы айналды тыңдағаның қаңғырлап,
Тұған тілдің түгін қоймай таптады
Түйе жүгін тартқандай боп қалжырап!

Екі сөзді әрең-әрең құрады,
Орысшалап кешірімді сұрады.
«Мен қазақша білмеймін!» деп қарап тұр,
Қазақтардың үміт артқан шырағы.

«Масқара!» деп қыздар бетін шымшыды,
Ер-азамат үнсіз ернін қыршыды,
Ал жас жігіт Абылайлап жатқанда, ел
Ана тілін білмегенге қысылды.

Жігіт еді қышқылы бар, намысқой,
Астан-кестен етіп жанын алысты ой.
«Әлемдегі не ғажапты білеміз
Ана тілі дәп солардан алыс па, ей?

Қалай түстік бұл масқара жат күйге,
Мәз болыппызы міндік-ау деп ақ күйме»,
Абылайлап Алаш әнге басқанда
Жігіт жалғыз қайтып бара жатты үйге!

«Сорлымын ба соншалықты, қормын ба,
Тұяқ ем ғой қалған түлпар орнында,

Ата сөзі кірмейтүғын миына
Мен миғұла өлде мәңгүрт болдым ба?

Жолбарыстар арылдаса, ит үрер,
Қой маңырап, қырда жылқы кісінер,
Адам түгіл, мысық екеш мысық та
Мияуласа, бірін-бірі түсінер!

Темір қақпан жабысқандай топайға
Айналдық па нақұрысқа, ноқайға,
Ана тілін, ата сөзін білмесең
Адаммын деп жүргеніңнен не пайда?!

Табиғаттың сыйын ұққан жүрегім,
Адамзаттың күйін ұққан жүрегім,
Өз халқыңың сырын ұқпай не болды
Өлде менің боркемік пе сүйегім?!»

Үміт артып жүрер шақта әр таңға
Айналды ма жалтаңдаған қартадаға?
Қаһарланып, қалш-қалш етіп бурадай
Қара терге түсті жігіт қаңтарда.

«Өзгеше ойлап, қайтіп ойнап-күлермін,
Қазақпын деп қалай ғана жүрермін?
Басқа ештеңе білмесем де жалғанда
Ана тілім, сені алдымен білермін!»

Сөйлеп кетті, қиналса да барын сап,
Оңашада кітап оқып дауыстап,
Ана тілден алғаннан соң ақ бата
Жұмысы да алға басты қарыштап.

Қазір жігіт кібіртектеп тұрмайды,
Ана тілде ән салады, жырлайды,
Үйренгені соншалықты, кей-кейде
Қазақшалап өзінді алдан-сулайды!

Балуан жігіт балпаң басқан жалғанда
Қайта туып, жеткендей бір арманға,
Ата жырдан артық, сірә, өн бар ма,
Ана тілсіз өміріңде мән бар ма?
Осы жайды ой салар деп жырладым
Өз тілінен үркіп жүрген жандарға!

ЕРКЕТАЙ ЖОМАРТОВТЫҢ ЖОМАРТ КӨНІЛІ

Еркетай десе, Еркетай еді,
Ерке еді,
Жігіттің жампоз,
Еңсегей бойлы көркемі,
Аяулы менің апамнан туған ардағым,
Ақ адап еңбек – өмірлік мұрат, серті еді.

Өзгеше еді өкімгершілікте өлшемі,
Адамды сыйлап,
Тұсірмеуші еді еңсені,
Жұзінен шуақ,
Көзінен мейір төгіліп,
Жылытушы еді
Қабагы салқын кеңсені.

Көңілін тауып
Кісіге таза күлетін,
Кеңпейіл жанды
Көшпілік жақсы көретін,
Өкімге айтқан
Арыз, шағымы жерде қап
Жабырқап шыққан шалдар да оған кіретін.

Уытты шалдың сөзінде талап, сұрау көп,
Анау жоқ бізде,
Жетпейді және мынау деп,

Жөнді де жөнсіз өтініш, тілек қаптаса,
Аяғы кетер
Зар замандаған жылау бол.

«Әкім, қаралар,
Қайратың кетті қай жаққа?
Мәселе көп қой,
Қатыrap басты аймақта,
Иек астында
Не бол жатқанын көрмейсің
Мұрындарыңды
Батырып алыш қаймаққа!»

Зейінін қойып,
Бейілін беріп тыңдайтын,
Ащылау шындық,
Қаһарлы сөзден қыңбайтын,
«Сөзің дұрыс,
Келмей түр қолдан, амал не,
Ретің бар, дейтін,
Қалай да бізді сынайтын.

Тұсінсең, ата, оңай емес қой жүгіміз,
Аянып жатқан жоқ жөне біздің түгіміз,
Иықтан басып,
Аяқтан шалмай балдарды,
Қолтықтан демеп,
Тілеулес болып жүрініз!

Табармыз ретін,
Ақылға салып ойланып,
Кіндігі жердің
Осыған қап па байланып?
Дүшпан ғой ашу,
Асыққан таппас абырай,
Келерсіз тағы,
Сабырмен байқап, айналып.

Киындық деген
Құйын ғой соғып өтетін,
Күндер де келер,
Бәріне қолың жететін!..»
Басынан бастап
Боқтауға келген батырлар
Бар бол деп, балдар,
Батасын беріп кететін!

Еркетай солай
Естілік елге білдіріп,
Жымып қойып,
Жүретін жұмыс тындырып,
Сүйкімді қалпы
Өмірден өте шыққанда,
Есіктің халқы
Естелік айтты-ау жыр қылып!

Абадан батыр қалмақты жеңіп қыз алған,
Сүйіндік ата фашисті қуып, ту алған,
Солардан тарап,
Көкшеде өсіп,
Алатая
Бауырынан мәңгі мекенін тапты бір арман!

ҚАРИЯ МЕН ҚАРЛЫ ШЫҢ

Килиманджаро!
Қүйіп тұрган континентте қарлы шың,
Қалай біткен тропикаға таңбысың?
Қарлы шыңдан қара маржан қарғи ма,
Сайлап бамбук, баобабтан шаңғысын?

Көк тіреген көкшіл мұзы бастағы,
Жүректіні сұсыменен жасқады...

Сенгір таудың сеңсөң бөркін кием деп
Келді альпинист сексен екі жастағы.

Бостан-босқа сабаз неге сабылсын,
Деді ме екен атым елге танылсын?
Альбионаның түріп тастап тұманын
Айға атылған арыстандай ағылшын.

Ойыныңды көтермейді от белдеу,
Батырлыққа бара алмайды бос белбеу,
Өзін сынап, дәлелдемек өзгеге
Қарт қеудеде бар екенін тоқ кернеу.

Құр келмеген есерлікпен аптығып,
Тәтті күннің әр сағатын сәтті ғып,
Дүниеге төбесінен мұз таудың
Бір қаруға талаптанған жаттығып.

Сексен жылым қас-қағымдай өткен деп,
Ғұмыр жолын сүм жалған деп сөккен жоқ,
Бұл өмірге құштарлығы күш беріп,
Шал келеді шыңға өрмелеп көкпенбек.

Иығына алғандайын тас артып,
Жылжиды әрең, садағасын қоса айтып,
Опат болса... Орта жолда қайтқаннан
Зау биікті өлді деген ат артық!

Тайсалмады тар кезеңнен тартынып,
Тасқа ілініп түрді кейде алқынып,
Жазатайым тайып кетсе табаны
Тағы кезек тимейтінін қарт ұғып.

Тас түйін ғып қайрат, жігер, сезімін,
Тасқа салып таусылмайтын төзімін,
Жанталаса жартастарға жармасып
Шықты ақыры биігіне өзінің!

Қол-аяғы қояды ештеп дірілдеп,
Желдің өні құлағында гуілдеп,
Шың басында шалқып, толқып түр шалың
Дүниеге рахаттана күлімдеп!

Жаралған соң бұл өмірге адам боп,
Қамықпа көп, қай қуыста қалам деп,
Талпына бер ақтық демің біткенше
Түбінде бір биігімді алам деп!

ОРАЗАДА ҚАЙТҚАН ӘЖЕ

Бұл өмірдің көрген бейнет, қызығын,
Аппақ әже, күткен тағдыры сызығын,
Ниет қылып, аузын елде bekітіп,
Келді үйіне қаладағы қызының.

Осал жас па, ойлап көрсөң, сексен бес,
Қайта оралмас көкжиекке жеткен көш,
Жайлыш пәтер төріне мол жайфасты,
Көрі сүйек көр жуық деп сескенбес.

Ауыз ашса батқан күнмен таласып,
Қас қағымда қалар қысқа таң атып,
Күнүзаққа нәр татпаған әжейге
Ақыл айтты кенже қызы жаны ашып.

«Аузың берік... Абай болшы шілдеде,
Мұндай ыстық оңай емес пілге де,
Он баланың ортасында жүре бер,
Оран-дағы үлде менен бұлдеге!

Бір мың айдың жүздін көрген анасың,
Жұмаққа сен онсыз-дағы баrasың,
Жиырма сағат ас-су татпай жүргенде
Бостан-босқа өлесің де қаласың!»

Әжім басқан кәрі иегі кемсөңдеп,
Әжей айтты: «Сенде тұзу өлшем жоқ,
Рамазанды тәубе қылып риясыз
Оразамды үстап өлем өлсем де.

Алла жазған ұзақ ғұмыр-көргенім,
Ниетімді, қызыым менің, бөлмелегін,
Құпірлік қып шікірейіп жүргеннен
Артық, – деді, – шүкірлікпен өлгенім!»

Қызы қайтсін: «Айттым, – деді, – ойымды ақ,
Амандық пен саулығыңды уайымдал,
Қабыл болсын», – деп анасын күтті өбден
Ауызашар, сөресіні дайындал.

Раббымыздың рахымы ғой ораза,
Хақ мұсылман турған жолдан жаза ма?!

Қадыр тұні озды өмірден жарықтық,
Оразада шығарылды жаназа.

Аулақ болған күйкілік пен күйіктен,
Ақ пейілді әже, неткен сүйікті ең!
Қарапайым үлгің қандай керемет
Түспей өлген мұсылмандық биқтен!

ПОЭМАЛАР

ТӘКСИДЕГІ ТАҒДЫРЛАР

I

Кел, жолаушым,
Қане, қайда барасың?
Қатарымсың,
Бәлкім іні, ағасың?
Отыр, отыр...
Бергеніңе қанағат,
Қалтаңың да байқап тұрмын шамасын.

Бөтен емес
Бәріміз де бауырмыз,
Жел көтеріп
Жөшіп келген ауылмыз,
Тыным таппай
Теріп жүрген несібе
Тас жолдағы тәкси деген қауымбыз.

Тәкси!
Тәкси!
Деп күнімен қақсаймыз,
Қақсамасақ қара бақыр таппаймыз.
Түсінерсің
Тіршіліктің қамы ғой,
Жанталаста жақынға да жақпаймыз;
Керілдесіп кейбіреумен теңге үшін
Кейде тегін жеткізіп те тастаймыз.

Алғанды ешкім жек көрмейді, десек те
Адамдықты ақшага біз сатпаймыз.

Айып етпе,
Ескілеу деп көлігің,
Темір түгіл
Тозыңқылау көңілім.
Қуып келем тәтті үмітті тәксимен
Түзелер деп түбінде бір өмірім.
Жол қысқарсын,
Әңгімені шертеійік,
Тыңда менің, момақандау серігім.

Кімдер мініп,
Кім тұспеген тәксиден,
Тәкси артық кейбіреуге жақсы үйден.
Шындықты айтып
Басқа жерде айтпайтын
Кіжінумен,
Жұдырығын тас түйген,
Ағайларды ала зытқан кез де бар,
Асып-сасып,
Қашып шыққан басқа үйден.
Айғыз-айғыз бетін көрдік арудың
Ақ шаштыға
Ақшасы үшін жас тиген.
Асыққаннан есі шығып абдырап,
Көрдік жұртты
Көлік үшін басты иген.
Алыс жолға адастырмай уағында
Алып барсаң
Алғыс айтып
Ақша үйген.
Айта берсем әңгіме көп...
Бір күні
Мінді бір қыз,
Үргатылып...
Мас күйде!

Езуінде секендетіп шылымын,
Елеусіздеу сездіреді қылышын.
Бүйрек бетті,
Сұп-сүйкімді,
Сүйріктей,
Сөлден кейін
Атты сөздің тығынын.

Адам – қызық,
Мейлі бір іс тындырысын,
Я күйініп,
Сағы сынып, шыңғырсын,
Бейтанысқа сыр ашады тәксиде
Түсінбеймін,
Неге екенін кім білсін?!

«Ағай, – деді, –
Қарайсыз той түйіліп,
Отырсыз ба ішіңізден сүйініп?
Қарындас деп жақын тартып алдымен
Қырындаитын біздің қазақ – қыын ұлт!»

Қайырылдым
Қайыры жоқ уайымнан,
Майырылдым
Тойымы жоқ жайыннан.
Сандалкермін,
Саңлақ қыздың бірімін,
Сайғақ құрлы сая тапқан Саиннан!

Ақшалыға
Табылады патша-тақ,
Ақшасызды
Алжастырып, қақсатат.
Заман солай
Билеп бізді үйретті,
Барыңды сат!
Арынды сат!
Ақша тап!»

Сөзін бөліп мен ақырын күңк еттім:
«Арсыз деген
Емес бірақ жақсы атақ!»

Үндемеді,
Көк түтінге көмілді,
Өксігендей...
Іштей бөлкім, егілді?!

Бір мезгілде белгі берді тоқта деп,
Түсініксіз,
Нені ойлады, не білді?

«Келдім, – деді, –
Мен көздеген жеріме»,
Машинадан тұсті ақырын,
Еріне.
Мен де тұстім жол ақысын алмаққа,
Көз төңкеріп,
Құлді маған керіле,
«Сізге төлер соқыр тиын ақшам жоқ,
Натурамен алам десен, мен, міне!»

Тұра қалды қолын тіреп қапотқа,
Артын түріп,
Ыңғайланып «заходқа».
Шошып кеттім,
«Масқара, – деп, – мынауың»,
Шоршып тұстім,
Ілінбедім шатаққа.

Сөзбен атты,
Түйіп алып қабағын:
«Бұдан басқа бар ма менен аларың?
Өмір деген – сатып алу, сатылу,
Сенің – тәкси,
Менің – тәнім тауарым!»

Қымсынбайды
Айналадан,

Тұнгі айдан,
Азғырады...
Деп «Қимылда, ыңғайлан.
Күнде саған табылмайды бұл қызық,
Айт, егер де
Қалдым десең мұндайдан».
Әйел заттың өзөзілі аз емес,
Намыс қайрап,
Ұрып-ақ түр шымбайдан,
Жыным қайнап,
Қайдан шықсаң одан шық,
Бастап кеттім әлгі қызben бір майдан!

Ес жиғасын қарап он мен солыма,
Тізгінімді алдым қайта қолыма.
Қара тұнге сіңіп кете барды қыз,
Қала бердім бомба түсіп ойыма.
Ар туралы ақыл айтып отырып,
Қалай түстім арсыздықтың торына?!

Өмір – осы,
Мың бұралан, сырғанақ,
Шыбын жанды шырқыратар шырмап ап.
Тура жолмен тұзу келе жатқанда
Адастыра
Ойда жоқта сор қамап.
Өзегімді өртейді кеп әлдене
Өр кеудемді орып-орып, тырналап.
Неге елестей береді сол кеткен қыз
Төлтіректеп,
Қараңғыны қармалап!

II

Иә, жолаушым...
Әлі біраз жер бар ма?
Зерделей бер,
Сөз арнасын аңғар да.

Кейде осылай шер тарқатып алмасақ
Қайран жүрек
Жарылмай ма арманда!

Ығы-жығы...
Кісіден де көлік көп,
Кететіндей бір бүйірден періп тек,
Мәз боламыз иномаркі мінгенге
Шетелдерден ескі-құсқы теріп кеп.

Тозса-дағы құйғытады Тойотам,
Оза алмайды одан тұлпар,
Тай, атан.
Заман солай...
Қалдырып ед әйтпесе
Тойотаны
Қай отаның,
Қай атаң?!

Біреу андай,
Біреу, бәлкім, мұндай дер,
Өзін-өзі тек шындықпен шындаиды ел.
Көшіп көрген көшелі жан екенсің,
Ауыз – біреу,
Құлақ – екеу,
Тындан бер!

Адам ұшып
Ай мен Марс, ғарышқа,
Түссе-дағы компьютерлер жарысқа,
Қара жолда талай тағдыр тәксимен
Кетіп бара жатқан жоқ па алысқа...
Бөлек-салақ көп сөмкелі мінді әйел
Кенелгендей базар барып табысқа.

Жайылып кеп, молынан-ақ жайғасты,
Үсті-басын пора-пора тер басты.

Әңгімесін қоя берді ағытып:
«Той жасаймын,
Қызығым, – деп, – алғашқы!

Құдай берген бір үл, бір қыз бар менде,
Ондай балдар
Жоқ қой күллі өлемде.
Өкелері жастай қайтты,
Жеткіздім,

Ешкімнен де кем қылмадым
Шерменде,
Шүкір, міне,
Үл үйленем деген соң
Шығып кеттім
Отыра алмай бөлмемде.

Қуанышты бөлісем деп халықпен
Шауып жүрмін
Оттай лаулас жанып мен.
Кептен күткен қызығымды тойлауға
Бес миллион қарыз алдым банктен!»

Жаңды баурап
Жүретүғын жарқылдаپ,
Віздің қазақ,
Ақкөңіл ғой аңқылдақ.
Қазағымды айырбасқа бермеймін,
Басқа жүртты әкелсең де алтындал.
Еір шалқысақ
Шалықтап та кетеміз,
Әйел де отыр
Ағыл-тегіл
Таңқылдаپ.

«Көрші-қолаң күңкілінен қашам деп,
Құнделегенің көкірегін басам деп,

Бәрін жиып
Ығай-сығай
Жайсаңың
Ағайыннан,
Аймағымнан асам деп,
Жұлдыздарға өн салдырып бұл тойда,
Мал-мұлқімнің түгін қоймай шашам!» деп.

Болам десең,
Жаны таза, жарқын ұлт,
Көкіректі қақпаған жөн,
Халқым, ұқ.
Лепіргенде
Төксімнің төбесін
Тесе жаздал
Тоқтады өрең алқынып,
Түсті өйтеуір жеткеннен соң үйіне,
Бума, бума сөмкелерін артынып.

Бас шайқадым
Іштей ептеп мұнданып,
Болса қыын
Қызың – масыл, ұл – ғаріп,
Қарызданып той жасаған қате деп
Қанша айтсаң да
Ұғар ма екен бұл халық?
Кіріп кетіп кредитке өмірлік
Өз мойнына өзі салған бұғалық!

Жә, сонымен,
Келдім үйге іңірде,
Бала-шага
Мәре-сәре, күлімдеп,
Шай-пәй ішіп,
Ашып қалсам телені,
Әйел отыр
Көп каналдың бірінде!

Жок бірақ та манағы екпін, қарқыны,
Өшіп қалған
Жанарының жарқылы.
Сөйлеп отыр жанындағы тілші қыз,
Бір жағдайдың сезіліп тұр салқыны.

Жәрдем сұрап
Жылап-сықтап келгесін,
Тілші қалай
Әйелге сөз бермесін.
Қарызға алған
Үйін салып кепілге
Жоғалтыпты
Бес миллион теңгесін!

Әрең сөйлеп
Әкраннан зарлап тұр.
Жар сап жұртқа
Көзден жасы парлап тұр.
Қайда?
Қалай жоғалтқанын білмейді,
Жобалаумен
Жалпылама сарнап тұр,
Тапқан адам өкеп берсе,
Сүйінші
Дайын ғой деп
Үміт жібін жалғап тұр.
Бұл заманда кім апарып береді?
Дөтке – қуат,
Өзін-өзі алдаң тұр...
Бітті әңгіме,
Әкранға айқайлап,
Қаным қайнап,
Ашуымды, ал, лақтыр:
«Нең бар еді кредит ап кердендең,

Барды ұқсатып
Дәміменен жан баққыр!

Шүкірлік жоқ
Күпірлікке бас ұрған,
Әй, ақымақ!
Сүйрер ме еді шашыңнан?
Моды,
Моды,
Деп жадылап жаһаннам,
Миың бу боп
Ұшып кеткен басыңнан.
Өмір құнын білетін-ақ жөнің бар,
Талай бейнет көрмеп пе едің жасыңнан.
Қанша айтсақ та
Үқпайсыңдар...
Неліктен?
Асылық деп,
Тым асқақтап
Тасынған.
Жиган-терген дүниенде аямай
Шашам деп ең...
Қалай еken шашылған?
Сен қатынға,
Шынымды айтсам, сол керек,
Таптың ба, ақыр,
Пиғылыңнан...
Осыңнан.
Сендейлерді керегі жоқ аяудын,
Қал, табаға,
Досыңнан да, қасыңнан!»

Өрең-әрең келдім тоқтап сабырға,
Ертеңіне жұмысыма бардым да,
Көз алдынан кетпегесін кешегі іс
Көлігімді ақтардым кеп тағы да.
Дорба жатыр, орындықтың астында,
Ал, не дейсің,
Мұндай қызық тағдырға!
Аяғымен теуіп, теуіп, байқамай
Кіргізген гой, түсіріп ап алдына...

Ашып қалсам...
Пәшкемен бес... мелион!
Мелшиемін,
Мелионға мөлием,
Ақша жатыр, арбап көзді құбылып,
Дегендейін
Ал, қанеки,
Кел, ием!

Есім шықты,
Айран-асыр ақылым,
Тыға салып,
Жүріп кеттім ақырын.
«Жақсы болды,
Қажетіңе жарат» деп,
Үры дауыс сыбырлайды жасырын.
«Кісі ақысын жеп мұратқа жетпейсің,
Не болады, –
Дейді ұятым, – ақырың?
Әй, обал ғой,
Бейшараға обал ғой,
Болмаса да бірге тұған жақының!»

Құні бойы өрі-сәрі,
Шыр-пыр боп,
Жанды қинап,
Өз-өзіме жүр, түр деп,
Әдірісін сұрап алып теледен,
Іздеп келсем, отыр екен
Сұп-сұр боп,
Өзін-өзі сөгеді кеп аяусыз,
Сорасы аққан екі көзін «шыққыр» деп.

Мені көріп
Ұшып тұрды ербендең,
Көктен тусти,
Шықты ма өлде жерден деп,
Екі қолдаң бас салды да ақшасын,
Көпке дейін өзіне-өзі келген жок,

«Құр сүлдерім қалды, – деді бір кезде
Тәуба, тәуба
Тек өйтеуір өлгем жоқ!»

Есін жиып,
Көзін оттай жандырды,
Ақылға кеп,
Ақ алғысын жаудырды.
Аппақ жібек орамалды
Түйілген
Сүйінші деп
Разылықпен алғызды.

Бауырым деп
Ет жүрегі езіліп,
Аттандырды
Жан жылуы сезіліп.
Құстай үштым...
Қандай бақыт
Өзінді
Өзің сыйлау
Адаммын деп сезініп!

III

Ей, жолаушым!
Кеттім білем көп сөйлеп,
Қайтем енді
Бара жатса тоқ кернеп.
Бір көкмұлжың екен өзі деп қалма,
Тамағы тоқ, уайымы жоқ, көк көйлек.

Біздің тағдыр
Қыын әрі қызық та,
Бәрі болды,
Жақсылық та,
Бұзық та.

Мына тас жол – менің жолым өмірлік,
Тартып келем
Жеткенімше сзыққа.

Мен де оқығам,
Бар жоғары білімім,
Ортан қолдай көп маманың бірімін.
Бес ауылдың мал шаруасын басқарып,
Бабын тауып
Өсірдім төрт түлігін.

Мыңғырған мал,
Сана мейлің, санама,
Әрең сыйып жүретін сай, салаға.
Жалмауыздай жалмап түгел жан-жағын
Нарық келді,
Мың құбылып замана.
Талай сүмдық істер болды ауылда
Ойлап көрсөң,
Сыяр-сыймас санаға.
Табын сиyr,
Үйір жылқы бензиннің
Тұтіні боп ұшып кетті ауаға.
Естен танып, құр сенделді қайран ел,
Қаншама жыл жиған байлық...
Шамала!
Құмға құйған судай болып сарқылып,
Қалқоз құлап,
Қалды халық далада...
Қара ормандаі қараша үйді қиратып,
Қаңғып келдік ақырында қалаға!

Жәрдем сұрап көрдік жақсы-жайсаңнан,
Белді буып,
Өттік ептең лайсаңнан.
Кіріп кеттік кәсіпкерлік өлемге
Саттым бір кез балық әкеп Зайсаннан.

Әйтіп-бұйтіп,
Нарықты да меңгердік,
Қыындық пен қызықты да тең көрдік.
Кейде табыс қар суындаі тасқындала,
Сарқылғанда
Шөл кезгендей сенделдік.
Талаптанып,
Еңбек етіп жігермен,
Бірте бірте
Біз де оңалып, жөнделдік!

Иә, сәт деп
Іс орайын іздестік,
Ой жүгіртіп
Аннан-мұннан із кестік.
Беу, сәт сағат!
Кейде бар да,
Кейде жоқ,
Сәт сағатым
Маған да ақыр кездесті.
Бір себептен бір себепке жалғасып,
Дүрілдettім
Дүниелік бизнесті!

Алдымыздан ашылғандай жол даңғыл,
Ақша деген
Секілді бір мол жаңбыр.
Орайласып бір жұмысқа бір жұмыс,
Идеялар
Қаптап оң мен солдан бір,
Жарнамалап
Жер жаһанға жар салдық,
Құлағымнан кетпейді әлі сол даңғыр.
Алғашқы бол,
Алға шықтық...
Алдамшы
Екен бәрі,
Өуейілік
Болжам құр!

Ей, жолаушым,
Сөз үққаның ұнап тұр,
Ұғымталға ықыласым құлап тұр.
Еш адамға тіс жармаған сырымды
Саған ғана айтам бүгін,
Құлақ тұр!

Жалған,
Жала,
Файбат сөз деп жынданба,
Өтірікте
Көк тыындық құн бар ма?..
Ту сыртымнан ұрды бір күн біреулер
Гаражымнан
Шығайын деп тұрғанда...
Көлікке артып,
Керіп, тартып көкпардай
Тастай салған
Ұрып-соғып зынданға.
Бір топ кісі
Тұрды төніп төбемнен
Көзімді ашып,
Есімді өрең жиганда.

Жалтылдайды
Жандаралдың формысы,
Жанында өңкей еңгезердей зор кісі.
Жаутандадым
Жанұшырып мен байғұс,
Айтшы, кімнің
Келер дейсің өлгісі?!

Сұсты жұзді,
Суық көзді жандарал
Сөз бастады
Жендет құсап жанды алар.
«Жағдай жаман,
Түсінерсің айтпай-ақ,

Бала емессің
Мұндай іске таңданар.

Амалың жоқ,
Айтқаныма көнесің,
Қарсы болсан,
Осы жерде өлесің.
Зандастырып
Бар қағазға қол қойып,
Бизнесіңді
Візге түгел бересің.
Үй-жайыңды,
Машинанды өзіңе
Қалдырамыз,
Тәп-тәуір күн көресің.
Құжаттарды
Біз ақтарып
Дайындал
Әкелгенше жат осында...
Елесін
Откен күннің екшеп, әбден ойланып
Тағдырыңның өзің шығар төресін!»

Тастап кетті...
Тау жығардай екпіні.
Қара жерге көрсеткендей тепкіні
Етіктері тарс-тұрс етіп еденге,
Езіп, жаншып
Жоқ қылардай «пешкіні».
Кетерінде
Кекете бір қарады,
Шекесіне
Баса киіп кепкіні.
Қорқыныштан
Қалтырады өн-бойым,
Тірі адамды аяйтұғын жоқ түрі.
Қараңғы үйде қала бердім қор болып,

Отті зармен
Мен бейбақтың көп күні!

Шарасызыбын...
Шамам келмей жемқорға,
Тоғыз айдай тарттым азап мен торда.
Таскеренцін,
Көрсоқырымын,
Мақрұммынын,
Не болды үйде?
Елде?
Жерде?
Канторда?
Жетті бір күн
Сарт-сұрт етіп жандарал
Сақылдаған сары аязды қаңтарда.
Алдыма әкеп бума-бума қағазды
Тастай салды...
«Тағдырыңды ал, таңда!

Жұмыстағы сені іздеген құрбының
Кім құлаққа іліп жатыр міңгірін,
Айттық елге,
Көп қаржыны жымқырып
Жалмай берген
Толтыра алмай ындынын.
Үйіңе айттық,
Көтере алмай тойғанын,
Желік қуып
Кебін киіп жындының,
Қашып кетті дедік сені шетелге,
Көтермекке жас тоқалдың ырбыңын.
Саған күнде жаудырады нәлетін
Балаларың,
Сүйіп алған мұндығың.
Шыңғырсаң да шыңыраудан шыға алмас
Шынжырлаулы шалажансар шындығың.

Бәрін реттеп
Қойдық жөнге келтіріп
Тірі жанға білдірмestен ым-жымын.
Соңғы айтарым,
Қолынды қой,
Айырбас,
Бизнесіңе –
Сенің өмір, тірлігің,
Я болмаса біржолата құртамыз,
Іздеп жатыр осы күні кімді-кім?!»

Сындым ақыр,
Мойынсұндым, бағындым.
Бар байлықтан
Баз кештім де,
Арылдым.
Сұрағаның түгел бердім қол қойып,
Ешбір жаққа келген де жоқ шағынғым.
Тақыр кедей болсам да аман жүрейін
Жандарында балдарымның,
Бағымның.
Елестейді
Элита боп жүрген кез
Бұлдыр-бұлдыр
Арасынан сағымның!
Өтірік те,
Өксу де жоқ сөзімде,
Бұл бір сынақ
Ауыр ма өлде жеңіл ме?
Кім біледі,
Жасадым ба асылық
Болып, толып
Балпаң басқан кезімде?
Сүйегімнен етіп кеткен бұл қорлық
Мәңгі мұң боп қатып қалды көңілде.
Кейде менен бәзбіреулер сұрайды
Бір тұңғиық уайым бар деп көзінде.

Оңай ма екен осыншама озбырлық
Болып жатса туып, өскен еліңде?!

Сөйтіп бәрін артқа тастап азаптың,
Жеткізер деп келешекте гажап күн,
Тәкси болып тартып келем,
Тәуекел,
Жол да өзімде,
Рөл де өзімде,
Азатпын.
Қанын,
Жанын
Жаһаннамға сатпаған,
Шұқіршілік,
Мұсылманмын, қазақпын!

Сау бол, достым,
Қайрылмасын қанатың,
Аман-сау жет
Жеріңзеге баратын.
Кейде өмірдің өзі тәкси секілді
Біреу мініп,
Біреу түсіп қалатын!

ҚИЯНАТҚА ҚАРСЫЛЫҚ

I

Жазсам ба, өлде
Жазбасам ба
Бұл жырды,
Толғанумен
Талай уақыт жылжыды.
Дейді бір үн
«Компьютердің заманы

Кім оқиды
Кітаптағы мылжыңды?!»

Өткен қайтып орала ма
Жазғанда,
Сот жоқ деген
Жеңімпазға,
Озғанға.
Мақсатың не,
Қай мұратқа жетпексін,
Фасырлардың
Қасиетін қазғанда?!

Ғұмыр...
Уақыт...
Секілді ме қас қағым,
Еске аламын
Бұлағымның бастауын.
Кеше ғана
Қара сирақ бала едік
Қара жолдың
Аспанға атқан ақ шаңын.
Ақ самайлы
Ата болдық бүгінде,
Арынды шақ
Алыстаған ақ сағым!

Қайран өмір...
Қайнап жатқан қанбазар,
Жанталасқан
Жеткенінше жанға ажал.
Қара өмірдің
Қазынасы қайдада екен,
Қиял құмай,
Тіршілікке сал назар.
Пәни,
Бақи,

Екі бірдей дүние,
Құдай берген
Несібесі мол базар.
Сол базарға
Қылмай шүкір, қанағат,
Адам неге
Бір-біріне берді азар?
Жер жарапып,
Адам адам болғалы
Одан асқан
Болды ма екен зор дажал?!

Қалай,
Неге,
Тәубасынан жаңылды,
Әр заманда
Зәрін төгіп
Қағынды?
Ауық-ауық
Ауытқыған ауыр ой
Ауып келіп
Ауыртады жанымды.
Тарихтағы
Қатпар-қатпар
Қиянат
Қайнатады,
Мұздатады қанымды!

Орман,
Тау мен
Мұхиттағы,
Тұздегі
Обырлық пен
Озбырлықтың іздері,
Жүргегімді
Тіліп-тіліп өтеді
Үздік-создық
Қияннattар тізбегі.

Өр елдердің
Өркен жаяр өскіні
Өртке оранып
Өкінішпен өшті үні.
Ой жүгіртсең
Өрнегіне тарихтың,
Керуен керуен
Қияннатор көшкіні.
Бір тыным жоқ
Жанталасқан жер талас,
Жалт-жұлт етіп
Көзді алдаған төр талас.
Тіршілікті
Тауысқанша тартысып,
Өлген соң да
Тоқтамайтын көр талас!

Талай қауым
Қияннан жоғалған,
Зорлықпенен
Қоғам бар ма оңалған.
Дәл өзіндей
Тірі жанды жылатып,
Адам,
Қалай,
Қорықпайсың обалдан?!

Талай дана
Жаны уланып,
Ойланған,
Талай тағдыр
Жалғыз оққа
Байланған.
Біздің дәуір
Мұз дәуірден басталып
От дәуірге
Өрт дәуірге айналған!

Жер бетінен
Жоқ қылғанда көп елді
Кәне,
Кімнің
Көсегесі көгерді?
Адамзатқа
Бәрін берді табиғат,
Ал адамзат
Табиғатқа не берді?
Бергені сол
Жансызға да
Жандыға,
Қорлық,
Зорлық,
Қырып, жою...
Даңғыра...
Бұкіл әлем
Тартылсы сияқты
Құллі адамдық
Қиянат та занды ма?

Жалмаушылық жалауы бол
Жарғысы,
Баю үшін
Жұмылса да бар күші,
Оңбай жатса
Әлі күнге бұл өмір
Қияннattan
Қор болғанның қарғысы!

Деген кімдер
Күш жеткенге зиян ет,
Қызармай ма
Жұрт жылатқан мына бет?
Тілемей ме
Қияннattan күйгендер
Жылдамырақ
Келсе еken деп
Қиямет!

Қырып-жойған
Қүш жеткенді балталап
Қанды жеңіс
Тойға айналып салтанат,
Ей, адамзат,
Келесің-ау ұялмай
Мыңжылдықтар
Қиянатын арқалап!

II

Құдікпенен
Кешке батып
Таңда үмітпен шығар күн.
Қайшылығын,
Құпиясын
Дүниенің ұғар кім?
Неге адамдар
Бір-біріне
Жасайды екен қиянат?
Тұсінбеймін...
Тұсінбей-ақ
Өтетүғын шығармын!

Салтанатпен
Сапқа тізіп
Баратындай базарға,
Мундирлерін
Жалтылдатып
Жұлдыз шашып назарға,
Барабанын
Дауылдатып
Алаулатып жалауын,
Адам ұлын
Топ-тобымен
Айдаған кім ажалға?!

От добымен
Орталарын
Опырғанда шашылған,
Қызыл қанның
Дәл есебін
Қалам жүрмес жазарға.
Әскер сайлап,
Сұмдық ойлап
Төгіп елдің байлығын,
Құмар неге
Өзге жүрттың
Көрін терең қазарға?

Сол қуатты
Мейірімге,
Ізгілікке арнаса,
Жоқшылықтан
Арып-ашып,
Адам
Азып-тозар ма?
Жер бетінде
Үйсіз-куйсіз
Болмас еді
Ешбір жан,
Жойылса егер
Армиялар,
Арсенал мен
Казарма!

III

Қанша жанның
Қанын төгіп сорлатқан,
«Бұл қалай?» деп
Сұрай қалсаң солдаттан:
«Басшылардың
Орындауға бүйрығын

Салтанатпен
Қойғам, – дейді, – қолды антқа,
Ат деп бүйрық
Берілгенде, амал не
Шегінетін
Жер қалмайды менде артқа,
Жауды жоқтап
Жыламаймын алайда
Мен оқ атсам
Маған қарсы ол да атқан,
Оның көзін мен жоймасам,
Ол менің,
Сүйегімді
Ақ сөңке ғып сарнатпак.
Сондықтан да
Айтқаның жөн бұл сөзді,
Басшыларға
Жау іздеген жан-жақтан»
Таба алмадым
Бұл сауалдың жауабын,
Неге сонша
Қабагына қан қатқан?
Адам ұлы
Мыңдаған жыл тарихта
Бірін-бірі
Қырып-жойып зарлатқан?!

Ақырзаман
Алдында да, апымай,
Қинамай ма
Ардың жүгі зіл батпан?!

Бүйрық – бүйрық,
Орындалмақ қалайда,
Бұлжымайтын
Темір тәртіп солай ма?
Біреуді ат деп
Бүйрық берсе бастығың

Кылмыскер бол
Қанға бату жарай ма?
Ол да өзіндей
Ата-ананың баласы,
Көздел тұрып
Бүйректан да ары ойла...
Тоқта, солдат,
Мылтыхыңды түсір де,
Нысананда
Кім тұрғанын абайла!

Атаңды да
Атасың ба ат десе,
Останды да
Сатасың ба сат десе,
Ажал оғын
Аямастан елге атып
Қырып тастап
Құнега өбден бат десе?!

Болам деме
Уақыт өтіп, таза адам,
Арылмайсың
Нахақ қаннан, назадан,
«Біз бүйректы
Орындарық тек қана»
Деген сөзің
Құтқара алмас жазадан!

Адам қалса
Астында қар көшкіннің,
Жоқ бол кетсе
Боранында көш құмның,
Амал қанша,
Тағдыр дейміз осындар
Опасы жоқ
Мына жалған бес қүннің.
Өзегімді өртейтіні,

Адамзат,
Өз-өзінді
Неге өлтіріп өштің мың?
Бір патшаның
Пәрменімен пәршелеп,
Талай елді
Өле-өлгенше өш қылдың,
Өзге жүртты
Езіп-жаншып, билеуді
Заң жүзінде
Дұрыс дейтін естің кім?
Басып кір деп
Бұйыруға басқа елге
Правосы
Болмау керек ешкімнің!

Өз еркінше
Өмір сүрген әр елдің
Адамдарын,
Азаматын әлемнің,
Қырып-жой деп
Бұйыруға әскерге
Хақысы жоқ
Президенттің,
Корольдің!

Көнелерден
Көкейкесті күйді үқтym,
Сұрауы бар
Әрбір соқыр бүйрықтың.
Бар адамзат
Ар сотына тартады,
Барлығын да
Қолы қанды биліктің!

IV

Ар үкімі
Жүреп мe еken күштіge,

Тәкәппарлар
Тәубасына түсті ме?
Үлкен-үлкен
Үлттар отыр үй салып
Аз үлттардың
Аймағының үстіне!

Қалай болды
Ел біреудің отары?
Тұбі отардың
Тау қопарарап қаһары.
Отар деген
Бұтар сөзге сыяр ма,
Ол да өзіндей
Адамдардың отаны!

Әділеттің
Таразысы тапсыншы,
Адамзаттың
Таңы тыныш атсыншы.
Қандай сөзben
Боямалап қойсаң да
Басқыншының
Аты бәрібір
Басқыншы!

Қол жіберген
Жер тұбіне қиялап,
Деп үйретіп
Балапанды ат, ұяны ат,
Көсемдерді
Көмкерсең де күміспен,
Баса көктеу
Қиянат қой,
Қиянат!

Мың құбылтып
Құйтырқыға салғанбыз,

Қияннатты
Мақтап,
Ақтап алғанбыз,
Қызыл қанды
Кешіп тұрып белшеден
Бір қызарып
Ұялудан қалғанбыз!

Аз халықтар
Қансыраса қорлықта,
Адам деген
Атқа лайық болдық па?
Жаным күйіп
Шырылдайды жүрегім
Үлкен-кіші
Қиянат пен зорлыққа!

Азғырады
Аздырады сенсендер,
Әзәзілге
Негізделген өлшемдер.
Қияннан
Қор болғандар күйініп,
Демей ме екен:
«Иә, қиямет,
Келсек кел!»
Жұта берген

Тоймай жүртты зындандар,
Жауға кеткен
Маңдай термен жиған мал,
Отқа оранып,
Құлі кеткен кекке үшып
Көк сарайлар...
Ақ отаулар...
Вигвамдар...

Тәубәсі жоқ
Тырнақтың да, тістің де,
Көзі соқыр,
Көңілі тас күштің де,
Үлкен-үлкен
Мемлекеттер гүлдеп тұр
Үндістердің
Сүйегінің үстінде!

Тау мен орман,
Иен далада ерке өскен,
Сөзге сеніп,
Жан қиюға серттескен
Үндістердің
Ақырғы ұлы көсемі
Монтесума
Дос болыпты Кортеспен.
Алтын тәжін
Сыйға тартқан сол досы
Басын жұтып
Үндіс оты ерте өшкен.
Көгерген жоқ
Конкистадор сонымен
Кортестің де
Көкірегін көр тескен!

Өкініштен
Ортенсе ердің өзегі,
Ортегенге
Келер кердің кезегі.
Оліп кеткен
Ор үндістің кегіндей
Беріп кеткен
Темекі мен мерезі.
Кекті көсем
Келімсекке тік қарап,
Кеудесіне
Қадап кеткен сөзі еді:

«Менің рухым
Сенен биік мәңгілік,
Зенгір көкті
Емін-еркін кезеді.
Жаныңды улап,
Жындандырып күн сайын,
Жүйкеңді жеп,
Жүргінді езеді!

От қарумен
Судай шашып қанымды,
Тартып алдың
Байлығымды,
Барымды.
Сүйегімді
Табанға сап сындырып,
Қорқауларға
Қор қылсан да тәнімді,
Баса-көктеп
Жерімізді алсаң да,
Жене алмайсың
Менің азат жанымды!

Малайлыққа
Мойынсұнбас өлермен
Менің рухым
Өлмейді от жебеңнен,
Құнын сұрап
Қанын даулап елімнің
Төнемін де
Тұрамын тек төбеңнен!»

V

Кетер ме естен,
Өшер ме тіпті
Құрбан боп кеткен
Зиялы аттары?

Орданы өртеп,
Ұлысты жойып,
Орманды отап,
Ұяны атқаны?

Ойран сап ойға
Жанымды жейді
Мындаған жылдың
Қияннаттары!
Жауабы қандай,
Обалы кімге?
Зауалы қашан,
Сауабы кімге?

Басталды неден,
Аяғы қайда?
Үрлайды үйқы
Сауалы түнде.

VI

Кім біледі,
Тым шалықтап
Тастық па,
Жүргендейміз
Айықпайтын мастықта.
Сабыр,
Тәуба,
Қанағатты ұмытқан
Не демекпіз
Көп данышпан бастыққа?
Тек әйтеуір
Ағыл-тегіл той көрсем,
Елді ойлаймын
Құрбан болған аштықта.

Осал емес
Өңкей басшы кемеңгер,

Кеменгерлер
Бұрынғы өткен берендер.
Онда неге
Нәрсіз қалып далада,
Аштан өліп,
Опат болды өрендер?!

Тағы соқса
Сондай содыр саясат,
Айла тауып
Оған төтеп берер ме ел?
Өзінді-өзің
Құтқармасаң түбінде,
Біреу келіп
Құтқарады демендер.
Осы жайлы
Көрейікші ойланып,
Жылы жерде
Жал мен жая жегендер.

Қозғамасақ
Біз тарихтың терісін,
Болашақта
Оң бола ма өрісің.
Әдейілеп
Ұрындыры-ау аштыққа
Үлкен елдер
Бітпей келген кегі үшін,
Миллиондал,
Қырды ма еken
Халықты,
Ел жойылса
Босап қалар жер үшін?!

Ашаршылық
Адамзаттың жарасы,
Қу сүйекке
Толған қазақ даласы.

Талай ғасыр
Тіршілік қып өлмеген
Құба жонда
Құлан құған бабасы,
Ер халықтың
Құтқаруға өзді-өзін
Қалай ғана
Келмей қалды шамасы?
Темір құрсау,
Шынжыр тормен басқыншы
Шырман алып
Таусылған ғой шарасы.
Барлық малды
Сыптырып ап өкімет,
Қурап қалған
Қазан, ошақ, қорасы.
Қайтеді енді
Малмен ғана күн көрген
Аштан өлмей
Көшпендінің баласы?

Батырлығын
Бар өлемге білгізіп,
Бабалары
Откен билік жүргізіп,
Қайран елім,
Қалай ғана жат жұртқа
Миллиондал
Қойды өзін қырғызып?

Бодан болып
Бөгде жұртқа бағынып,
Жандаралға
Жан қалар деп жағынып,
Құдайсыздар
Қауымына ілесіп,
Өз жолынан,
Тәубасынан жаңылып,

Кім біледі
Күнәрларлық қылды ма?
Күн көсемге
Тас құдайдай табынып,
Көрнектісін
Кәмпескелеп айдатып,
Киелінің
Назасына шалынып,
Астан-кестен
Аума-төкпе заманда
Ақыл-естен
Айырылып, қағынып,
Ақырында
Ұрынды кеп аштыққа
Арандатқан
Айлакерлер жабылып!

Ақылдының
Шектен шығып құлышы,
Аңқау елді
Аштан қырса сүмдышы,
Тағдыр бірақ
Оңдырган жоқ оларды
Кездестіріп
Қанды көбік жындыны!

Десек тағы
Ақыл-ойлы, саналы,
Көп ұлттардың
Көкірегі жоғары,
Керек қылмас
Қасиретін басқа елдің
Уақыты жоқ...
Жанталасқан қофамы.
Миллиондал
Аштан өлді халықтар,
Қане, кімге
Нахақ қаннның обалы?

Өшкен елді
Кім түгендер баспа-бас?
Есте сақта,
Ескерткішін тасқа бас!
Елестетші
Қалғандарды көзіңе
Айдалада,
Аяздарда
Аштан аш!

Тойынғандар
Жойылғанды ұғар ма,
Басқа түссе
Сондай іске шыдар ма?
Боздақтар-ай,
Қандай күйде болды екен,
Ақтық демі
Кеудесінен шығарда?!

Кетпес, сірә,
Көшкен өмір текке құр,
Жетер бәрі
Тұп-тұбінде шекке бір,
Есеп берер
Құннің күтіп кезегін
Құрбандардың
Өлмес рухы көкте жұр!

VI

Откен тарих... Ұрыстікі?
Сауық-сайран? Жұмыстікі?
Босқа кеткен уақыт деген
Дұрыс? Бұрыс? Прустыкі?

Тірі жанмен теңеспеген,
Өктемдікпен өңештеген,
Тәкәппарлар кердең қағып
Ешкіммен де кенеспеген.

Содан ба екен Шопенгауэр
Дүниені елес деген.

Елді билеп алдауменен,
Жерді илеген жалмауменен,
Шындық айтқан саналыны
Асып, атып, қорлауменен,
Дүлей билік қай мұратқа
Жетпек екен ойранменен?
Содан ба екен, атам қазақ
Дүниені жалған деген!

Соқтыруы құйынды отқа
Қанқұйлыға қыын боп па,
Орнатамыз әділдік деп
Езіп елдің миын ботқа,
Қылы-қылы тағдырларды
Құрта салу қыын боп па?
Мұнай құған мұндарларың
Үймелейді тиын-боққа,
Тайраңдаған жалмап-жайпап
Мұндайларға тыйым жоқ па?

Қасиреттің тереңінде
Тұнған сыр бар өреліге.
Қан майданға балалары
Кетерде ана өбеді де:
«Жауды аямай жеңіп қайт» – деп,
Тілеп, бата бергенінде,
Дәл өзіңдей аналарды
Зарлатып кел дегені ме?
Ой жүгіртіп көрді ме екен
Қызыл қанды төгеріне,
Қырып-жойып басқа жұртты,
Баласы аман келеріне,
Белшесінен қанға батып
Бақыт, қызық көреріне,

Өділет деп, ақиқат деп
Шыныменен сенеді ме?

Ардан аттап өткен дәйлер
Жер тағдырын шешкендей ме.
Тіршіліктің тұп-тамырын
Қас қағымда кескендей ме.
Дажал бомба жасағанда
Нені ойлады Оппенгеймер,
Хиросима, Нагасаки
Күл бол ұшып кеткендей ме.
Жойылудың шет-шегіне
Шерлі адамзат жеткендей ме?!

VIII

Ат ойнатып
Тыныш елдің жеріне,
Бөліп-жарып
Тұр-түсіне, тегіне,
Ары қарай
Не болады, ал енді
Ошпендиңік
Жеткен жоқ па шегіне?!

Жер серіктер
Кеңістікте неғып жүр?
Жұрт шошынып
Шыбын жаннан безіп жүр.
Планетаны,
Шырман алған вирустар,
Ракеталар
Арлы-берлі кезіп жүр.

Іштен тынып
Полигондар, атолдар
Дайын жатыр
Жарылғалы атомдар.

Бөлінбесті
Бөлшектеудің зардабын
Бір-ақ сәтте
Тартқан жоқ па жапондар?!

Супермендер
Спецназдар бүгінде
Бөлеп-ақ тұр
Жердің жүзін дірілге.
Бірі жарып,
Бірі мінген кемені
Тұнық суды
Лайлас айлы тұнінде,
Қанша халық
Харап болды тұншығып,
Теніздердің,
Мұхиттардың түбінде!

Не көрінді
Кеуде соғып, есіріп,
Адамға адам
Соншалықты өшігіп,
Уға беккен
Жаралы жер бетінде
Басқа шаруа
Бітті ме өлде шешіліп?
Жер сілкініп,
Дауыл соғып, күн ысып,
Мұзың еріп,
Озон жатыр тесіліп.
Өзіңе өзің
Қиянат қып келесің
Бір-біріңің
Өміріңді өшіріп.
Өзінді өзің
Жем қылмақсың қалайша
Өзің ашқан
Сұмдықтарға қосылып?

Күйіп-піскен
Көңілдегі кегінді
Компьютерге
Киберлерге көшіріп?!

Милау қылып
Даңғазамен даңғырлақ,
Өнінді улап,
Мәнінді үрлап,
Жанды улап,
Пайғамбарды
Мазақ қылып малғұндар,
Құдайға да
Тіл тигізіп «қалжындал»,
Арсыздықтың
Шектен шыққан түр-түрін
Экраннан
Лақтырады ырбындал,
Аз емес қой
Балалар да ақкөnl
Саған еріп
Азып-тозған тырбындал,
Өздерін де,
Озгені де аямай,
Сөзге келмей
Зиян жасап,
Қан қылмақ!

Зомбылықтан,
Зомбилаудан заманды
Зұлымдықтың
Зәрі жерге тараалды.
Жау-жарагын
Жалақтатқан «жақсылар»
Жөндейміз деп
Қырып-жойды «жаманды».
Жүгендік
Жоймасын де Жер шарын,

Адамзат боп
Ойла одан да аманды.
Жер-Ананы
Сақтау үшін жұмылып,
Жарасыммен
Жұмса қайрат, амалды.
Айтыс, тартыс,
Жолынды ізде,
Тек қана,
Ей, адамдар,
Өлтірмендер адамды!

Зөузатынан
Өшер ме екен қан дағы,
Қандай болар
Көрешегің алдағы?
Қайта оралып
Соғар түбі өзінді
Жұртқа істеген
Жамандықтың салмағы.
Қияметке
Кетпейді деп қиянат
Айтушы еді
Біздің елдің шалдары!

Жетіп түр ғой
Жер мен көкке зейінің,
Неге сонша
Тарылады пейілің?
Ай-әлемді
Құтқарса тек құтқарар
Иман, үміт,
Ізгілік пен мейірім!

Тағылықтан
Тамыр жайған мұз ғұрып,
Тартса-дағы
Мың құйтырқы, жұз қылыш,

Адам қылып
Сақтап қалған адамды
Өмір мәні,
Көңіл нәрі – ізгілік!
Тіршілікті
Қалтыратса ызғырық,
Қатыгездік
Айлағында жүздіріп,
Құбыжық бол
Мұлде құрып кетер ме ек
Жер бетінде
Болмаса егер ізгілік!

IX

Сырынды айтшы, дүние,
Сырганап қайда баrasың?
Зауалға батқан заманның
Таптың ба опа, дауасын?

Шынынды айтшы, адамзат,
Асығып қайда барасың?
Ажалдан басқа алдыңда
Асуды қандай табасың?

Түсінбей қойдым, амал не,
Немене жүрттың қуғаны?
Алдамшы елес секілді
Даңғаза мақтан думаны.

Шүкірлік қылмай тәңірге
Табысты қуған толағай,
Адамнан асқан бар ма екен
Араны толмас қомағай?!

Жер-Ана – ортақ үйіміз,
Кім оны сонша улады?
Не болар екен алған соң
Ақырғы түйір уранды?

Тәүбага келу қын-ды,
Ұмытқандарға құдайды.
Қайтеді екен жұтқанда
Ең соңғы тамшы мұнайды?

Тынар ма екен көнілі
Ақырғы дәнді сатқанда,
Қуырып отқа Жер шарын
Ең соңғы жанды атқанда?

Тыйылар ма екен жын ойнақ
Дүние – жарық сөнгенде?
Қиналар ма екен жанды ойлап
Қиямет қайым келгенде?

Уайымдал Жердің тағдырын
Қандай деп алда көресі,
Сабырмен тәуба қыласын,
Ие деп құдай, төреші!

ҚӨККЕ АТЫЛҒАН ҚӨКБӨРІ

Қайтпай келген
Ештемеден беттері,
Диірменді
Үйіргендей лептері,
Вертолетпен аңға шықты бір күні
Бір топ дөкей
Диу құсап көктегі.

Ен далада
Еркін жүрген еркелеп,
Тұз тағысын қуалады
Желкелеп,
Тар-тар етіп
Заманасын тарылтты

Төбесінен
Төніп алып вертолет.

«Мықты болсаң,
Көзdemей-ақ нақтап ат!»
Дейді,
Кезек сақылдатып автомат,
Жұтады кеп арасында вискиден
Мергенсің деп бірін-бірі мақтап ап.

Оқпен тесіп көк желкесін,
Бүйірін,
Қанға бояп
Кең даланың қырын,
Жанталаса қашқанымен
Құтқармай,
Қырып салды
Көкбөрінің үйірін.

Адам неге
Қанға құмар?
Айтарға
Тіл жетпейді...
Ал өздері байқар ма?
Жылыстады
Жараланған көкбөрі
Қары қалың
Үңғыл-шұңғыл ойпаңға.

Ай-күндері
Туғандай боп оңынан,
Қызыл қанды
Сорғалатып қолынан,
Шайқалақтап,
Сай қуалап,
Қиқулап,
Көкбөрінің
Құды келіп сонынан.

Жерге тақап,
Бір қырындаپ,
Ағындаپ,
Арлы-берлі
Өтеді атып,
Тарылдаپ...
Қансыраған
Жалғыз бөрі
Құрт тоқтап,
Қарды қауып
Алды бір сәт дамылдаپ.

Содан кейін
Көкке көзін қадады,
Ашу-кегі
Аспан, жерге тарады.
Өлім тілеп
Өлерменге өштескен
Ырылдады ол,
Борандатып даланы!

Кеудесіне
Сыймай соғып жүрегі,
Тырнақтары
Қарға қарыс кіреді.
Көктемірді
Бір тигізші қолыма,
Деп тәңірден
Жылап тұрып тіледі!

Бұлтқа асылып
Шығып алған басына,
Тарылдақты
Келтірші деп қасыма,
Шырқырады
Шыбын жаны шын тілеп
Азуларын қаршылдатып,
Ашына!

Түкірігі
Тесіп өткен от-пері,
Саған қылар
Қайрат, амал жоқ па еді?
Көктен түскен
Көктемірге кектеніп,
Көкке шапшып
Атылды кеп көкбөрі!

Айналмалы
Қалақшасы зырылдаپ,
Бастарына
Қонғандай-ақ бүгін бақ,
Өр аңшылар
Мазақтайды қасқырды
Қаны қайнап
Шапшып тұрған ырылдаپ.
Кім біледі
Қандай түлен тұртіпті,
Өлде, бөлкім,
Аң киесін үркітті?!

Құлап түсті
Қас қағымда салдырлап
Қалағымен
Қағып кетіп күртікті.

Азуларын қайрай берді көкбөрі,
Ашу-кегі қайнай келді көкбөрі,
Қарға батқан
Қас жауына мініп ап
Көктемірді шайнап өлді көкбөрі!..

ҚЫР АСТЫНДАФЫ ҚҰЛЫН

Ойпаң жердің
Сыздай шебін
Жалаңаяқ далада

Басып келем
Елестегі
Үқсап ерке балаға,
Шегірткелер шыр-шыр етіп,
Ала қанат көбелек
Көлбендейді...
Жарты ғасыр
Өтпегендей арада!

Көбелектер...
Көмкөрілген,
Қандай ғажап көрікті ең,
Шегірткенің шырылымен
Көбелектің
Билегенің көріп пе ең?
Көлп-көлп етіп,
Ала қашып
Алабұртқан көңілді
Алуан түрлі сөнмен алдаپ,
Төңкөріліп желіккен,
Қанатымен қағып өтіп,
Шақырады жарысқа,
Жүрек тулас,
Қызғанмен қан,
Баяғыдай қуа алмаймын
Неліктен?! .

Тұған жердің
Жұпар иісі
Құрсіндіре береді,
Өткен күннің
Өшпейтін бір
Естелігі көз алдыма келеді...
Бала құнім,
Қырға шықтық
Әке-шешем, үшеуміз.
Көктем туып
Сарғалдақтар

Шешек атқан кез еді.
Гүлдің иісі,
Шөптің иісі,
Жердің іісі аңқиды,
Кеудең толып,
Көңіл шалқып,
Дүниені кезеді.

Қырда біздің биеміз жұр
Шідерлеулі,
Қосақталған құлыны,
Таусылмайтын қызық маған
Құлышақтың қылығы.
Құшақтасам,
Тұмысығымен тұрткілейді
Бүйірімді қытықтап,
Жал-құйрығы бүйра-бүйра...
Көзі – көлдің тұнығы!

Өкем күліп
Көк биенің басын сипай ұстады,
Күрпілдетіп
Көк шелекке шешем саяу бастады.
Аппақ сүттің
Көбігіне
Көз ала алмай қараймын,
Саумал іісі аңқығандай...
Құлын тулап,
Мені сүйреп қыстады.

Емгісі кеп
Енесіне
Үмтүлғанын байқадым,
Сонда-дағы
Жібермеймін,
Жер табандап тартамын...
Әке, шешем көкжиекке
Қарағанда күн сала,
Шелекті әкеп

Құлымның
Тұмсығына тақадым...

Мамам үрсып,
Қымызды айтып
Жұлып алды шелекті.
Әлі күнге құлағымда
Құлген даусы папанын...
Кітаптағы
Қызыл өскер
Орыстарға еліктеп,
Жирен қасқа құлышақты
Мен Орлик деп атадым!

Құлышақты
Бір қуаныш, құт көрдім,
Ата-анам да
Талабымды құп көрді.
Бағып-қақтым,
Жал-құйрығын
Сипап, тараң мәпелеп
Жем жегізіп,
Бөтелкемен,
Емізікпен,
Сұт бердім.

Аңыз болған өткендердің
Ойға оралтып өрлігін,
Елестетіп
Ел қорғаған
Батырлардың өрлігін,
Кең даланы дүбірлетіп
Емін-еркін еркелеп,
Ойға, қырға
Орғып-орғып
Ойнап өсті Орлигім!

Көп жылқының ортасынан
Шауып келіп тұратын,

Қойыныма жұмсақ жылы
Тұмсығын кеп тығатын,
Ерінімен алақанды аймалап
Сүт дәметіп саусағымды соратын.

Құлышағым
Өсіп, малдың
Болды жүйрік ардағы,
Құйғытқанда
Бұрқырайды
Ен даланың шаңдары.
Ай-хай, шіркін,
Балалық шақ алаңсыз,

Бақыт күтіп
Құнгे ұмтылған алдағы...
Суга кетіп
Оқудағы жан ағамыз Мейрамбай
Сол бір жазда
Біздің өулет
Жоқтау айтып зарлады.

Он тоғызыда опат болды,
Тоқтап арман-көшіміз...
Ойран болды
Жан дүние,
Жүрек, ақыл, есіміз...
Қап-қара боп
Сөнді жарық күніміз...
Қасіретпен
Кан жұтқызды түніміз...

Құңғірт тартып буқіл өмір,
Кең дала мен төңірек,
Жай түскендей
Бір-ақ сәтте қала бердік зеңгіреп.
Ағайынмен өкем барып
Алматыдан өкеліп,
Алты күнде
Ақтық жолға
Аттандырдық еңіреп.

Сүйеу болды
Біз бейбақтың
Құлағанда арысы,
Қолдан-қолға
Көтерісп
Елдің жас пен көрісі,
Зар мен сабыр...
Құлағымнан әлі күнге кетпейді,
Жоқтау айтқан анашым мен
Иман айтқан молдалардың дауысы...

Уақыт өтті...
Ес жигасын есептерін түгендер,
Әке-шешем ойға батты
Қарыздарын берем деп.
Басқа мал жок,
Сойып сатса Орликті
Жабады екен бар шығынын түгелдер,
Ата-анама болмайды деп
Жыламсырап мұң шақтым,
Тағдырына
Тұлпарымның елеңдер,
Анам жылап
Бір сипады басымнан,
Қайтейін деп күрсінді әкем,
Әжімдері терендер...
Аштықты да,
Соғысты да,
Бейнетті де жеңгендер
Ойлап па екен
Мұндай қайғы көрем деп...
Амал қанша,
Басқа жол жок...
Бірақ та,
Айта алмадым
Мен бұл іске көнем деп.

Тұніменен
Әр нәрсені алдым дейсің ойыма,

Тартсам деуші ем
Батырлардың сойына,
Тұлпар мініп,
Ту ұстасам деуші едім,
Марқұм ағам мазақтайтын
Қарап ал деп бойыңа,
Өсем әбзел-тұрман салып төгілтіп
Барсам деуші ем
Қалың елдің тойына,
Енді, міне,
Ертең соймақ атымды,
Өзімді-өзім қайраймын кеп,
Мойыма,
Мініп алыш
Жер түбіне қашып кетсем қайтеді,
Иесіз арал...
Тау менен тас,
Орман, тоғай қойнына?! .
Вір жағынан,
Жүдеу, жадау
Ата-анамды аяймын,
Темір заман таршылығы
Көне қоймас ойныңа...
Ертеңіне
Алып келді ойнақтаған Орликті
Балуан тұлға жылқышылар
Қыл арқан сап мойнына!

Езуінен қан бұрқырап,
Қып-қызыл бол
Көлдей тұнық жанары,
Қыл арқанмен арпалысып,
Шыңғырды да,
Кенет маған қарады,
Қарады да тына қалды...
Мен де тұрмын қалшиып...
Кім біледі
Еске алды ма жануар,
Еркін жортқан даласы мен
Еркелескен баланы...
«Тоқта, тоқта!
Тоқтапшы, аға!»

Деп үмтыла беріп ем...
Жарқ етті де
Өткір пышақ
Орып түсті...
Тамағын!..

Көрген кісі бір қарайтын қызығып
Құлтеленген қүйрық-жалы сүзіліп,
Кете барды бір күрсініп
Көк жайлауга жануар,
Менің дағы көңілімде
Кетті әлдене үзіліп...

Бұл бір тарих,
Бастан өткен, көз көріп,
Тағдыр сырын сездік,
Бөлкім, сезбедік...
Тұған жердің
Ой мен қырын аралаймын сағынып
Ойпаң басқа,
Ой да басқа,
Өңір кеткен өзгеріп.

Бір-бір жұмбақ
Әр адамның көңілі,
Қатпар-қатпар
Қазына гой өмірі...
Жел сипаса
Жұп-жұмсақ боп тиетіндей бетіме
Жирен қасқа құлыншақтың еріні!

Қарасаң да талай жылдар
Қуанып та,
Мұндана,
Тебіренте берер бізді
Сырға толы бұл дала...
Кейде маған елестейді
Кетіп бара жатқандай
Қыр астында
Құлдыраңдаپ
Бір құлын мен бір бала!

МАЗМУНЫ

ӨЛЕНДЕР

Бала күнгі жүлдышдар	3
Жер-Ана, жолдан айныма!	5
Шукірлік	7
Заңдылық	7
Екі жол	8
Қайран елім	8
Қазақтың баласымын	9
Жылым – жылқы...	10
Ақын	11
Іш пен сырт	12
Жұмбаққа толы дүние	13
Басыңды көтер..	14
Шаршадым деме...	16
Өмір сынағы.....	16
Бір-ақ сөз.....	17
Күйіп-піспе	19
Сабыр.....	19
Шың	20
Шелейттегі дарақ.....	21
Немір мен өмір	22
Тарихты қопару	24
Заңғарлар	26
Менің атам...	27
Ата мен арқа	28
Айналайын аналар	29
Балдырған	30
Ескі үйдің орны	30
Ауылдың ақ самалы	31
Қара қазаққа мадақ.....	33
Дәрігер	34
Мұғалім.....	34
Өзін жеңген.....	35
Жастарға сұрақ	35
Ражайып күй	37
Сен ешқашан өзгерме	37
Айдай балқып...	38
Кеңестік.....	39
Жан жылуын сеземін	40

Ару мен арба	40
Айтылмай қалған сөз	41
Қымыз қүйған қыз	41
Манас жыры. Қырғыздан келген хат	43
Невада – Семей. Қомызшы қыздың қүйі	45
Ақ халатты ару	46
Ару мен ақ қайың	49
Аңсау	50
Қанат	51
Ерлік пен ессіздік	52
Батырлар жыры	53
Жоғалмайды ана тілім	53
Сарын	54
Домбыра	55
Даңғылдар	56
Қазақ өлеңі	57
Қазақ пен компьютер	57
Каратә мен қара өлең	58
Өнерпаз	58
Мойындауды мойындамау	59
Қағида мен қара өлең	63
Бұқар жырау мен Бродский	65
Әтіріктің аты – әтірік	66
Үйірлі әтірік	66
Шыңдық	68
Сөз бен іс	69
Көшө тазалаған кіси	69
Біздің заманның геройы	71
Бір үш күн...	72
Тұман	73
Өз ісім	73
Әкпе	74
Түркістан	75
Ескерткіштер	76
Неге сонша?..	76
Жәңіс пен жәңіліс	77
Сатты ма досың...	79
Досын жоқ па...	80
Ешкімді ешкім түсінбейді	81
Жалғыздар	81
Тіршілік айналымы	82
Тамшы	83
Монша	83

Кеуде керіп...	84
Дұние кең	85
Қорықпа өлімнен...	85
Адастырмас темірқазық.....	86
Сәресі.....	87
Күзгі бақ	88
Көкше. Қысқы орман	88
Сырлы Көкше.....	89
Қарағай	90
Самырсындар	91
Ай Көкше	91
Жұмбақ жер	92
Көшкен бұлт. Қөңіл	92
Аспан	93
Қиялым кезеді ғаламды	94
Аппақ қар	94
Әр адамның әлемі	95
Өмірдің өзі...	97
Өмірдің заңы – өту, заты – жұмбақ...	99
Қысқа қайырымдар.....	100

ЖЫРЛАР

Аңыз бен архив және аспан	117
Пайғамбар мен қаһарман	119
Айқөл Манас пен Ер Көкше	121
Байғозының жебесі	130
Тама Есенттің табаны	136
Керей Ер Жәнібектің көңілі мен көк дөнені	137
Олжабай батырдың өркені.....	141
Марал ишаниның аманаты.....	145
Айғанымның айласы	148
Ағайынның өкпесі	149
Балуан Шолақ пен Иманжүсіп	151
Жел сыйырлаған шындық	157
Салық молданың өсиеті	160
Жәкежан болыстың жайсандығы	161
Молда мен НКВД	162
Оспан батырдың марапаты	164
Әбсәләм қажының жауабы	165
Жыраудың жыры	167
Манас пен Мұхтар Өуезов	168

Кедейден шыққан кеменгер.....	183
Зерлі сөздің мергені	185
Қоңыратбаевтың қоңырауы.....	188
Мәліктің мейірімі	189
«Жас қазақ» әні. Төлеген мен Рамазан.....	199
Жұмабек батырдың жүлдзызы	201
Өткеннің өнегесі	208
Ескі қыстаудағы ертегі	213
Қызыл қаулы мен қызыл сиыр	214
Әпшү мен аупартком	216
Гүлбанудың биіктігі	219
Айқынның Айдыны	226
Жарықтық Faфекең	228
Тұрыснбектің дархандығы	230
Әбілсейіттің көргенділігі	232
Бекет атанаң үйі	234
Шәймерденнің құрбандығы.....	237
Фарыш қазағы	238
Сауал мен сауап	244
Ән үзілмесін	245
Чак-чаги.....	246
Ағамен сырласу	248
Мұстафаның мұны	250
Қайта туған қазақ	253
Еркетай Жомартовтың жомарт көңілі	256
Қария мен қарлы шың.....	258
Оразада қайтқан өже	260

ПОЭМАЛАР

Тәксидегі тағдырлар.....	262
Қиянатқа қарсылық.....	280
Көкке атылған көкбөрі	305
Қыр астындағы құлын	308

Баянғали Әлімжанов

ШЫҒАРМАЛАРЫ

Шексіз ғалам, мен сенің бір бөлшегің...

I том

Өлең-жырлар мен поэмалар

Редакторы *Ботагөз Мұхиден*
Техникалық редакторы *Әльмира Заманбек*
Көркемдеуші редакторы *Женіс Қазанқапов*
Корректоры *Аяужан Рысқұлқызы*
Компьютерде беттеген *Ақерке Сқақова*

Басуға 18.04.15 қол қойылды.
Пішімі 60x90 $\frac{1}{16}$. Қағазы оғсеттік. Оғсеттік басылыс.
Шартты баспа табағы 20,0.
Тапсырыс №0045. Таралымы 2000 дана.

«Фолиант» баспасы
010000, Астана қаласы, III. Айманов к., 13

«Фолиант» баспасының баспаханасында басылды
010000, Астана қаласы, III. Айманов к., 13